Бірге ішіп жіберейік, сол кезде көңіл күйің де өзгереді

Мәжбүрлеп болғысы келмеуі

Сен менің жүріп жүрген қызымсың, сондықтан да менің айтқанымды жаса, әйтпесе саған жақсы болмайды!

Осы адамды жақсы көретініне әлі сенімді емес

Сенде ондай басқа амал жоқ

Өмірлің жағдайда туындауы мүмкін неғұрлым көп ықтимал себептерді қамтуың қажет.

Жастарға жыныстық өмір сүрудің саналы кеінге қалдыруы ақылды

11. «Кішкене жүректер» ойыны

Оқытушы қатысушыларға жыныстық қатынассыз махаббаты білдіру түрлерін ойластырып, айтып беруді ұсынады.

Қатысушыларға түрлі түсті қағаздан қиылған шағын жүрекшелер таратылады, әрбіреуіне осы жүрекшеде өз ұсынысын жазады. Сосын барлық жүрекше флипчартқа бекітіледі, ондағы сөйлемдер дауыстап оқылып, ұжыммен талқыланады. Жауаптардың ықтимал нұсқалары: гүлдер, өлең жолдары, кездесу, қол ұстасу, сүйю, дискотекаға бару, кинофильмдер қарау және т.б.

12. Ұжымдық жұмыс.

Оқытушы тақтаға сөйлем жазады «Қауіпсіз секс – бұл ...» Оқушыларға фрзанаы аяқтау және өз нұсқасын таратылған қағаз парағына жазу ұсынылады. Сосын Оқушылар өз қағаз беттерін түтік қылып орап, оларды «тренингі шеңберіне» ортаға тастайды. Оқытушы жауаптарды араластырып, оқушылардан бір оралған бірақ басқа қатысушының түтікшесін алуды сұрайды. Оқушылар тандалған жауап нұсқаларын оқиды.

Қауіпсіз секс - бұл презервативті пайдалану ғана емес, алдымен, жыныстық қатынастарды шегеру және жыныстық серігіне адал болуын сақтау болуына назар аударыңыздар.

13. Жеке жұмыс. Жаттығу «келісемін-келіспеймін».

Оқытушы әр оқушыға «Тәуекел бағасы» кестесін таратады, оны толтыруды сұрайды. Сауалнама нәтижелері бойынша оқушылар өз бетімен - Мен өзімді жауапты адаммын деп санай аламын ба? Сұрағына жауап бере алады .

«Иә» бағанынан белгі қою қажет, егер сіз келтірілген қабылдаумен келіссеңіз, «Жоқ», және «?» бағанында, егер жауап беруге қиналсаңыз
«Иә» - 3 ұпай, «Жоқ» - 2 ұпай, «?»-1 ұпай

Иә	Жоқ	?	Мақұлдау
			1. Мен өз денсаулығымды ойлаймын (мысалы, шылым шекпеймін, есірткі қабылдамаймын)
			2. Мен АИВ мен ЖЖЖИ қалай берілетінін және өзімді жұқтырудан қалай қорғау керектігін білемін
			3. Менім осы өмір кезеңімде сексуалды қатынастар болмайды
			4. Егер мен ауырып қалып, инъекция қажет болса, мен тек біржолғы шприцтерді қолданамын
			5. мен жыныстық қатынасқа түсуім керек деп шешкен кезде, мен презервативті пайдаланамын
			6. Мен секспен айналысуды шешкен кезде, менде тек бір сексуалды серік болады
			7. Егер мен АИВ немесе ЖЖЖИ жұқтырған болсам, я мен бұл жөнінде ата-анама айтушы едім
			8. Мен татуаж, пирсинг және т.б. арналған зарасыздандырылмаған құралдарды пайдаланбаймын.

Жиынтық көрсеткіш ----- ұпай

Жауапкершілік көрсеткіштері:

21-24 ұпай - өте жауапты

18-20 ұпай – жеткілікті жауапты

14-17 ұпай - белгілі бір дәрежеде жауапты

10-13 ұпай – онша жауапты емес

10 ұпайдан кем - сіз қатерлісіз!

14. Ис-тәжірибелік дағдыларды жасау – әртүрлі өмірлік жағдайда «жоқ» деп айта білу.

Оқытушы оқушыларға достардың біреуі болсын олар жасағысы келмейтінді жасауды немесе олардың ойлары бойынша жақсы емес аяқталатын жағдайды еске түсіруді, осындай кезде қалай сезінуін айтып беруді ұсынады. Оқытушы бірнеше тілеушіден бұл жөнінде айтуын сұрайды. Сосын ол оқушыларға проблемалық жағдайға түспеу үшін олар не істеуші еді деген сұрақ қояды.

Оқытушы оқушылардың назарын олар сөйтіп келеңсіздіктерді болдырмау әдістерін табуға аударуға сілтейді. «Жоқ» деп айтуды білуге ие болу маңызды екендігін түсіндіреді

«Тиімді бастарту дағдыларының» бес қадамы ұсынылады:

- 1 кадам – Жағдай бойынша сұрақтар қойыңыздар («Не..?», «Неге..?» және т.б.)
- 2 кадам - Осы жағдай қауіптілігін анықтаңыздар («Бұл ...»)
- 3 кадам – Қандай зардаптар болатынын анықтаңыздар («Егер мен осыны жасасам ...»)
- 4 кадам – Альтернативаны ұсыныңыздар («Оның орнына, неге бізге ...»)
- 5 кадам – Ары жүр, бірақ артыңнан есікті жаппа. («Егер сен өз пікіріңді өзгертсең...»)

15. Сабақ қорытындысын шығару.

Сабақ мәресінде оқытушы қорытынды жасап, Оқушылар өздеріне жаңа не алды деп сұрау?

Бұл үшін ИДУ әдістемесі қолданылады. Қатысушылардан тренингі кезінде еске сақтаған үш негізгі ережені және осы тақырып бойынша олар жасөспірімдермен жоспарлайтын үш шешуші шараны жазуды сұрайды.

Қорытындысында оқытушы тағы да бір рет оқушылардың назарын адам қауіпсіздігі тұтас және толықтай өзіне, құқықтары мен міндеттерін, белгілі бір өмірлік жағдайда ережелер мен тактиканы білуіне байланысты болуына аудартады.

«Адамдарға тәжірибесіне, адам табиғатына негізделген, санасындағы адами мораль қажет» Клод Адриан Гельвещий.

Модуль 4.

Инфекциялық аурулар

Сабақ 4.1

Инфекциялық аурулар.

Мақсаты: Оқушыларды инфекциялық аурулар түрлерімен, инфекция берілу механизмдерімен және организмнің қорғаныш функцияларын нығайту бойынша шараларымен таныстыру .

Міндеттері:

1. Инфекциялық аурулар түсінігін беру және олардың жіктелуі.
2. Инфекциялық аурулар белгілері мен олардың берілу жолдарын көрсету.
3. Инфекциялық аурулар таралу жағдайында жеке қауіпсіздігі ережелерін әзірлеу.

Шешуші түсініктер: инфекциялық аурулар, инфекция көзі, берілу механизмі, эпидемия, пандемия, инкубациялық кезең, инфекция тасымалдағыш, профилактика, иммунитет.

Сабақ өткізу әдістері: жалпы пікірталас, ой-талқы, шағын дәріс, топтарда жұмыс жасау, іс-тәжірибелік жұмыс, шынығу үзілісі.

Жабдығы және материалдары:

Флипчарт, маркерлер, бумага А4, мультимедиапроектор, таратпа материал, сөзжұмбақ.

Сабақ барысы

1. **Оқытушының кіріспе сөзі**, онда ол сабақ тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін хабарлайды.
2. **Шынығу үзілісі. Жаттығу «Тізбек».**

Оқушыларға тапсырмалары бар парақтар таратылады. Парақты ешкімге көрсетпей тапсырманы орындау қажет. (Бір парақта «О» әрпі және «Үш қол жинап ал» тапсырмасы, бірнеше парақтарда «Үш қол жинап ал» тапсырмасы, екі парақта «Ешкімге ештеме түсіндірме, қол қойма» тапсырмасы). Одан кейін, оқушылар тапсырмасын орындаған соң, оқытушы өз парақтарына қарауды және кімде «О» әрпі барларды тұруын сұрайды. Бұл адам ОРЗ ауруымен ауырады. Сосын осы адаммен араласқан адамдар тұруын сұрайды. Осы адамдармен араласқанды тұруын сұрайды. Ешкімге ешқайда қол қоймаған, яғни ешкіммен сөйлеспегендерден өзгесінің барлығы тұрады. Оқытушы сұрайды: «Айтыңыздаршы, өмірде араласпауға бізде мүмкіндіктер көп пе?»

Енді деніміз сау екенін еске түсірейік, қолды сүртіп, қызыл затқа қолдарыңызды тигізіңіздер.

3. Ой-талқы. Инфекция және инфекциялық аурулар түсінігі?

Сұрақтар: Инфекция деген не? Инфекциялық аурулар деген не?

Оқушылардың барлық жауаптары флипчартта жазылады.

Сосын оқытушы оқушылармен бірге дұрыс жауаптарын талқылап, анықтамаларын түсіндіреді.

4. Шағын топтарда жұмыс жасау.

Оқытушы оқушыларды үш топқа бөледі.

Топтар тапсырма алады, келесі сұрақтарды талқылап, жауап беру керек:

Бірінші топ – адамның енгізгі инфекциялық аурулар жіктемесін атау?

Екінші топ - инфекциялық ауруларды атау?

Үшінші топ – берілу жолдарын атау.

Оқушылардың жауаптары флипчартта жазылады.

Сосын әр топ өз еңбектерін көрсетеді және оқытушымен әзірленген кестені толтырады.

инфекциялық аурулар тобы	Қысқаша сипаттама	Топқа кіретін инфекциялар
--------------------------	-------------------	---------------------------

Дайын толтырылған кесте үлгісі.

Инфекциялық аурулар тобы	Берілу жолдарының қысқаша сипаттамасы	Топқа кіретін инфекциялар
Ішек инфекциясы	Қоздырғыш несеп немесе зәр арқылы бөлінеді. Берілу факторлары ретінде ас, су, топырақ, шыбындар, кір қолдар, тұрмыстық жағдайдағы заттар болып табылады. Жұқтыру ауыз арқылы	Іш сүзек, паратиф А және Б, дизентерия, ас токсикоинфекциялар және т.б.
Тыныс алу жолдарының инфекциялары	Берілу ауа-тамшы арқылы жүреді	Грипп, туберкулез, дифтерия, қызамық, табиғи шешек және т.б.
Қан арқылы келетін инфекциялар	Қоздырғыш қан сорғыш жәндіктер шағынан беріледі	Бөртпе және қайталама сүзек, безгек, оба, туляремия, кене энцефалиті және т.б

Байланысты- тұрмыстық инфекциялар	Аурулар сау адамның аурумен тікелей байланыс кезінде беріледі, онда инфекция қоздырғышы сау органға өтеді. Берілу факторы жоқ	Жыныстық жолмен берілетін барлық инфекциялық тері- венерологиялық аурулар: сифнемесес, гонорея, хламидиоз және т.б, сондай-ақ, қышыма, зең инфекциясы
---	--	---

5. Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы: «Инфекциялық аурулар, симптомдары мен берілу жолдары».

Үлгілі мазмұны.

Инфекциялық аурулар деген не? Бұл сұраққа жауап бермес бұрын – инфекция түсінігіне анықтама беру.

Инфекция – бұл ауру келтіретін микроорганизмдер организмінде ену және көбею, ол инфекциялық аурулар дамуына, бактерия тасуға немесе микроорганизмдер жойылуына келтіреді.

Инфекция, нақтырақ айтқанда, терминмен белгіленетін процесс ерекше ауру түрі – инфекциялық болу негізінде жатыр.

Инфекциялық аурулар - бұл аурулардың ерекше тобы, белгілі бір тірі қоздырғыштармен болған: ауру келтіретіні бактериялар, қарапайым, саңырауқұлақтармен және жұқтырылған организмнен сау организмге беріледі және көпшілік таралуына қабілетті.

Ауру жүру ауырлығы, симптомдар және көбінесе ауру басы адам организмiне, оның физиологиялық ерекшеліктеріне, иммунды жүйелеріне тәуелді. Салауатты өмір салтын жүргізетін адамдар инфекциялық ауруларға ұшырауы кем және оларды сәттірек көшіреді.

Кейде инфекциялар тез таралып, сау организмді зақымдайды, бұл осы жерде ауру ақауын арттырады және бұл таралу **эпидемия** деп аталады.

Басқа сөзбен айтқанда, **эпидемия** бұл инфекцияның жалпы көздерімен байланысты және кәдімгі елеулі аурудан асып түсетін инфекциялық аурулардың көпшілік таралуы.

Бірнеше елдер немесе материктерді қамтитын эпидемия **пандемия** деп аталады.

Адамның негізгі инфекциялық ауруларының жіктелуін қарастырамыз.

4 түрі ажыратылады:

1. Ішек инфекциясы – оған сальмонеллез, вирустық гепатит А, дизентерия, холера (тырысқақ), ботулизм және т.б. жатады
2. Тыныс алу жолдарының инфекциясы - грипп, қызылша, қызамық, туберкулез және т.б.
3. Қан инфекциялары – безгек, бөртпе сүзек, оба, сары безгек және т.б.
4. Сыртқы жабын инфекциясы – қышыма, сіреспе, және т.б.

Барлық бұл аурулардың ортақ белгілері бар:

- Температура көтерілуі
- Қалтырау
- Дене қалжырауы
- Бас ауруы
- Жөтел
- Түшкіру
- Мұрыннан бөліну
- Құсу
- Сұйық несеп
- Іш ауруы
- Бөртпе

Бұл барлық белгілер аурудың белгілі бір кезеңінде айқындалады.

Инфекциялық аурулар үшін **аурудың даму келесі кезеңдері тән:**

- Инкубациялық (жасырын)
- Бастапқы
- Аурудың негізгі байқалулар кезеңі
- Ауру симптомдары сөну кезеңі (сауығу)

Әртүрлі кезеңдерде аурудың ретімен өтуін қарастырамыз.


– Инкубациялық немесе жасырын кезең жұғу кезінен аурудың бірінші симптомдары байқалуына дейін өтеді және бірнеше сағаттан (аспен улану) бірнеше жылдарға дейін (жынданған кезде) созылады.

– Бастапқы кезең әлсіздікпен байқалады (қалтырау, температура, жүрек айну, бас ауруы), бірнеше тәлікке созылады және қандай да бір нақты ауру үшін көрсеткіш емес.

– Негізгі байқалулар кезеңі деп, осы ауру үшін ғана тән симптомдар туындауымен байланысты. Бұл кезең сауығумен аяқталады, егер организм инфекция қоздырғыштарын не болмаса аурудың өлімін жеңеді.

– Симптомдардың сөну кезеңі негізгі симптомдар жоғалуымен сипатталады. Организмнің сауығуы аурумен бұзылған организм функцияларын толық қалпына келтіргеннен кейін жүреді. Егер олай болмаса, онда сауығу толық емес болып саналады.

ПУТИ ПЕРЕДАЧИ ИНФЕКЦИИ



(Инфекция жұқтыру жолдары: түшкіру, жөтелу, сөйлесу – инфекциялық аэрозоль, дем тарту, дефекация – тағам, су – тамақты, суды жұту, тасымалдаушымен қанды сору – жәндіктер, жануарлар – тістегу, зақымданған жасушаларды патологиялық бөлу – қоршаған орта заттары – жұққан заттармен байланыс жасау, инфекция көзі, жұқтыратын организм)

Инфекция берілу жолдары әртүрлі болады:

- **Фекальді – ауыз арқылы** – онда инфицирленген адамнан нәжістік материал сау адамның аузына түседі (нәжіс, құсу арқылы ---- кір қолдар---- ыдыс аяқ, азық түлік---ауыз---асқазан----ішек; осылайша дизентерия беріледі)
- **Ауа-тамшы жолы** – онда жөтелу, түшкіру және сөйлесу кезінде инфицирленген адамның аузы және мұрынынан сау адамға ауру қоздырғыштары бар сұйықтық тамшылары түседі (түшкіру ----дем тарту---жоғарғы тыныс алу жолдары, осылайша грипп, туберкулез беріледі)
- **Сұйықтық** – (қан соратын жәндіктер – сау адам, осылайша оба, бөртпе сүзек, безгек беріледі)
- **Байланыспен және байланысты-тұрмыстық** (төсек орын, аяқ киім арқылы зең ауруы беріледі)

6. Ой-талқы. Инфекциялық аурулардың инфекциялық еместен айырмашылығы.

Сұрақ: инфекциялық аурулар инфекциялық еместен қалай ажыратылады?

Оқушылардың барлық жауаптары флипчартта жазылады.

Сосын оқытушы оқушылармен бірге негізгі айырмашылықтарын талқылайды.

Оқытушы оқушылардың негізгі айырмашылықтарға, инфекциялық ауруларға назарын аудартады:

- Ерекше қоздырғыштар немесе микроорганизмдермен жасалады
- Науқас ауруды басқа адамдарға беруге қабілетті
- Қабылдамаушылықты – иммунитетті қалыптастыру
- Циклдігімен сипатталады

Сөйтіп, инфекциялық ауруларды тарату үшін үш шарт болуы қажет:

1. Инфекция көзі
2. Берілу механизмі
3. Қабылдағыш адам

7. Шағын топтарда жұмыс жасау.

Оқытушы оқушыларды екі топқа бөліп, бірінші топқа егер мекемеде немесе үйде инфекциялық аурумен ауыратын пайда болса, іс-қимыл алгоритмін талқылап және ұсыну тапсырмасын береді.

Екінші топ организмнің қорғаныш функцияларын бекіту бойынша шараларды талқылап ұсынуы тиіс.

Сосын топтар өз еңбектерін көрсетіп, оқытушы топтық жұмыс қорытындысын шығарады.

8. Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы: «Отбасы немесе оқу орнында инфекциялық науқас пайда болған кезде іс-қимыл тактикасы. Организмнің қорғаныш функцияларын нығайту».

Үлгілі мазмұны.

Ауруға күмәнданған кезде оқушыны нашар сезіну себептерін анықтауына дейін оқшаулайды.

Инфекциялық ауру айқындалған кезде дереу инфекция таралуды ескерту шаралары қабылдануы және бірден жедел жәрдемді шақыруы тиіс.

Науқастар жұқтырудың бүкіл кезеңінде оқшауланады; инфекциялық ауруға күдіктенген кезде – нақтыланған диагнозына қарай; науқаспен қатынаста болған – инкубациялық кезеңнің неғұрлым ұзақ болуына тең мерзімге.

Науқасты арнайы инфекциялық ауруханаға жібергеннен кейін барлық байланысты болған науқастармен профилактикалық әңгіме жүргізеді және қажетіне қарай санитарлық өңдеуді өткізеді.

Жалғыз инфекциялық ауру кезінде ауруханаға жатқызу міндетті, басқа – оқшаулау үйде жүргізу болып табылады.

Үйде оқшаулау кезінде науқасқа жеке бөлме немесе шымылдықпен бөлінген бөлменің бір бөлігін, ыдыс аяқ және басқа тұрмыстық құралдарды бөлу, зарарсыздандыру ерітінділерін пайдаланумен ағымды өндеуді жүргізу, күніне бірнеше рет бөлмені желдету қажет. науқастың тамақтануы жеңіл қорытылатын, витаминдерге бай болуы тиіс, молынан су ішу ұсынылады. Науқасты күтуді жүргізетін адамдарға ықтимал жұқтыру профилактикасының қажетті шараларын хабарлайды (марля бетпердесін кию, аурумен байланыста болғаннан кейін қолдарды жуу және т.б.).



(Инфекциялық аурулар профилактикасы: науқасты оқшаулау, науқастарды ауруханаға жатқызу, мақта-марля бетпердені кию, дезинфекция жүргізу, инфекция ошағы туындаған кезде – карантинді енгізу, антибиотиктер қабылдау)

Инфекциялық ауруларға адамдардың қабылдамаушылығы жоғарылауымен байланысты профилактикалық шаралар адам иммунитетін арттыруға бағытталған сауықтандыру шараларын көздейді.

Иммунитет — бұл организмнің ондағы қасиеттеріне ие инфекциялық және инфекциялық емес агенттер мен заттарға қабылдамаушылығы.

Ондай агенттер ретінде бактериялар, вирустар, кейбір өсімдік және жануардан шыққан улы заттар, және организмге онда басқа өнімдер болуы мүмкін.

Екі негізгі иммунитетті бөледі: туа біткен және пайда болған.

Туа біткен иммунитет басқа генетикалық белгілер сияқты ұрпақтан беріледі (мысалы, ірі қара малдың обасына қабылдаушылығы жоқ адамдар бар.)

Пайда болған иммунитет өткерген инфекциялық ауру нәтижесінде немесе вакцинациядан кейін туындайды.

Вакцинация — адам организмне әлсіздендірілген тірі немесе өлі микроорганизмдерден — вакциналардан арнайы препараттарды енгізу арқылы инфекциялық ауруларға қарсы белсенді иммунитетті жасау әдісі.

Ұрпақтан пайда болған иммунитет берілмейді. Ол организмге түскен немесе оған енгізілген белгілі бір микроорганизмге ғана жасалады.

Инфекциялық ауруларға профилактика үшін **иммунизация** мағынасы зор – инфекциялық аурулардың ерекше профилактикасы.

Иммунизацияға егу күнтізбесіне сәйкес келетін профилактикалық егуді жүргізу кіреді.

Иммунитетті нығайту үшін не істеу қажет?

Келесі нұсқауларды сақтау қажет:

1. салауатты өмір салтын жүргізу;
2. белсенді демалыс;
3. жаттығу;
4. еңбек және демалыс түзімі;
5. денені суық сумен сүрту;
6. жеке гигиена ережелерін сақтау;
7. витаминдерге бай ас қабылдау;
8. ықтимал жұқтыру ошағы бар тығыз байланыстардан алшақ жүру;
9. күйзеліс жағдайдан алыс болу.

9. Шығармашылық тапсырма.

Оқытушы инфекциялық аурулар таралу жағдайында жеке қауіпсіздік ережелерін әзірлеуді сұрайды.

Жауаптардың ықтимал нұсқалары:

- Азық түлікті жылумен өңдеу, ыдыс аяқты тұрмыстық химия препаратымен жуу және мұқият шаю;
- Ас қабылдау алдында және дәретханадан шыққаннан кейін қолды жуу;
- Көкөністер мен жемістерді қайнатылған суда жуу;
- Су тиген кезде науқасқа жеке ыдыс аяқ бөліп, зарарсыздандыру ерітінділерін қолданумен жуу;
- Уақытымен мед қызметкерлердің иммунизация бойынша нұсқауларын орындау (вакциналар, анатоксиндерді енгізу және т.б.)

- Мақта-марля бетпердесін киіп жүру;
- Күнделікті зарарсыздандыру ерітінділерін қолданумен бөлмені, ылғалды жинастыру;
- Тек қайнатылған суды ішу
- Азық түлікті сақтау және өткізу мерзімдерін қатаң қадағалау, саудаға рұқсат етілмеген жерлерде азық түлікті сатып алмау.

10. Материалды бекіту үшін қосымша материал.


Материалды бекіту үшін оқытушы бірнеше жаттығу жасайды.

“Шатасу” жаттығуы.

Сөйлемдерде сөздер орындармен ауысып кеткен. Сөйлемдерге бастапқы түрін келтіруге көмектесіңдер, ал бұл үшін сөздерді қажетті тәртіпте қойыңыздар.

1. Ауалы-тамшылы, ортасында, инфекциялар, аурулар, ең, грипп бұл, жұқпалы.
2. Науқас, көзі ретінде, болып табылады, инфекция, адам.
3. Организм, иммунитет, қабылдамаушылық, бұл.
4. Қолдар, ауру, дизентерия, кір.

Сөзжұмбақты шешу.



1. Ішек инфекциясы, кір қолдар ауруы.
2. Сапасыз тағамдарды қабылдаудан ауру.
3. Инфекциялық науқас пайдаланған барлық заттар мен тұрғын үйді өңдеу.
4. Иммунитетті жасау үшін инфекциялық аурудан инъекция (егу).
5. Бауырды зақымдайтын вирустық ауру.
6. Инфекциялық аурулармен халықтың бұқаралық ауруы.
7. Күшті қышыманы келтіретін инфекциялық тері ауруы.

Жауаптар: 1.Дезинтерия. 2.Ботулизм. 3. Дезинфекция. 4. Прививка (егу). 5.Гепатит. 6.Эпидемия. 7. Қышыма.

“Лото” жаттығуы.

Оқытушы еріктілерге «Науқасты күту ережелері» тақырыбына сұрақтар мен карталарды таратады. Ойын ережесі: оқытушы сұрақтарды оқиды, оқушылар дұрыс жауабын іздеп, өз картасымен жабады. Егер жауапты білмесеңіздер онда осы сұрақты өткізіп жіберіңіздер.

«Науқасты күту ережелері» картасына сұрақтар.

1. Науқас қандай тағаммен тамақтануы тиіс?
2. Науқас қаншалықты жиі дәрілер, микстураларды қабылдауы тиіс?
3. Күніне неше рет науқастық температурасын өлшеу қажет?
4. Науқастық бөлмесінде гигиеналық түзімнің қандай ережелерін сақтау қажет?

2 –3 рет күніне	Температураны өлшегеннен кейін	Аптасына бір рет ылғалды жинастыру, шаңды сүрту	Сапалы
Күнделікті желдету, ылғалды жиыстыру	Кез келген азық түлікпен	Әрбір сағат	Дәрігердің тағайындауы бойынша

Жауаптар: 1. Сапалы. 2. Дәрігердің тағайындауы бойынша. 3. 2-3 рет күніне. 4. Күнделікті желдету, ылғалды жиыстыру.

11. Сабақ қорытындысын шығару.

Сабақ қорытындысын жасау сабақтың мәресінде оқытушы қорытындыны жасап оқушылардан сабақтың қай бөлігі аса қызықты болғандығын сұрайды?

Бұл үшін ИДУ әдістемесі қолданылады. Қатысушылардан тренинг кезінде есте сақтаған үш негізгі ережені және осы тақырып бойынша олар жасөспірімдермен өткізуді жоспарлайтын үш шешуші шараларды жазуды сұрайды.

Сосын оқытушы оқушылардың алынған жауаптарын қорытындылап, жалпы қорытындыны шығарады:

Үнемі күйзелісте жүру, ластанған қоршаған орта әлемінде денсаулық проблемасы аса маңызды бола бастайды. Бүгінгі күні ерекше біз өзіміздің денсаулығымызға, ауру профилактикасына назар аударуымыз тиіс, себебі ерте-кеш біз өте қарапайым ақиқатты түсінуге жетеміз: зор қаражаттарды қымбат уақытпен жүйкені кетіргенінше әртүрлі аурулардан емделгенінше одан да денің сау болғаны дұрыс.

5-модуль.

Гендерлік теңдік, гендерлік зорлық-зомбылық, ерте және мәжбүрлі некелер, отбасылық құндылықтар және жауапкершілікті ата-ана болу
(12 академиялық сағат).

Ескерту: бір академиялық сағат 45 минутқа тең.

5.1-сабақ. Гендер, гендерлік теңдік, гендерлік зорлық-зомбылық дегеніміз не?
(4 сағат).

Мақсаты: Оқушылардың гендерлік құзыреттілігін қалыптастыру, олардың гендерлік қарым-қатынастар мен гендерлік теңдіктің мәні мен ерекшелігін түсінуін қамтамасыз ету.

Міндеттері:

1. Гендер, гендерлік рөлдер және гендерлік теңдік туралы түсінік беру.
2. Гендерлік зорлық-зомбылық ұғымын ашып көрсету.
3. Гендерлік сезімтал және зорлық-зомбылықсыз мінез-құлықты модельдеу дағдысын қалыптастыру.

Түйінді ұғымдар: гендер; гендерлік теңдік; гендерлік рөлдер; гендерлік зорлық-зомбылық, гендерлік сезімтал және зорлық-зомбылықсыз мінез-құлық дағдылары.

Сабақтарды жүргізу әдістері: таныстырылымдар, шағын топтардағы жұмыс, дискуссия.

Жабдықтар мен материалдар: флипчарт (магнитті тақта); флипчарт қағазы; маркерлер; мультимедиапроектор; қағаз парақтары (А-4).

Оқу уақытын бөлу:

1. Сәлемдесу, энерджайзер (бой сергіту) және сабақ тақырыбына қысқаша кіріспе (15 мин.)
2. Таныстырылым: Жыныс, гендер және гендерлік рөлдер дегеніміз не? (20 мин.)
3. Дискуссия: Жыныс және гендер дегенді сіздер қалай түсінесіздер? Өмірден мысалдар келтіру. (25 мин.)
4. Таныстырылым: Гендерлік теңдік және гендерлік теңсіздік (20 мин.)
5. Шағын топтардағы жұмыс: Қазіргі қоғамның гендерлік құндылықтары (20 мин.)
6. Топтардағы жұмыс: Ерлердің және әйелдердің рөлдері (25 мин.)
7. Таныстырылым: Гендерлік зорлық-зомбылық дегеніміз не? (20 мин.)
8. Интерактивті дәріс «Отбасындағы зорлық-зомбылық» (10 мин.)
9. Топтардағы жұмыс: Гендерлік зорлық-зомбылықтың нысандары және гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет жасау (15мин.)
10. Кері байланыс және сабақ қорытындысын шығару (10 мин.)

Сабақтың барысы

1. Сәлемдесу, энерджайзер және сабақ тақырыбына қысқаша кіріспе
2. Таныстырылым: Жыныс, гендер және гендерлік рөлдер деген не?

ЖЫНЫС, ГЕНДЕР ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

ЖЫНЫС ДЕГЕНІМІЗ – БҰЛ ЕР АДАМ МЕН ӘЙЕЛ АДАМНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ.

ЖЫНЫС:

- адам туғанда белгілі болады және ұл балалар мен қыз балалардың жыныс органдарындағы көзге көрініп тұратын айырмашылықтарға және соған байланысты бала туу функциясындағы айырмашылықтарға қатысты;

- хирургиялық немесе гормоналдық араласушылық болмаса, өзгертуге болмайды.

ГЕНДЕР – БҰЛ ЖЫНЫСТЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК АЙҚЫНДАМАСЫ.

ГЕНДЕР:

- ерлер мен әйелдердің қоғамдағы әлеуметтік, экономикалық және мәдени айқындамасы болып табылады.

- өзгертуге болады: ерлер сияқты әйелдер де инженер, ұшқыш және т.б. болып жұмыс істей алады.

ЖЫНЫС ПЕН ГЕНДЕР ҰҒЫМДАРЫНЫҢ АРАСЫНДАҒЫ АЙЫРМАШЫЛЫҚ

Жыныс ерлер мен әйелдердің биологиялық сипаттамасы болып табылады.

Гендер – бұл жыныс деген сөз емес.

Гендер ерлер мен әйелдердің әлеуметтік тұрғыдан айқындалған және қоғамда қабылданған өзін ұстау нормаларына жатады.

- Гендер – бұл қоғамда ерлер мен әйелдерге жүктелген экономикалық, әлеуметтік және мәдени рөлдер.

- Гендерлік рөлдер бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өткенде, бір мәдениеттен екінші мәдениетке өткенде өзгеруі мүмкін. Мысалы, Ежелгі Мысырда ерлер үйде қалып, өрім өрген. Әйелдер отбасылық бизнеспен шұғылданған. Әйелдер мүлікті мұраға алған, ал ерлер алмаған. Қазіргі заманғы Мысырда бұл рөлдер толығымен өзгерген. Біз ерлер мен әйелдер олар өздері ер не әйел болғандықтан ғана белгілі бір қадамдарды жасайды деп күтсек, бұл біздің «гендерлік нормаларды» ұстанғанымызды білдіреді.

Түрлі мәдениеттердің түрлі гендерлік нормалары болады немесе ерлер мен әйелдерден әртүрлі қадамды күтеді. Мысалы, кейбір мәдениеттер әйелдер үйде қалып, үй жұмыстарын істейді, ал ерлер жұмысқа шығуы керек деп күтеді.

Бұл нормалар да гендерлік рөлдер деп аталады, оларды ерлер мен әйелдер қоғамда, тіпті отбасында да орындауға тиіс белгілі бір рөлдер болып табылады.

Гендер адамдар еркек немесе әйел болуына қарай олардың экономикалық, әлеуметтік және мәдени атрибуттар мен мүмкіндіктеріне жатады. Ол сол нақты қоғамда еркек немесе әйел не істей алатынын көрсетеді.

- Адамдар қыз бала немесе ұл бала болып туады және әйел немесе еркек болуды үйренеді.
- Гендерлік рөлдер – сол қоғамда, қауымдастықта немесе басқа әлеуметтік топта қабылданған өзін-өзі ұстауы, мінез-құлқы. Олар ерлерге немесе әйелдерге лайық деп саналатын іс-қимылдарды, міндеттерді және міндеттемелерді айқындайды.
- Қыз балалар немесе ұл балалар өздері үшін дұрыс болып табылатын (осы қоғамда қабылданған) мінез-құлық пен қарым-қатынастарға, рөлдер мен іс-қимылдарға және олар басқа адамдарға қалай қарауы керектігіне үйренеді. Бұл қоғамда қабылданған мінез-құлық, гендерлік бірдейлік дегенді құрайтын және гендерлік рөлдер мен міндеттемелерді айқындайтын да сол.

3. Дискуссия: Жыныс және гендер дегенді сіздер қалай түсінесіздер? Өмірден мысалдар келтіру.

4. Таныстырылым: Жыныс, гендер және гендерлік рөлдер деген не?

ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК ЖӘНЕ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІК

Гендерлік теңдік қызметтің барлық түрлеріне қатысатын ерлер мен әйелдердің, ұлдар мен қыздардың жай ғана тең санын немесе әйелдер мен ерлер бірдей дегенді білдірмейді. Бұл ерлер мен әйелдер теңдей мүмкіндіктерді, құқықтарды, қоғамда танылуды және мәртебені пайдаланады және теңдей құрметке ие болуы керек дегенді білдіреді.

Гендерлік теңдік дегеніміз әйелдер тура ерлер сияқты болу керек дегенді білдірмейді. Теңдікті көтермелеу ерлер мен әйелдердің түрлі рөлдері мен қажеттіліктері бар екенін мойындайды және даму бағдарламаларын жоспарлаған кезде осы факторлардың маңыздылығын көздейді. Бұл барлығымыз өз адами әлеуетімізді іске асыра алуымыз үшін біздің ұқсастықтарымыз бен айырмашылықтарымыз бірдей мойындалып, бағаланады дегенді білдіреді. Бұл біздің бәріміз де ұлттық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуға бірдей қатысып, теңдей дәрежеде ұта алатынымызды білдіреді.

Гендерлік теңдік дегеніміз ерлер мен әйелдердің рөлінің, сондай-ақ олардың үлесі мен қызметінің бірдей бағалануын білдіреді.

Гендерлік теңдік дегеніміз ерлер мен әйелдер үшін теңдей мүмкіндіктер мен құқықтарды білдіреді. Бұл ресурстарға, мүмкіндіктер мен қызметтерге қолжетімділіктегі теңсіздіктің барлық түрлерін жоюды қамтиды.

Гендерлік теңсіздік – бұл қоғамдағы/жағдайлардағы әлеуметтік теңсіздік: бұл ерлердің жұмысы жоғарырақ мәртебеге ие болуы және әйелдердің атқаратын жұмысына (мысалы, бала тәрбиесі, тамақ істеу және үй жинауға) қарағанда құндырақ және маңыздырақ деп танылуы. Бұл сондай-ақ әйелдердің көрсетілетін қызметтерге (мысалы, білім беру және денсаулық сақтау) және ресурстарға (мысалы, қаржылық) қолжетімділігі азырақ болғанда да, сонымен бірге олардың

жынысына қарай әйелдер мен қыз балаларға қатысты зорлық-зомбылық бар болғанда да осылай болады.

5. Шағын топтардағы жұмыс. Қазіргі қоғамның гендерлік құндылықтары

Топтарда талқылап, қазіргі қоғамның гендерлік құндылықтарын жазу және өздерінің тұжырымдарын таныстыру.

Қазіргі қоғамның гендерлік құндылықтары:

- ерлер мен әйелдердің тең құқықтары;
- ерлер мен әйелдердің тарихи-мәдени рөлдерін дұрыс түсіну;
- ерлер мен әйелдердің қазіргі қоғамдағы алатын орнын дұрыс қабылдау;
- гендерлік қатынастарды ізгілендіру;
- өзара құрмет және өзін-өзі құрметтеу;
- өзара түсіністік;
- бағалаусыз қатынас орнату (әйелдердің де, ерлердің де қызметі теңдей маңызды);
- отбасындағы серіктестік қатынастар.

Қорытынды:

Демократиялық қоғамның қағидаттарының бірі – әйелдер мен ерлердің барлық саладағы тең құқықтарын тану және оларды іске асыру үшін жағдайлар жасау. Гендерлік теңдікке қол жеткізбейінше толықтай демократиялық қоғам құру мүмкін емес.

6. Топтардағы жұмыс: Ерлердің және әйелдердің рөлдері

7. Таныстырылым: ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Гендерлік зорлық-зомбылық – бұл әйелдер мен қыз балалардың физикалық немесе психологиялық денсаулығына, дамуына жағымсыз әсер ететін және тек қана олар әйел немесе қыз бала болғаны үшін жасалатын зорлық-зомбылықтың кез келген: физикалық, психологиялық, экономикалық немесе әлеуметтік-мәдени түрі. Гендерлік зорлық-зомбылық ерлерге де, әйелдерге де әсер етуі мүмкін, бірақ ол әйелдер мен қыздарға әлдеқайда көбірек әсер етеді, сондықтан да гендерлік зорлық-зомбылық ұғымы жеңілдетіліп, көп жағдайда «әйелдерге қатысты зорлық-зомбылық» деген терминмен беріледі.

Гендерлік зорлық-зомбылық әрбір елде бар және оның мәдени, таптық, білімдік, этникалық шектері жоқ және нақты шыққан жері белгіленбеген. Мысалы, статистика Еуропадағы қыз балалар мен әйелдердің 12%-15% күн сайын отбасындағы зорлық-зомбылықпен бетпе-бет келетінін көрсетіп отыр. Әйелдерге қатысты агрессия мен сексуалдық сұраншақтық та оқу орындары мен жұмыс орындарын қоса алғанда, өмірдегі түрлі жағдайларда кездеседі.

Гендерлік зорлық-зомбылық әйелдер мен ерлердің теңдігі үшін айтарлықтай кедергі болып отыр және адам құқықтарының бұзылуын көрсетеді. Гендерлік зорлық-

зомбылықты жәбір көрген адамға жақын және таныс адамдардың жасауы да сирек емес.

ГЕНДЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАЛАЙ ҚАРСЫ ТҮРУҒА БОЛАДЫ?

Гендерлік теңдікке қол жеткізуге арналған адам құқықтары жөніндегі құжаттардың ішінде басқаларынан маңыздырағы - Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою жөніндегі конвенция болып табылады. Қазіргі кезде оған 185 ел, соның ішінде Қазақстан да қосылған.

Бұл құжатта: «Конвенция әйелдер мен ерлердің теңдігіне қол жеткізу үшін әйелдерге саяси және қоғамдық өмірде – сайлауларда дауыс беру мен қатысу құқығын қоса алғанда, – сондай-ақ білім беруде, денсаулық сақтауда және жұмысқа орналасуда тең құқықтар мен мүмкіндіктер беру арқылы негізді қамтамасыз етеді. Қатысушы мемлекеттер әйелдер адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын пайдалана алуы үшін, заңнамалық және уақытша арнайы шараларды қоса алғанда, барлық тиісті шараларды қабылдауға келісімдерін білдірді» деп жазылған.

Бүгінде әрбір адамның жеке басының қол сұғылмаушылығына, бостандыққа, барлық құқықтары сақталуына және қорғалуына, атап айтқанда, зорлық-зомбылықтан қорғалуына құқығы бар. Сондықтан, егер де қыз бала, әйел адам отбасындағы зорлық-зомбылықтан қорғауға мұқтаж болса, қорғау мемлекеттік деңгейде де, әлеуметтік деңгейде де жүзеге асырылуы керек. Мұнда мемлекеттік құқық қорғау органдары түйінді рөл атқарады және осындай жағдайларға қатысты іс-қимыл жасау бойынша, сондай-ақ гендерлік зорлық-зомбылықтың барлық нысандарының алдын алу бойынша жұмыстың жүргізілуі үшін негізгі жауапкершілікте болады.

8. Интерактивті дәріс «Отбасындағы зорлық-зомбылық»

Мысал ретіндегі мазмұны

Отбасындағы зорлық-зомбылық – бұл отбасының бір мүшесінің отбасының басқа мүшесіне қатысты кез келген қасақана жасалған және де мұндай іс-әрекеттер отбасы мүшесінің адам және азамат ретіндегі конституциялық құқықтары мен бостандықтарын бұзатын және моральдық зиян, оның физикалық немесе психологиялық денсаулығына зиян келтіретін, физикалық, сексуалдық, психологиялық немесе экономикалық бағыттағы іс-әрекеті.

Физикалық (ұрып-соғу), экономикалық, сексуалдық немесе психологиялық бағыттағы гендерлік зорлық-зомбылық қоғамдағы, отбасындағы әйелдің, қыз баланың орны туралы ескілікте қалыптасқан дәстүрлі патриархалдық көзқарастың салдары болып табылады.

Кейбір отбасыларда отбасының ересек мүшелеріне қатысты да, балаларға қатысты да зорлық-зомбылықтың түрлі жағдайлары орын алған. Кез келген адам: күйеуі ұрсып, қорлап, ұратын әйелі, өгей әкеден зардап шегетін қыз бала, ішкіш шешесі ұрып-соғатын ұл бала, өз балалары жек көретін қарт ана отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны болуы мүмкін.

Отбасындағы физикалық зорлық-зомбылық (ұрып-соғу) – отбасының бір мүшесінің отбасының басқа мүшесіне қатысты қасақана жасалған, жәбір көрушінің өліміне алып келуі мүмкін не соған әкелген, физикалық немесе психикалық денсаулығының бұзылуына, абыройы мен намысына зардап шектірген ұрып-соғу, денесін зақымдау;

Отбасындағы психологиялық зорлық-зомбылық – отбасының бір мүшесінің отбасының басқа мүшесіне қатысты, сөзбен балағаттау немесе қорқыту, қыр соңынан қалмау, бопсалау арқылы қасақана адамның өз өзіне эмоциялық сенімсіздігін, өзін қорғауға қабілетсіздігін тудыру үшін жасалған, сол арқылы психикалық денсаулығына зардап шектіретін іс-әрекет;

Отбасындағы экономикалық зорлық-зомбылық – отбасының бір мүшесінің отбасының басқа мүшесіне қатысты, оны заңмен көзделген құқығы бар тұрған үйінен, тамағынан, киімінен және өзге де мүлкінен не қаражатынан қасақана айыру және жәбір көрушінің өліміне алып келуі мүмкін, физикалық немесе психикалық денсаулығының бұзылуына әкелген әрекет.

Отбасындағы сексуалдық және гендерлік зорлық-зомбылық – отбасының бір мүшесінің отбасының басқа мүшесіне қатысты жыныстық қол сұғылмаушылығына құқыққа қарсы қол сұғу, сондай-ақ отбасының кәмелетке толмаған мүшесіне қатысты сексуалдық сипаттағы әрекеті.

Сексуалдық және гендерлік зорлық-зомбылық деп мұндай қатынасты қаламаған адамға күшпен жасалған кез келген мінез-құлық түсіндіріледі. Сексуалдық зорлық-зомбылық зорлау, сексуалдық сипаттағы іс-әрекет жасау, сексуалдық сипаттағы әрекетке мәжбүрлеу, сексуалдық қанау арқылы көрініс табады.

Адамға әсер етудің бұл нысандарының бәрі де анық деструктивтік сипатта болады және өзіңе, ортаңа, бүкіл әлемге деген сенімнен айырылуға, мазасыздануға, алаңдаушылыққа, адамның ұйқысы мен тәбетінің бұзылуына, депрессияға, агрессияшылдыққа, жағынушылыққа, өзін өзі төмен бағалауға алып келеді.

Жасалған зорлық-зомбылыққа жауап ретінде мынадай симптомдар пайда болуы мүмкін: жаман естеліктер мен түстер; алаңдаушылық сезімінің асқынуы; тұйықталу және жалғыздыққа ұмтылу; көңіл-күйдің нашарлауы; депрессияға және есірткі бұйымдарын қабылдауға бейімділік; себепсіз қатыгездік, агрессияшылдық, өзін өзі аямау; суицидтік ойлар.

Отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алу. Зорлық –зомбылықтан қорғау.

Қазақстанда зорлық-зомбылық әрбір төртінші отбасында белгілі бір нысанда байқалады. Әсіресе, әйелдер мен қыз балаларға қатысты зорлық-зомбылық мәселесі өткір болып тұр.

БҰҰ сияқты халықаралық ұйымдар әйелдер мен қыз балаларға қатысты зорлық-зомбылықты қоғамдағы гендерлік теңсіздіктің көрінісі, адам құқықтарының бұзылуы ретінде қарастырады, және де барлық елдер оның жойылуы үшін жауапкершілікте болады. Бүгінгі күнде 89 мемлекетте (соның ішінде Қазақстанда) тікелей отбасындағы зорлық-зомбылыққа қарсы күреске бағытталған заңдар қолданыста бар.

Зорлық-зомбылық пен оның салдарларының алдын алу бойынша міндеттерді шешуді, әдетте, түрлі сала: әлеуметтік кешен, құқық қорғау органдары, жұмыспен

қамту қызметтері, медициналық және білім беру және тағы басқа мекемелердің қызметкерлерімен бірлесе отырып, әлеуметтік сала мамандары орындайды.

Әлеуметтік жұмыс бойынша маман зорлық-зомбылыққа тап болған адамдарға шұғыл және кешенді әлеуметтік көмек (шұғыл экономикалық көмек, заңдық, медициналық көмектер алуға жәрдемдесу) көрсетеді. Зорлық-зомбылық құрбанына да, оның отбасына да әлеуметтік патронажды көмек жүзеге асырылады.

Зорлық-зомбылықтан қорғау дегеніміз, әдетте, құқық қорғау органдары мен әлеуметтік қызмет көрсету мекемелерінің қызметі. Біріншілері зорлық-зомбылықтың жолын кеседі, екіншілер зорлық құрбандарына оңалту, заңдық және өзгеше көмек түрлерін көрсетеді.

Соңғы жылдары біздің елімізде әлеуметтік және психологиялық көмек жүйесі дамуда.

Қайда барып, көмек сұрау керек?

Егер де сіз отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбанына айналсаңыз, бірінші кезекте мына құрылымдарға барыңыз:

- полицияның учаскелік инспекторларының қызметіне;
- кәмелетке толмағандар істері жөніндегі комиссияға, өйткені оның өкілеттіктері отбасылық зорлық-зомбылықтың құрбаны немесе соған қатысты зорлық-зомбылық қаупі бар адам 18 жасқа толмаған жағдайларға да тарайды;
- қамқоршылық және қорғаншылық органдарына, олар ата-аналары бар, басқа отбасыларда тұратын кәмелетке толмаған балаларға, сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз деп танылған жетім балалар мен отбасы мүшелеріне, егер оларға қатысты отбасында зорлық-зомбылық жасалған немесе зорлық-зомбылық жасаудың нақты қаупі бар болған жағдайларда, олардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіруде көмек көрсетеді және заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асырады;
- отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарына арналған мамандандырылған мекемелер, оларға:
 - отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталықтары (дағдарыс орталықтары) жатады; олар психологиялық, педагогикалық, медициналық және заңдық көмек көрсетуді ұйымдастырады, сондай-ақ, мүмкіндігіне қарай, зорлық-зомбылық құрбаны болған немесе болуы мүмкін отбасы мүшелерінің тұруы үшін уақытша панажай берілуін ұйымдастырады;
 - отбасындағы зорлық-зомбылық құрбандарын медициналық-әлеуметтік оңалту орталықтары жатады; оларда орталықтың медициналық комиссиясының шешімі негізінде жәбір көрушілер орналастырылады (олардың келісімімен немесе солардың өтініші бойынша). Бұл орталықтарда олар ем алу және психо-әлеуметтік оңалту үшін қажетті мерзім бойы болады.

Қазіргі кезде елде 28 дағдарыс орталықтары бар, олардың қызметтері зорлық-зомбылыққа ұшыраған және дағдарысты және қауіпті жағдайға тап болған әйелдерге мамандандырылған (заңдық, психологиялық, әлеуметтік, медициналық және басқа да) кешенді көмек көрсетумен тікелей байланысты.

Кейбір дағдарыс орталықтарының әйелді және оның балаларын өз ғимараттарында паналату мүмкіндігі бар. Дағдарыс орталықтарында сенім телефондары бар,

зорлық-зомбылық құрбандары сол телефондар арқылы көмек сұрай алады. Орталық көмекті аты-жөнін сұрамай, құпияны жарияламай және тегін көрсетеді.

8. Топтардағы жұмыс: Гендерлік зорлық-зомбылықтың нысандары және гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы әрекет жасау.

1-топ:

- *Гендерлік зорлық-зомбылықтың қандай түрлері Сізге белгілі? Оны бірлесіп талқылаңыздар.*
- *Гендерлік зорлық-зомбылық отбасында бола алады ма?*
- *Қатарластар ортасында зорлық-зомбылықтың қандай түрлері болуы мүмкін?*
- *Сіздің ойыңызша, гендерлік зорлық-зомбылық оқу процесінде, жұмыста, көшеде және басқа жерлерде қалай көрініс табуы мүмкін?*

2-топ:

- *ҚР-ның қандай заңдары адамды зорлық-зомбылықтан қорғауға бағытталған?*
- *Сізге зорлық-зомбылықтан қорғаудың қандай түрлері белгілі?*
- *Қауіпсіз мінез-құлық дегеніміз не?*
- *Зорлық-зомбылық қаупі төнген жағдайда не істеу маңызды?*

9. Кері байланыс және сабақ қорытындысын шығару

5.2-сабақ. Ерте және мәжбүрлі некелер (3 сағат)

Мақсаты: Оқушылардың гендерлік құзыреттілігін қалыптастыру, олардың ерте және зорлықпен жасалған некелердің мәні мен ерекшелігін түсінуін қамтамасыз ету

Міндеттер:

1. Қыз балалар мен әйелдердің денсаулығы мен игілікті өміріне зиянын тигізетін таптаурын жайлар мен дәстүрлер туралы түсінік беру
2. «Ерте» және «зорлықшыл неке» ұғымдарының мәнін ашып көрсету.
3. Ерте және зорлықшыл некелердің себептері мен салдарларын ашып көрсету.
4. Ерте және зорлықшыл некелердің жағымсыз салдарларын саналы түрде түсінуді қалыптастыру

Түйінді ұғымдар: Қыз балалар мен әйелдердің денсаулығы мен игілікті өміріне зиянын тигізетін таптаурын жайлар мен дәстүрлер, тым ерте және зорлықшыл некелер, тым ерте және зорлықшыл некелердің салдарлары, некеге тұруға мәжбүрлеу қаупі болған кезде қолдау жасау және көмек көрсету.

Сабақтарды өткізу әдістері: таныстырылымдар, шағын топтардағы жұмыс, дискуссия.

Жабдықтар мен материалдар: флипчарт (магнитті тақта); флипчарт қағазы; маркерлер; мультимедиапроектор; қағаз парақтары (А-4).

Оқу уақытын бөлу:

1. Энерджайзер (бой сергіту) және сабақ тақырыбына қысқаша кіріспе (10 мин.)

2. Таныстырылым: Ерте және зорлықшыл некелер дегеніміз не? (30 мин.)
3. Топтардағы жұмыс: Қыз балалардың құқықтарын қорғау неге маңызды? (30 мин.)
4. Таныстырылым: Ерте және зорлықшыл некелердің салдарлары. Некеге тұруға мәжбүрлеу қаупі болған кезде қолдау жасау және көмек көрсету (20 мин)
5. Топтардағы жұмыс: Өз болашағымызды өзіміз құрамыз (30 мин.)
6. Кері байланыс және сабақ қорытындысын шығару (15 мин.)

Сабақтың барысы

1. Кіріспе, энерджайзер (бой сергіту).

2. Таныстырылым: Ерте және зорлықшыл некелер дегеніміз не? Ерте және зорлықшыл некелердің себептері

Ерте неке – заң тұрғысынан да, іс жүзінде де – бұл, екі адамның кем дегенде біреуі 18 жасқа толмаған болса, солардың одағы. Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар құқықтары туралы конвенциясында бұл - балалардың азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік, медициналық және мәдени құқықтары баяндалатын, адам құқықтары туралы шарт. Балалар құқықтары туралы конвенция 18 жасқа дейінгі кез келген адамды бала деп айқындайды.

- ЮНИСЕФ-тің соңғы деректеріне сәйкес, әлемде жыл сайын 12 миллион қыз бала 18 жасқа толмай жатып, некеге тұрады. Бұл олардың жеке тұлға ретінде дамуына, денсаулығы мен жалпы игілігіне қауіп төндіреді.
- Ерте неке барлық жерде де адам құқықтарын бұзу және қыздарға қатысты зорлық-зомбылықтың нысаны деп саналады.
- Ерте неке – бұл шындығында да жаһандық проблема, ол әлемнің әртүрлі өңірлерінде, елдерінде және мәдениеттерінде пайда болады. Бұл іс жүзінде әлемнің барлық елдерінде және барлық діндер мен этникалық топтарда бар.

Ерте неке өз мәні бойынша заңға қайшы, өйткені кәмелетке толмағандар некеге тұруға өз беттерімен дербес түрде хабардарлығы бар келісім беруге қабілетсіз. Ерте неке кәмелетке толмаған қыз балаларды игілікті болашағы үшін қажетті білім деңгейін алу мүмкіндігінен айыра отырып, іс жүзінде социумнан оқшаулайды, мәжбүрлеу жағдайында тек қана үйдегі қарабайыр жұмысты атқарумен шектеп, физикалық және психикалық денсаулығына түзетуге келмейтін зиян келтіреді.

Зорлықпен жасалған неке - ерлі-зайыптыларды біреуінің не екеуінің де келісімінсіз немесе еркінен тыс қосқан неке одағы. Зорлықпен жасалған неке Оңтүстік Азия, Шығыс Азия және Африканың өңірлерінде және Батыста тұратын осы өңірлерден келген иммигранттардың арасында әлі де кездеседі.

Қалыңдық ұрлау (қыз алып қашу) көне замандардан бері кең таралған. Ол күні бүгінге дейін, әсіресе Орталық Азияда, Кавказда және Африканың кейбір өңірлерінде кездеседі.

Алып қашқаннан кейін болашақ күйеу жігіт, көп жағдайда қалыңдықты сатып алу процесін жеңілдету ойымен, қызды пәктігінен айыру үшін зорлайды. Көбінесе болашақ қалыңдықтың таңдауы жоқ: егер ол отбасына қайтып келсе, қыз пәктігінен

айрылған соң, «таза емес» деп санап, оны және оның отбасын қоғамнан шеттетулері мүмкін.

Бала жастағы неке, оларды жағымсыз құбылыс деп қарай бастаған 19 және 20-ғасырларға дейін кеңінен таралған болатын. Олар көп жағдайда зорлықпен жасалған неке ретінде қарастырылады, өйткені балалар (әсіресе, жасы кішкентай балалар) некеге тұру немесе тұрмау жөнінде саналы түрде таңдау жасауға қабілетсіз, сондықтан оларға ата-аналарының шешімдері үлкен ықпал жасайды.

Орта Азияда (Қырғызстан мен Қазақстанның оңтүстігінде) мұндай жағдайлар болғанда, әдетте, психологиялық қысым жасалады. Егер де қыз жігіттің үйінде түнеп қалатын болса, тіпті, алып қашушымен жыныстық қатынас болған-болмағанына қарамастан, ол масқара болды деп саналады. Бұл жай қызды өзін ұрлаушымен некеге тұруға келісім беруге мәжбүр етеді. Бұл дәстүр күні бүгінге дейін, әсіресе, ауылдық жерлерде сақталып отыр.

ЕРТЕ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚПЕН ЖАСАЛҒАН НЕКЕЛЕРДІҢ СЕБЕПТЕРІ

ЕРТЕ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚПЕН ЖАСАЛҒАН НЕКЕЛЕР әйелдердің отбасындағы жағдайына және қыз баланың өз әке-шешесінің еркіне толық бағыныштылығына байланысты, әлеуметтік-мәдени таптаурындар мен дәстүрлер қолдайтын жасырын құбылыс болып қалып отыр.

Сондай-ақ ерте неке көптеген қоғамдарда бүгінгі күнге дейін басым болып, әйелдердің мінез-құлқын, орны мен рөлін бақылауда ұстап отырған ескірген патриархалдық құндылықтармен немесе сенімдермен тығыз байланысты. Мысалы, бұл қыз бала өзін қалай ұстауына, ол қалай киінуіне, кімге күйеуге берілуге және қашан некеге тұруға тиістігін бақылауда ұстауды да қамтиды – әдетте, мұны оның әкесі немесе отбасындағы немесе қауымдастықтағы еркектер шешеді.

Көп жағдайда ерте некелерге тұру үшін мемлекеттік ұйымдарда тіркелмейтіндіктен, ешқандай заңды күші жоқ діни неке қию рәсімі пайдаланылады. Бірақ мынаны түсіну маңызды: заңды, заңды тұрғыдан ресімделмеген некеге тұрған әйелдер қорғанышсыз қалады. Ажырасқан жағдайда оның ешқандай мүлікке, мұраға құқығы болмайды, ал бұл, әсіресе, заңды некеден тыс туған балалардың құқықтары тұрғысынан алғанда, өте маңызды мәселе.

ҚОРҒАУ ЖӘНЕ КӨМЕК – Көп жағдайда қалыңдықтың кәмелетке толмай жатып некеге тұруын қыз балаға қатысты сексуалдық зорлық-зомбылық, екі тараптың өзара жасырын келісуі және мәжбүрлеу болғанын бүркемелеуге тырысады. «Қыз алып қашу» атты халықтық дәстүрді де сол үшін пайдаланады. Мұндай тәжірибенің заңсыз екенін білу керек.

Қазақстанның қылмыстық заңнамасында жеке тұлғаға қол сұғушылық сипатындағы бірқатар қылмыс үшін заңды жауапкершілік көзделген. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде жыныстық тиіспеушілікке және жыныстық бостандыққа, зорлауға, сексуалдық сипаттағы зорлық әрекеттерге қатысты, 16 жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас жасағаны және сексуалдық сипаттағы өзге де әрекеттері үшін, сондай-ақ адамды ұрлаған қылмыстары үшін жауапкершілік көзделген.

3. **Топтардағы жұмыс: Қыз балалардың құқықтарын қорғау неге маңызды?**
4. **Таныстырылым: Ерте және зорлықшыл некелердің салдарлары. Некеге тұруға мәжбүрлеу қауіпі болған кезде қолдау жасау және көмек көрсету**

ЕРТЕ ЖӘНЕ ЗОРЛЫҚПЕН ЖАСАЛҒАН НЕКЕЛЕР ГЕНДЕРЛІК ТЕҢСІЗДІКТІ КҮШЕЙТЕ ТҮСЕДІ ЖӘНЕ ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН БҰЗАДЫ!

БІЛІМ АЛА АЛМАУЛАРЫ ЖӘНЕ КЕДЕЙЛІК - Кәмелетке толмай жатып тұрмысқа шыққан қыз балалар, әдетте, оқуын аяқтап, білім ала алмайды. Көп жағдайда олар оқуды тастауға мәжбүр. Дүниеге балалар келеді, уақыттың көбі балаларды күтіп-бағуға және отбасына қамқорлық жасауға кетеді. Тұрмысқа шыққан қыздар енді білімін жалғастыру мәселесін қайта орала алмайды. Сондықтан да олардың өмірде табысты болып, өзінің және балаларының күн көруі үшін қажетті, жақсы жалақы төленетін жұмыс табуға жол ашатын, маңызды әлеуметтік және экономикалық білім мен дағдылар алу мүмкіндіктері болмайды. Ерте некелер кедейлік себебі, яғни, отбасы бар адамға қалыпты өмір сүруі және тіршілік етуі үшін қажетті қаражат пен мүмкіндіктердің жетіспеушілігінің себепшісі болуы мүмкін.

ТЕҢСІЗДІК – ерте күйеуге шыққан, білім алмаған, қолында балалары бар қыз бала өмірде, әсіресе, жұмысқа тұрар кезде көптеген қиындықтар мен шектеулерге кездесуі мүмкін. Өйткені оның толыққанды білім мен табысты еңбек қызметі үшін қажет дағдылардың бәрін алып, бойына сіңірген көптеген бәсекелестері болады ғой. Осының барлығы олардың болашақта кәсіптік оқу мүмкіндіктері, капитал, кредит алу, тұлғалық және әлеуметтік әлеуетті іске асыру сияқты экономикалық ресурстарға қол жеткізуін шектейтін болады.

ДЕНСАУЛЫҚҚА ҚАУІП ТӨНДІРУ – ерте және зорлықпен жасалған некедегі қыз балалар қорғалмаған жыныстық байланысқа түсуге жиі мәжбүр болады. Контрацепциялар туралы, репродуктивтік денсаулық және қауіпсіз мінез-құлық дағдылары туралы хабардар болмауы организмнің сексуалдық қатынасқа дайын еместігімен және жүктілікке байланысты көптеген ауруларға, сондай-ақ жыныстық қатынас арқылы жұғатын түрлі жұқпалы инфекцияларға, соның ішінде АИТВ/ЖИТС ауруларына ұшырауына әкеп соғады. 15-19 жас аралығындағы қыздардың өлім-жітіміне негізгі себепші жүктілік пен босану кезіндегі асқыну болып отыр.

ЕРТЕ НЕКЕДЕ ТУҒАН БАЛАЛАР – жасөспірім жастағы аналардан туған балаларға көп жағдайда дене массасының аздығы тән болады. Бұл болашақта олардың денсаулығына, дамуы мен өсуіне ұзақ уақыт бойы кері әсерін тигізеді. Жасөспірім жастағы аналардан туған нәрестелердің және өлі туғандардың көрсеткіштері 20-29 жастағы аналардан туған көрсеткіштерден 50% артық.

ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ – ерте күйеуге тиген қыз балалар өте көп жағдайда күйеулерінің тарапынан қатыгездік пен зорлық-зомбылық көреді. Мұндай жәбірді отбасы мүшелерінен көретін жайлар да сирек емес. Бірақ мұндай жағдайлар көбіне жария бола бермейді. Жас болуы, өмірлік тәжірибесінің жоқтығы, қорқыныш және күйеуіне және оның отбасына материалдық тұрғыдан тәуелді болу жас

келіншектердің физикалық, сексуалдық, эмоционалдық зорлық-зомбылық қаупін өмір бойы бастан кешірулеріне мәжбүр етеді. Шындық кәметке толмаған қалыңдықтардың өз құқықтарын қорғауға және жүзеге асыруға мүмкіндіктері аз екендігінде.

Халықаралық зерттеулер ерте некелердің ауыр салдарларын анықтап отыр. Атап айтқанда, неке тіркелмейді, сол себепті бала заңсыз туған болып саналады да оған туу туралы куәлік берілмейді. Ерте некеде жиі кездесетін ажырасқаннан кейін, кейбір жағдайларда ресми тіркелмеген некедегі жас әйел мүлікке және жылжымайтын мүлікке құқықты жоғалтады және оларды талап ете алмайды. Бұдан басқа, ерте некеден туған балалар көп жағдайда дүниеге ауру болып келеді.

Жасы 18-ге толмаған әйелден туған нәрестенің өлу қаупі ересек әйелден туған балаға қарағанда 60% жоғары. Ерте жүкті болу нәтижесінен асқыну - 15-ден 19-ға дейінгі қыздар өлімінің басты себебі болып отыр.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) жасөспірім қыздардың физикалық және психикалық денсаулығы үшін ұзақ мерзімді жағымсыз салдары болатынын атап көрсетеді. Олар іс жүзінде балалық шағынан, білім алу және көңілі қалаған кәсіпті игеру мүмкіндігінен айрылады. Әлеуметтанушылардың пікірінше, ерте некелер қыздарды негізгі құқықтарының бірі – ересек өмірге толыққанды дайын боп қадам басу үшін аса қажетті – білім алу құқығынан айырады. Ерте неке гендерлік феномен және адам құқықтарының бұзылуы ретінде қарастырылады.

Әйелдер құқықтарын қорғау саласындағы сарапшылар қыздардың ерте жаста күйеуге тиюін тұрмыстық зорлық-зомбылық ретінде қарау керек деп санайды.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы, БҰҰ-ның Халықтың қоныстануы саласындағы қоры және олардың халықаралық серіктестері ерте неке әдеттеріне тыйым салу туралы шешімді ұсынып, оны жүзеге асыруды толығымен жақтайды. Олар мемлекеттерді ерте күйеуге шығудың «адам құқықтарының бұзылуы және жасөспірімдердің денсаулығы мен қауіпсіздігіне төнген қауіп» деп санап, осы зиянды әдетті болдырмау бойынша стратегия әзірлеуге үндеп отыр.

Адам құқықтарының сақталуы ерлер мен әйелдердің теңдігіне жәрдемдеседі. Гендерлік теңдік сексуалдық мінез-құлық пен отбасын жоспарлау туралы дұрыс шешім қабылдануына ықпал етеді. Әрбір адам гендерлік теңдік пен адам құқықтарының сақталуын қолдауға және сексуалдық зорлық, жағымсыз мінез-құлық пен зорлық-зомбылық және жынысына қарай зорлық-зомбылық жасау сияқты адам құқықтарының бұзылушылығына ашық қарсы болуға міндетті.

ҚЫЗ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗ БОЛАШАҒЫН ТАҒДАУ БОСТАНДЫҒЫ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

ӘРБІР ҚЫЗ БАЛАНЫҢ ТАБЫСТЫ, ДЕНІ САУ ЖӘНЕ БАҚЫТТЫ АДАМ БОЛУҒА ҚҰҚЫҒЫ БАР!

Әрбір қыз бала адамның барлық іргелі құқықтары мен бостандықтарына ие.

- Баланың құқықтары туралы конвенция адам құқықтары саласындағы ең маңызды шарт болып табылады, онда балалардың БАРЛЫҚ құқықтары баяндалады.
- Балалар некесі тараптардың біреуі немесе екеуі де 18 жасқа толмаған адамдардың формальды емес немесе формальды одағы болып табылады.

- Әлемде жыл сайын 12 миллион қыз 18 жасқа толмай жатып күйеуге тиеді: әр 2 секунд сайын - 1 қыз. Бұл тоқтатылуы керек!
- Бұл адам құқықтарының бұзылуы және ұлдарға қарағанда қыздарға қатысы көбірек.
- Бұл - бүкіл әлемде және мәдениеттер мен діндерде болып отырған жағдай. Өкінішке қарай, бұндай, құқықтар мен бостандықтар бұзылып отырған жағдайлар, әлі де кездеседі. Олар:

- физикалық

- психологиялық

- сексуалдық зорлық-зомбылық, соның ішінде кәмелеттік жасқа толмай жатып некеге тұруға мәжбүрлеу, алып қашу және басқалар.

Мұндай бұзушылықтардың себебі қоғамның, ата-аналардың және балалардың өздерінің ұлттық заңдар және балалар мен әйелдердің құқықтары туралы жеткілікті хабардар еместігі болып табылады. Көбі адамның халықаралық құқықтары туралы немесе конвенциялар туралы, немесе олардың құқықтары қорғалуын қалай қамтамасыз ету керектігі туралы білмейді.

Егер де сіздің құрбыңызға, танысыңызға зорлық-зомбылық қаупі төніп тұрғаны, оны некеге тұру мақсатында мәжбүрлеу немесе алып қашу жағдайы бар екені сізге белгілі болса, дереу қасыңыздағы өзіңіз сенетін ересек кісілерге айтыңыз немесе олармен байланысыңыз. Өз ата-аналарыңызға және жақындарыңызға, мұғалімдерге, дәрігерлерге айтыңыз, сондай-ақ «102» телефоны бойынша полициямен байланысуға тырысыңыз. Жастар мен жасөспірімдерге арналған «111» немесе «150» сенім телефондарына қоңырау шалыңыз.

5. Топтардағы жұмыс: Өз болашағымызды өзіміз құрамыз

ТҮЙІНДІ ХАБАРЛАМАЛАР:

Қоғам, билік өкілдері, отбасылар, ер адамдар мен ұл балалар ерте неке әдетіне деген өз көзқарастарын өзгертулері және оларға қыз балалардың құқықтарын бұзу ретінде қараулары керек. Мынаны түсінген жөн:

- Қыз баланың тым ерте некеге тұруын кейінге қалдырудан бәрі де: отбасы, қоғам, ең бастысы қыз балалардың өздері ұтады.
- Тұрмысқа кейінірек шығатын қыз баланың мектептегі оқуын жалғастыра алу, жұмыс істеу және өз табысын отбасына жұмсау мүмкіндігі бар.
- Қыз баланың өзі кімге және қалай тұрмысқа шығатынын, неше бала туатынын таңдау құқығы болуы керек.
- Өз балаларына жақсылық тілейтін ата-аналар некеге тұру мәселесінде әрдайым өз қыздарының таңдауы мен шешімін қолдайтыны анық.

Ұл балалар мен ерлерді, қыз балалар мен әйелдердің отбасылары мен әлеуметтік ортасына тартудың гендерлік теңдікті нығайту үшін маңызы зор. Ерте некелердің алдын алуға, оның профилактикасына ұл балалар мен ерлерді тарту маңызды, өйткені:

- ерте неке – бұл тек қана қыз балалар мен әйелдердің проблемасы емес.

- шешім қабылдайтын адамдар және ықтимал күйеулер ретінде ерлер мен ұл балалар кәмелетке толмаған қыз балалармен некелесуге қарсы бағытталған кез келген істе негізгі, орталық орынға ие.
- дін қызметкерлері мен қауымдар ақсақалдары да ерте неке таралған қауымдарда шешім қабылдайтын негізгі тұлғалар болып табылады.

6. Кері байланыс және сабақ қорытындысын шығару

5.3-сабақ. Қазақстан Республикасының заңдарындағы отбасы мен неке мәселелері және ерте және зорлықпен жасалған некелердің алдын алу (профилактикалық) шаралары

Мақсаты: Оқушылардың Қазақстан Республикасының заңдарындағы отбасы мен неке мәселелері, некеге тұру жасы және зорлықпен жасалатын некелерге жол берілмеуі керектігі туралы хабардарлығын арттыру.

Міндеттері:

1. ҚР заңнамасының отбасылық-неке негіздерімен таныстыру
2. Некеге тұру жасы және зорлықпен жасалатын некелерді болдырмау және олар үшін жазалау ұғымын ашып көрсету
3. Отбасын құрудың жауапкершілігін саналы, құқықтық түсінуді қалыптастыру

Сабақтарды өткізу әдістері: таныстырылымдар, шағын топтардағы жұмыс, дискуссия.

Оқу уақытын бөлу:

1. Кіріспе, энерджайзер (бой сергіту) (5 мин.)
2. Таныстырылым: Қазақстанның отбасы және неке туралы заңнамасы. «Некеге тұру жасы» туралы ұғым. Қазақстанның тарихындағы зорлықпен болған некеге деген көзқарас. Адамды ұрлау – зорлықпен болған неке: жауапкершілік шаралары. (15 мин.)
3. Ашық дискуссия: Отбасы – бұл саналы қадам және саналы шешім. (15 мин.)
4. Кері байланыс (5 мин.)
5. Сабақ қорытындыларын шығару (5 мин.)

Сабақтың барысы

1. Кіріспе, энерджайзер (бой сергіту).
2. Таныстырылым: Қазақстанның отбасы және неке туралы заңнамасы. «Некеге тұру жасы» туралы ұғым. Қазақстанның тарихындағы зорлықпен болған некеге деген көзқарас. Адамды ұрлау – зорлықпен болған неке: жауапкершілік шаралары.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЗАҢНАМАСЫ НЕКЕ МЕН ОТБАСЫ ТУРАЛЫ НЕ ДЕЙДІ?

Ерлер мен әйелдердің нәсілге, ұлтқа немесе діни сеніміне қарай ешқандай шектеусіз некеге тұру және отбасын құру құқығы жалпыға бірдей танылған қағидат болып табылады.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 27-бабында: «Неке мен отбасы, ана болу, әке болу және балалық шақ мемлекеттің қорғауында» деп жазылған.

Қазақстан Республикасының әйелдер мен кәмелетке жетпегендерді қорғау саласындағы қазіргі заманғы заңнамасы халықаралық құжаттардың талаптары мен стандарттарына бағдарланады және некеге тұрудың ерікті және еркін қағидатын қамтамасыз етеді.

ҚР «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексіне сәйкес некеге тұрудың мынадай шарттары бар:

- некеге тұратын еркек пен әйелдің еркін және толық келісімі;
- олардың неке жасына толуы.

Ешкім де Сізді некеге тұруға мәжбүрлей алмайды – Қазақстан заңнамасы осылай дейді. Отбасын құратын еркек пен әйелдің өзара еркін келісімін олар еркін және тәуелсіз түрде айтуға тиіс.

Некеге тұрған кезде бұл бірінші кезекте маңызды болатын жағдай. Ал осы некені тіркеуші адамға болашақ ерлі-зайыптылардың біреуі қарсы екені белгілі болса, неке тіркелуі мүмкін емес. Некеге тұруға еркін түрде шешім жасалуын адам өзі растауы керек. Ешқашан да неке қиюды сенім білдірілген адам арқылы, туыстары немесе достары арқылы жүзеге асыруға болмайды.

Некеге еркін тұру некелесетіндердің отбасын құруға өзара және саналы түрдегі дайын екендіктерін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге ол кімнің тарапынан болса да физикалық немесе психикалық түрде зорлық жасап мәжбүрлеудің жоқтығын да білдіреді.

НЕКЕГЕ ТҰРУ ЖАСЫ.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Кодексінде некеге тұру жасы 18 жас деп белгіленген. Бұл азаматтық әрекетке қабілеттілік немесе заң алдында толық көлемде жауапкершілікте болу жасымен сәйкес келеді. Кодексте некеге тұру жасын төмендету мүмкіндігі көзделген, бірақ ол екі жылдан көп емес және жүктілік пен дүниеге баланың келуі сияқты дәлелді себептер болғанда ғана қолданылады. Бұл ретте заң некеге тұру үшін шекті жасты, сондай-ақ некеге тұрушылар жасының арасындағы айырмашылықты белгілемейді.

ЗОРЛЫҚПЕН ЖАСАЛҒАН НЕКЕ ҮШІН ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАЗА ШАРАЛАРЫ

Зорлықпен көндіріп неке қию, серіктердің біреуінің немесе екеуінің де келісімінсіз, физикалық немесе психикалық зорлықты қолдана отырып некеге тұрғызу бұл проблема емес, бұл қылмыс! Зорлықпен жасалған некелер көбіне ерте некелермен байланысты. Жиі жағдайда бұл кәмелеттік жасқа толмағандардың өздерінде тандау құқықтары бар екендігін білмеуімен байланысты. Зорлықпен жасалған некелермен

«қалыңдық ұрлау» (қыз алып қашу) сияқты, қыздардың еркінен тыс, физикалық және сексуалдық зорлықты қолданып, жүзеге асырылатын дәстүр де байланысты Шындық кәмелетке толмаған қалыңдықтардың өз құқықтарын қорғауға және жүзеге асыруға мүмкіндіктері аз екендігінде. Жас болуы, өмірлік тәжірибесінің жоқтығы, қорқыныш пен күйеуіне және оның отбасына материалдық тұрғыдан тәуелді болу жас келіншектерді зорлық-зомбылықтың алдында дәрменсіз етеді.

Некеге тұруға мәжбүрлеген немесе «қалыңдық ұрлау» (некеге тұруға мәжбүрлеу мақсатында қызды алып қашу) жағдайда адам ұрлағаны үшін қылмыстық жауапкершілік (ҚР Қылмыстық кодексінің 125-бабы), не он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынасқа түскені үшін және сексуалдық сипаттағы өзге әрекеттерді жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік көзделген (ҚР Қылмыстық кодексінің 122-бабы).

ДІН БОЙЫНША ЖАСАЛАТЫН ЕРТЕ НЕКЕЛЕР ЗАҢҒА ҚАЙШЫ!

Ерте немесе көп әйелді некеге тұру үшін көп жағдайда діни неке киюлар пайдаланылады, олардың заңды күштері жоқ және әдетте, азаматтық той рәсімін толықтырады. Мемлекеттік органда тіркелетін заңды некеге тұрмаған әйелдер де, заңды некеден тыс туған балалар да заңдық қорғауға ұдайы жүгіне алмайды.

Некеге тұруға мәжбүрлеу қоғамдағы әйелдің теңсіздігін күшейтеді, ол өз-өзінің жолын айқындау еркіндігін шектейді, зорлық-зомбылықтың алдында әлсіз жағдайда қалдырады. Зорлықпен жасалған және ерте некелер көп жағдайда қыз балалардың денсаулығын сақтау, физикалық және психикалық қол сұғылмаушылық сияқты құқықтарының одан әрі де бұзылуына әкеп соғады. Қазіргі кезде зорлықпен жасалған және ерте некелер де халықаралық заңдарды да, қазақстандық заңдарды да өрескел бұзу деп танылған.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ТАРИХЫНДАҒЫ ЗОРЛЫҚПЕН БОЛҒАН НЕКЕГЕ ДЕГЕН КӨЗҚАРАС.

Тарихи тұрғыдан алғанда Қазақстандағы отбасы, оның ғұрыптары мен дәстүрлері қашанда заңдармен және қазақ құқығымен қатаң сақталған, соның ішінде отбасын құруға және оның тіршілік етуіне қолсұғушылықтар үшін қатаң жазалар белгіленген. Алайда, бұрынғы қазақ қоғамы қыз алып қашуға әртүрлі көзқараста болған.

Айталық, күйеу жігіттің *құда түсіп, атастырылып қойған қалыңдықты* алып қашуы, оның үстіне қалыңы төленіп қойған болса, ауыр қылмыс ретінде қарастырылмаған. Мұндай жағдайда қалыңдық жағымен татуласып, азын-аулақ айыппұл төлеумен құтылған.

Ал атастырылып қойған *біреудің қалыңдығын* алып қашу ауыр қылмыс ретінде қарастырылған. Егер қыз алып қашушының үйінде қалған болса, ол екі еселенген қалың көлемінде айыппұл төлейтін болған, ал қыз бұрынғы күйеуге қайтарылған жағдайда, айыппұл көлемі қалың көлеміне тең болған. Егер де алып қашуға қалыңдықтың туыстары атсалысып, араласқаны белгілі болса, олар қалыңды толығымен қайтарып, айыппұл төлейтін болған.

Атастырылмаған қызды оның келісімімен алып қашқан жағдайда, оның ата-атасынан кешірім сұрап, жығылып, айыппұл төлеу көзделеді. Мұндай жағдайда кәдімгідей құдалық пен үйлену тойы жасалған, бірақ қалыңдықтың ата-анасы жасау беруден бастарта алатын.

Қызды оның келісімінсіз алып қашу ауыр қылмыс деп саналған, сондықтан кінәлілердің үлкен айыппұл төлеуіне жаза кесілген.

Қазан төңкерісінен кейін Қылмыстық кодексі:

- неке жасына толған әйелді оның еркінен тыс некеге тұру үшін ұрлауды;
- неке жасына толмаған әйелді ата-аналары, қамқоршылары немесе туыстары оның еркінен тыс некеге тұруға мәжбүрлеуді қылмыс ретінде жаза қолдану үшін қарастырған.

Аталған қылмыстарды жасағаны үшін айтарлықтай қатаң санкциялар: бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданылатын.

Қазақ КСР Қылмыстық кодексінде әйелді өз еркінен тыс күйеуге тиюге мәжбүрлеу, атап айтқанда, қалыңмал төлеу арқылы мәжбүрлеу бес жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы қолданатын қылмыс деп танылған. Сондай-ақ екі әйел алу және көп әйел алу бір жылға дейінгі мерзімге мәжбүрлі жұмысқа салу жолымен жазаланған.

1959 жылы қабылданған Қазақ КСР Қылмыстық кодексіне «Рулық тұрмыс қалдықтарын құрайтын қылмыстар» деген тарау енгізіліп, ол қоғамдық мәні жағынан қауіпті саналатын мынадай әрекеттер үшін қылмыстық жауапкершіліктерді көздейтін:

- қалыңдық үшін төлем төлеу (қалың)
- әйелді некеге тұруға немесе некедегідей бірге тұруды жалғастыруға мәжбүрлеу, сол сияқты оны некеге тұру үшін алып қашу;
- неке жасына толмаған адаммен некеге тұру;
- екі әйел алу және көп әйел алу.

Қазіргі заманғы қазақстандық заңнама зорлықпен жасалған некелерді, әсіресе, бұл кәмелетке толмаған қыз баланы ұрлаумен байланысты болса, аса қауіпті қылмыстар ретінде қарастырады. ***Некеге тұруға мәжбүрлеу немесе «қалыңдық ұрлау» (некеге тұруға мәжбүрлеу мақсатында ұрлау) жағдайларында адамды ұрлау үшін қылмыстық жауапкершілік туындайды (ҚР Қылмыстық кодексінің 125-бабы), не он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынасқа түскені үшін және сексуалдық сипаттағы өзге әрекеттерді жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілік (ҚР Қылмыстық кодексінің 122-бабы) туындайды.***

3. Ашық дискуссия: Отбасы – бұл саналы қадам және саналы шешім.

- Некеге қай жаста тұрған дұрыс? Неліктен?
- Ерте некенің себептері не? Тақтада/флипчартта екі бағана сызып, бір жағына ерте некенің артықшылықтарын, ал екінші жағына кемшіліктерін жазыңыздар. Қайсысы көп екенін санаңыздар: артықшылықтары ма әлде кемшіліктері ме?

4. Кері байланыс.

- Сіз некенің қандай түрлерін білесіз?
- Некеге қай жаста тұруға болады?
- Ерте неке неліктен жас қыздардың құқықтарын бұзады?
- Зорлықпен жасалған неке дегеніміз не?
- Талқылау қорытындысын шығарыңыз.

5. Сабақтың қорытындысын шығару.

5.4-сабақ. Адамның өміріндегі отбасы. Отбасылық құндылықтар. Жауапкершілікті ата-ана (4 сағат).

Мақсаты:

Оқушылардың бойында адамның өміріндегі отбасының, отбасылық құндылықтардың рөлін, жауапкершілікті ата-ана және болашақ отбасылық қатынастарды жоспарлау үшін жауапкершілік сезімін қалыптастыру.

Міндеттері:

- Адамның өміріндегі және қоғамдағы отбасының рөлі, отбасылық құндылықтар мен жауапкершілікті ата-ана туралы түсінік беру.
- Отбасы институтына, ата-анаға және отбасылық құндылықтарға деген құрмет сезімін, өзінің болашақ отбасына және балаларына деген жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.
- Болашақ отбасындағы қатынастарды модельдеу дағдыларын қалыптастыру.

Түйінді ұғымдар: отбасы; отбасылық құндылықтар; жауапкершілікті ата-ана болу; адамның өміріндегі отбасының рөлі; қоғамдағы отбасының рөлі; отбасының құрылымы; отбасы мүшелерінің жауапкершілігі, құқықтары мен міндеттері; адам құқықтарының бұзылуы; отбасындағы зорлық-зомбылық; болашақ отбасы; отбасы мүшелерін қолдау қызметтері.

Сабақтарды өткізу әдістері: эссе жазу, миды ояту, интерактивті дәріс, мультимедиялық таныстырылым, шағын топтардағы жұмыс, дискуссия, рөлдік ойындар.

Жабдықтар мен материалдар: флипчарт (магнитті тақта); флипчарт қағазы; маркерлер; мультимедиапроектор; «сыр бөлісу» парақшалары, «қағаз парақтары (А-4), эссе-шығармалар, өз пікірлері бар парақшалар.

Дайындық жұмысы: оқытушы алдын-ала осы сабаққа «Адамға отбасы не үшін керек?» деген тақырыпта эссе (7-10 сөйлем) жазып әкелуге шығармашылық тапсырма береді.

Оқу уақытын бөлу:

1. Оқытушының кіріспе сөзі, онда ол сабақтың тақырыбын мен мақсатын айтады. (5 мин.).
2. Бой сергіту жаттығуы (5 мин.).
3. Жаттығу. «Отбасы туралы мақалдар мен мәтелдер» (5 мин.).
4. «Адамға отбасы не үшін керек?» деген тақырыптағы эссені талқылау (10 мин.)
5. Интерактивті дәріс «Адамның өміріндегі және қоғамдағы отбасының рөлі» (10 мин.).
6. «Миды ояту». Отбасылық құндылықтар туралы ұғым (5мин.).
7. Жаттығу/бой сергіту «Отбасылық құндылықтар бәйтерегі» (топтардағы жұмыс) (20 мин.)
8. «Миды ояту». Отбасының функциялары (5 мин.)
9. Мультимедиялық таныстырылым «Отбасының функциялары» (10 мин.).
- 10.Топтардағы жұмыс. Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері (20 мин.).
- 11 «Отбасы» тақырыбына синквейн құру (10 мин.).
12. Дискуссия. Отбасындағы гендерлік рөлдердің бөлінуіне көзқарас (25 мин.).
13. Интерактивті дәріс «Жауапкершілікті ата-ана» (15 мин.).
14. Кері байланыс. Шығарма-эссе «Менің болашақ отбасым» (25 мин.).
- 15.«Сыр бөлісу» парақшаларын» толтыру. Сабақ қорытындыларын шығару (10 мин.).

Сабақтың барысы

1. Оқытушының кіріспе сөзі, онда ол сабақтың тақырыбын мен мақсатын айтады.

2. Бой сергіту жаттығуы.

Оқытушы оқушылардан «отбасы» деген сөзді қалай бейнелеп, елестете алатындарын сұрайды. Оқушылар екі бейнелі сөзді тізбектеп, айтады. Бейнелі сөздер қайталанбауы керек.

Мысалы, жылылық пен жайлылық; достық пен сүйіспеншілік; қолдау мен қамқорлық; өзара түсіністік пен көмек және т.б.

3. Жаттығу. «Отбасы туралы мақалдар мен мәтелдер»

Оқытушы отбасы туралы мақалдар мен мәтелдерді еске түсіріп, айтып беруді сұрайды. Мысалы:

- Отбасы жоқ адам жемісі жоқ ағаштай.
- Бірлігі жоқ отбасында береке болмайды.
- Отбасы — бақыт бастауы.
- Жақсы отбасы – жақсы балалардың ұясы.
- Көңіл жайлы үйде қайғы жоқ.
- Қарты бар үй – қазынасы бар үй.
- Ынтымақты үйде ырыс көп.
- Бірлігі күшті отбасына ешбір сын қауіпті емес.
- Шындығы жоқ үйдің шырайы да жоқ.

- Ауызбіршілікті болу отбасын нығайта түседі.
- Төрт көзі түгел отбасының төрт қабырғасы бүтін.
- Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер.

4. «Адамға отбасы не үшін керек?» деген тақырыптағы эссені талқылау

Оқытушы бірнеше оқушыдан (өз қалаулары бойынша) алдын ала «Адамға отбасы не үшін керек?» деген тақырыпта жазылған эссені оқуды сұрайды.

Талқылау аяқталған соң оқытушы оқушылардың жауаптарын жинақтайды.

Адамға отбасы не үшін керек деген сұраққа жауап беру үшін өзіміздің жалпы не үшін өмір сүретініміз туралы ойлануымыз керек. Көптеген адамдар ең бастысы – мына өмірде бәрін көріп, бастан кешіру, барлық жерге бару, естен кетпес әсерлер алу дейді. Алайда, бәрі де тап осындай емес. Ең бастысы, мына өмірден белгісіз, ізсіз кетпей, артында жолынды лайықты жалғастырар өзіңнің бір бөлшегіңді – балаларды және немерелерді қалдыру керек. Отбасы сол үшін құрылады. Бірақ отбасын жай құра салу жеткіліксіз. Отбасының барлық мүшелерінің арасында жылы, мейірімді қатынастарды сақтау, балаларға жақсы тәрбие беру керек. Отбасы адамның тұрақты тірегі мен қолдаушысы болуы керек. Отбасындағы бір біріне деген сенім, қай кезде, қандай жағдайда болса да ақыл, кеңес, қолдау алуға болатына деген сенімнің болғаны жақсы.

Өкінішке қарай, барлық отбасында бірдей өзара түсіністік бола бермейді, кей кезде өзара туыс адамдар өзара тіл табыса алмай, әркім өз бетінше өмір сүреді. Мұндай проблема болмауы үшін жай ғана отбасының өз өміріңіздегі аса зор маңызын сезініп, түсіну керек. Өзін ешқашан да бірге туғандары, туыстары мен жақындарынан артық ешкім де түсініп, жақсы көре алмайтынын әр адам түсінуі қажет.

5. Интерактивті дәріс «Адамның өміріндегі және қоғамдағы отбасының рөлі»

Мысалға берілетін мазмұны.

Отбасы – бұл біздің алғашқы қоғамымыз. Біз онда өміріміздің алғашқы, өмірлік құндылықтар мен басымдықтар негіз қалайтын, сондай-ақ әлеуметтік мінез-құлықтың нормалары қалыптасатын жылдарын өткіземіз. Сондықтан отбасы мүшелері, ең алдымен ата-аналар адамның әлеуметтенуінің негізгі бастаушы нүктесі болып табылады. Отбасы біздің өмірімізде алғашқы орындардың бірін алады, отбасынан қымбат және маңыздырақ ештеңе де жоқ.

Отбасының орнықты белгілері:

- еркек пен әйелдің одағы;
- некеге тұрудың еріктілігі;
- отбасы мүшелерінің тұрмыстың ортақтығымен байланыстылығы;
- некелік қатынастарға түсуі;
- бала тууға, оларды әлеуметтендіруге және тәрбиелеуге ұмтылу.

Отбасының құрылымы:

- «нуклеарлық отбасы» - күйеуінен, әйелінен және олардың балаларынан тұрады;
- «толыққан отбасы» - ерлі-зайыптылар мен олардың балалары, бәрі бірге немесе бір-бірімен тығыз жақындықта тұратын әжелер, аталар, ағалар, апалар;

- «аралас отбасы» - ажырасқан адамдардың некеге тұруынан кейін пайда болған отбасы. Бұрынғы некеде туған балалар жаңа отбасына кіретін болғандықтан бұл отбасына тумаған ата-ана және тумаған балалар кіреді;
- «жалғызілікті ата-ананың отбасы» - ажырасып кеткендіктен, жұбайы кетіп қалғандықтан немесе қайтыс болғандықтан, не ешқашан некеге тұрмағандықтан, ата-ананың біреуі (анасы немесе әкесі) ғана болады.

Отбасылардың тұрпаттары:

- *партриархалдық отбасы*, онда әкесі басшысы болады;
- *матриархалдық отбасы*, онда шешесі беделді және ықпалды болады;
- *эгалитарлық отбасы*, онда әке мен шеше арасында билік жағдайға қарай бөлінеді.

Отбасылық қатынастардың тұрпаттары:

- авторитарлық (көшбасшылық), онда отбасылық функциялардың барлығын басқару және ұйымдастыру отбасының бір мүшесінің қолында болады.
- демократиялық (серіктестік), ерлі-зайыптылардың арасында міндеттерді бөлу, олардың отбасылық барлық проблемаларды шешуге теңдей қатысуы көзделеді, неғұрлым прогрессивті түрі.

Соңғы кездері *ерлі-зайыптылардың арасындағы қатынастардың теңдігі* отбасылық қатынастардың басым типіне айналуда.

Отбасындағы әке мен ананың рөлі

Қай заманда да отбасындағы әке мен ананың рөлі орасан зор және оны ештеңемен алмастыруға болмайтын болған. Табиғат пен қоғам әр ер адамды біреуге жұбай, балалардың әкесі болуға, ал әр әйелді біреудің зайыбы, балалардың анасы болуға дайындаған.

Некеге тұра отырып ер адам өзіне орасан зор жауапкершілік – әке болу, отбасына тірек болу жауапкершілігін алады. Әке болу – ер адамның әлеуметтік және адамгершілік кемелдігіне деген сынақ. Некеге тұратын, бірақ әке болудан қорқып, қашқақтайтын немесе оған іштей дайын болмайтын жігіттер қашанда болған.

Бала – отбасының беріктігі сыналатын үлкен сынақ. Олардың лайықты физикалық және ақыл-ой дамуын (тамақтануы мен білім алуын) қамтамасыз ету, балалардың бос уақытын жақсы ұйымдастыру, ата-анаға көмек көрсетуге, балалардың қосымша білім алуына және тағы басқаларға бағытталған еңбек – ата-аналардың алдарында тұрған аса маңызды міндет, міне, осы. Балаларының қасында болғанда ата-анасы өз бойларындағы мейірімділік, адалдық, жанашырлық сияқты үздік қасиеттерді танытады.

Осы айтылғандарды таразылай отырып, толыққанды тұлғаны қалыптастыру үшін отбасында әке де, шеше де керек деген қорытынды жасауға болады.

Отбасындағы міндеттерді бөлудегі қазіргі заманғы ұстаным ерінің де, әйелінің де қызмет ету, мансабын өсіруге қатысты тең құқықтары мен мүмкіндіктерін мойындайды. Ері де, әйелі де бірдей дәрежеде үй жұмысын бірге істеп, балаларына мейірімдерін төгіп, қамқорлығын танытып, тәрбиелеу жөніндегі міндетті теңдей атқара алады.

6. «Миды ояту». Отбасылық құндылықтар туралы ұғым

Сұрақ: Отбасылық құндылықтар дегеніміз не? Отбасылық құндылықтарды атаңыз. Оқушылар жауап береді, олардың жауаптары тақтаға жазылады. Одан кейін оқытушы оқушылардың өздері айқындама жасауына алып келеді:

Отбасылық құндылықтар — бұл отбасының барлық мүшелері үшін маңызды, құнды, құрметті нәрселер, олардың ортақ қызығушылықтар алаңы.

Көптеген адамдар үшін отбасылық құндылықтар шамамен бірдей болып келеді: сүйіспеншілік, ата-ана болу, адалдық, сенім, өзара құрмет, қамқорлық, ата-бабалармен байланыс, үй... Бір сөзбен айтқанда, онсыз отбасын «отбасы» деп айту мүмкін емес жайлар. Ол – ол ма — осы факторлардың жинақтаушы элементі ретінде отбасының өзі де құндылық!

Отбасылық құндылықтардың болжалды тізбесі:

- әр отбасы мүшесіне деген құрмет, қамқорлық,
- қаржылық қамтамасыз етілу,
- денсаулық, сүйіспеншілік, өзара түсіністік,
- ортақ мақсаттар,
- отбасылық дәстүрлер,
- білім алу,
- ұрпақтар байланысы,
- балалар,
- ортақ достардың болуы,
- адал берілушілік,
- абырой,
- сенім.

7. Жаттығу/бой сергіту «Отбасылық құндылықтар бәйтерегі» (топтардағы жұмыс)

Отбасылық құндылықтарды айқындау және саралау.

Әркім «Отбасылық құндылықтар бәйтерегі» деген алдын ала дайындалған әзірleme мен болжалды құндылықтар тізбесін алады (қатысушылар тезірек түсінулері үшін).

Қатысушылардың міндеттері – құндылықтарды саралау:

- тамыр жүйесіне ең маңызды, қандай жағдайда да бас тартпайтындарын орналастырады;
- діңіне – маңызды, бірақ кейбір жағдайда бас тартуға болатындарын орналастырады;
- жапырақты бұтақтарға – өздері қалайтын, бірақ міндетті емес құндылықтарды орналастырады.

8. «Миды ояту». Отбасының функциялары

Сұрақ: отбасы қандай функцияларды орындайды?

Оқушылардың жауаптары флипчартқа жазылады да жинақталады.

9. Мультимедиялық таныстырылым «Отбасының функциялары»

Мысалға ұсынылатын мазмұн.

Отбасы – күнделікті өмірде адамдардың арасындағы өзара қатынастардың орнықты жүйесі, ол бірқатар тұтастай функцияларды атқарады.

Отбасының функциялары – отбасының тіршілік қызметінің, өз мүшелерінің белгілі бір қажеттіліктерін қанағаттандырумен тікелей байланысты саласы.

Отбасының репродуктивтік функциясы – тіршілікті биологиялық тұрғыдан қайта туындату, өмірге балаларды келтіру арқылы оның үздіксіз болуын қолдау. Ол адамзаттың тіршілігін жалғастыру үшін қажет.

Отбасының әлеуметтік – демографиялық функциясы (халықтың өсуін жүзеге асыру). Қоғам келер ұрпақтың саны өткен ұрпаққа қарағанда сан жағынан көп болуына мүдделі. Бұл адамның адами-эмоционалдық қажеттілігі де. Баласыз отбасы - толыққанды отбасы емес.

Отбасының балаларды бастапқы әлеуметтендіру функциясы – отбасының баланы қоғамға біртіндеп енгізуі, оны осы қоғамға тән барлық заңдармен таныстыру. Туған кезінен бастап бала әкесімен және анасымен жеткілікті психо-әлеуметтік байланыста болса, ол үйлесімді тұлға болып өседі.

Отбасының тәрбиелік функциясы осының алдындағы функцияға жақын тұр.

Отбасы сүйіспеншілік сезімін сіңіріп, балалар мен ата-аналардың бір-бірлеріне бауыр басу, сену сезімдерін қалыптастырады. Әсіресе, отбасылық қатынастардың эмоционалдық негізін құрайтын: үлкендерді, әйелдерді құрметтеу, кішіге, қарт кісілерге қамқорлық көрсету сияқты адами сезімдерді қалыптастырудағы отбасының рөлі орасан зор.

Отбасы балаға эмоционалдық тұрғыдан жайлылық пен қорғауда болу сезімін береді. Араласып-сөйлесу, бірге еңбектену, ынталандыру, жазалау, мінез-құлқын бағалай арқылы әсер ету – дұрыс тәрбие берудің кепілі.

Отбасының бос уақытты өткізу функциясы да адами тәрбие беруге жәрдемдеседі. Бос уақыт – бұл балалардың дамуы үшін маңызды тәрбиелік, эмоционалдық фактор. Ата-анасымен бірге өткізілген уақыт балалардың мәдени, адами-эстетикалық деңгейін көтеруге, олардың рухани дамуына аса қажет.

Отбасындағы қолайсыз жайлардың балаға жағымсыз салдары - психикасының бұзылуы, мінез-құлқының қиындығы, әлеуметтік бейімделмеушілік және девианттық мінез-құлқы, одан тек отбасы ғана емес, тұтастай алғанда қоғам да зардап шегеді.

Отбасының экономикалық және шаруашылық-тұрмыстық функциясы отбасының биологиялық тіршілік етуін қамтамасыз етуде (тамақ, тұрғын үй, киім-кешек және т.б.). Отбасындағы өмір ең алдымен тұрмыстың материалдық қамтамасыз етілуімен, еңбекке қабілеті жоқ туыстар мен кәмелетке толмағандарға бірлескен материалдық қамқорлықпен байланысты.

Отбасының медициналық функциясы немесе отбасы мүшелерінің физикалық денсаулығын қолдау ең алдымен профилактикалық сипатта болады. Ол салауатты өмір салтын сақтаумен, зиянды әдеттерден бас тартумен, демалысты белсенді

жағдайда өткізумен, гигиеналық дағдыларды игерумен, сауықтыру іс-шараларын өткізумен тікелей байланысты.

10. Топтардағы жұмыс. Отбасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

Оқытушы оқушыларды 4 топқа бөледі. Әр топқа мына тақырыптарды талдап, флипчартқа жазу туралы тапсырма беріледі:

1 топ. Ата-аналардың құқықтары.

2 топ. Ата-аналардың міндеттері.

3 топ. Балалардың құқықтары.

4 топ. Балалардың міндеттері.

Одан кейін топтар өз таныстырылымдарын жасайды.

Оқытушы жауаптарды жинақтап, қорытындысын шығарады.

Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерінің белгілі бір ерекшеліктері болады:

1. Ата-аналардың өз балаларына қатысты тең құқықтары бар және теңдей міндеттер жүктеледі. Бұл ретте баланың тіркелген некеде немесе некесіз туғанының мәні жоқ.

2. Ата-аналар құқықтарының уақыты шектеулі. Бала кәмелетке толған кезде немесе кәмелетке толмаған бала іс-әрекетке толық қабілетті болғанда, ата-аналардың құқықтары мен міндеттері тоқтатылады.

3. Ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асырған кезде бала мүддесі басым болуы сақталуы керек.

4. Ата-аналар басқа адамдарға қарағанда өз балаларын тәрбиелеуге басым құқықты болады. Баланың мүддесі бұзылған жағдайда ғана бұл ережеден бас тартуға болады.

Ата-аналардың өз балаларын тәрбиелеу бойынша құқықтары мен міндеттері мыналарды:

- өз балаларын тәрбиелеп, дамытуға деген құқықтың өзін;
- өз балаларының денсаулығы, физикалық, психикалық және адами тұрғыдан даму бойынша міндетін қамтиды.

Сонымен бір мезгілде заң ата-аналарға балаларға қатысты мынадай әрекеттер жасауға:

- балалардың физикалық және психикалық денсаулығына зиян келтіруге;
- баланың адами тұрғыдан дамуына зиян келтіруге;
- баланы кемсітіп, оның адамдық абыройын қорлайтын қатыгез, дөрекі тәрбие тәсілдерін қолдануға;
- баланың намысына тиюге;
- балаларды қанауға тыйым салады.

Әрбір бала ішкі және халықаралық заңнама нормаларына сәйкес отбасылық қатынастар саласында мынадай құқықтарға ие:

- тегін, атын, әкесінің атын алуға;
- отбасында тұрып, тәрбие алуға, өзінің ата-анасын білуге; егер бала ата-анасынан немесе олардың біреуінен бөлек тұратын, сондай-ақ ата-анасы әр түрлі мемлекеттерде тұратын болса, ата-анасымен және басқа да туыстарымен араласуға;
- қажет болған жағдайда өз отбасымен қосылуға – елге кіруге және одан шығуға рұқсат алуға;

- өз ата-анасынан және отбасының басқа мүшелерінен қолдау көмек, қаражат алуға;
- ата-ана және олардың орнындағы адамдар тарапынан, сондай-ақ, егер де бала ата-ана қамқорлығынсыз қалатын болса, мемлекет тарапынан қамқорлық көруге; ата-ана және олардың орнындағы адамдар тарапынан абырой-беделінің сақталуына және оны өз мақсаттарына қолданудан қорғауға;
- ата-аналарымен, әжесімен, атасымен, аға-інілерімен, апа-қарындастарымен, өзге де туыстарымен араласуға;
- өз пікірін білдіруге құқықтары бар.

Балалардың міндеттері

- әрбір кәмелетке толмаған бала негізгі жалпы білімді алуға міндетті;
- кәмелетке толған ер бала әскери есепке тұру және әскери қызметке дайындық түрінде әскери міндетті болады;
- 17 жасқа толған жылы кәмелетке толмаған бала әскери комиссардың есепке тұрғызуға байланысты шақыртуы бойынша келуге тиіс, сондай-ақ тұрғылықты жерінің ауысқаны туралы хабарлауға, жаңа мекенжайға келгеннен кейін екі апта мерзім ішінде әскери есепке тұруға міндетті.

11. «Отбасы» тақырыбына синквейн құру

Оқытушы оқушыларға «Отбасы» деген тақырыпта ұжымдық синквейн жасауды ұсынады. Егер де оқушылар жұмыстың бұл нысанымен таныс болмаса, оқытушы оларға түсіндіреді.

Синквейн (француздың «бес» деген сөзіне шыққан) – белгілі бір тақырыптағы оқу материалын бірнеше сөзбен баяндауға мүмкіндік беретін амал.

Синквейн жасау ережелері:

1. Бірінші жолда бір сөзбен тақырып белгіленеді (зат есіммен).
2. Екінші жолда – тақырыпты екі сөзбен сипаттау (сын есіммен).
3. Үшінші жолда – осы тақырып шеңберіндегі әрекеттерді үш сөзбен сипаттау (етістік, үстеу).
4. Төртінші жолда – тақырыпқа деген көзқарасты білдіретін, төрт сөзден тұратын сөз (әр түрлі сөз таптары).
5. Бесінші жолда – бір сөз, тақырыптың синонимы.

Тапсырманы бәрі де орындағанына көз жеткізгеннен кейін, оқытушы оқушылардың өз қалаулары бойынша, «Отбасы» тақырыбына бірнеше синквейнді оқуға ұсыныс жасайды.

Үлгілік жауаптар:

1. Отбасы
2. Үлкен, ынтымақты
3. Сүйеді, аялайды, көмектеседі
4. Отбасы – бұл өмірлік құндылық
5. Жанұя

12. Дискуссия. Отбасындағы гендерлік рөлдердің бөлінуіне көзқарас

Оқытушы оқушыларға бір пікір жазылған парақшаларды таратып, «келісемін» немесе «келіспеймін» деп жазуды ұсынады:

- Жұмыс – әрине, жақсы ғой, бірақ әйел үйде, балалармен отыруы керек.
- Үй шаруасындағы әйел болу – бұл қандай да бір жұмысы бар болуымен бірдей.
- Мектеп жасына дейінгі бала өзінің анасы жұмыс істегендіктен, қатты қиналады.
- Еркектер әйелдерге қарағанда эмоцияға аз беріледі.
- Жұмыс істейтін ана баласымен жұмыс істемейтін ана сияқты жақсы қарым-қатынас орната алады.
- Жұмысы болу – бұл әйелдің тәуелсіз болуы үшін жалғыз жол.
- Күйеуі де, әйелі де үй шаруашылығына материалдық үлес қосулары керек.
- Әкелер балаларына аналары сияқты қамқорлық жасай алады.

Осыдан кейін осы пікірлердің 2-3-еуі бойынша дискуссия ұйымдастырылады.

13. Интерактивті шағын дәріс «Жауапкершілікті ата-ана»

Мысалға ұсынылатын мазмұн

Табиғат адамзат ұрпағының жалғасуын көздеген – ол баланың жатырда дамуының және дүниеге келуінің ғажайып және құпия процесі. Алайда, болашақ ата-аналар бала туу процесіне жауапкершілікпен келулері керек.

Әрбір жас адам, жігіт пен бойжеткен, ата-ананың және отбасылы адамның рөліне дайындалулары керек. Бала туу функциясы отбасы үшін қашан да маңыздылар қатарында болған. Іс жүзінде әрбір адам ерте ме, кеш пе, ата-ана болады, ал осы рөлді табысты түрде іске асыру үшін оның бойында ата-ана болуға дайындық, өзін ата-ана ретінде сезінуі керек, кез келген адам өзінің жұбайымен/зайыбымен бірге балаларды тәрбиелеу дағдысын игеруге ұмтылуы керек.

Ата-ана болу - ерлі-зайыптылар мен балалар арасындағы, баланың тууы мен оның бойына қоғамның мәдени және рухани-адами құндылықтарын сіңіруді қамтамасыз ететін тәрбиелеуді қамтитын биологиялық және әлеуметтік байланыстар. Биологиялық тұрғыдан алғанда өздерінің тұңғыш балалары дүниеге келгенде еркектер әке болады, ал әйелдер – ана атанады.

Жауапкершілікті ата-ана – бұл екеуі де – еркек те, әйел де баланың тууына салмақпен қарап, осы қадамдарын жоспарлауы, баланы тәрбиелеуге байланысты міндеттерді бөлісуі.

Жауапкершілікті ата-ана болудың бірінші шарты – баланың туу мән-жайы болып табылады. Некеде туған ба, жоқ па, жоспарланған ба немесе «болып қалды» ма, қалаулы бала ма? Жауапкершілікті ата-ана болу жолында әрбір жас жұптың жыныстық қатынасқа түсуге және некеге тұруға асықпағаны, өзінің репродуктивтік денсаулығына салмақпен қарағаны жөн.

Еркек пен әйел туралы айтатын болсақ, бала – олардың ортақ және қалаулы қуанышы. Әйелдер қасында оның бала туған кездегі қуанышын ғана емес, осы жаймен байланысты қиындықтарын да бөлісетін сенімді серік болған кезде, бала тууға ұмтылады.

Жауапкершілікті ата-ана бірінші кезекте – бұл өз істері мен өз өмірі үшін жауап бере алатын адам. Ал егер оның бойында бұл болмаса, кішкентай адам – сәби үшін

жауапкершілік туралы қалай айтуға болады? Ересек адам болған кезде адамның өзін жұмыспен, тұрғын үймен қамтамасыз етуге қабілетті және баланың өсуі үшін қолайлы жағдай туғызуға жағдайы болады.

Жауапкершілікті ата-ана – бұл ең алдымен тәрбиенің әр тараптарының теңгерімде болуы:

- баламен жүйелі қатынас жасау. Қауіп-қатері, алдайтын жалған құндылықтары қазіргі заманда ата-ана баласының өмірінде не болып жатқанын – оның қызығушылықтары мен нені жақсы көретінін ұдайы біліп отыруға тиіс, мүмкіндігінше оларды қабылдап, балаға ықпал ете алуы керек;

- ата-ана тарапынан баланы тыңдап, онымен маңызды тақырыптарға сөйлесіп қана қоймай, ақылшысы, көмекшісі болу, баланың әсерленуіне қол жеткізе алатын оған эмоционалдық қолдау жасау, оған өз проблемаларын талқылауға және іштей не нәрсеге уайымдап жүргенін айтуға мүмкіндік беру керек;

- экономикалық жауапкершілік және балаларды қолдау: баланы тамақтандыру, киіндіру, оның бос уақытын өткізуге ақша төлеу керек, қалтасында күнделікті жарататын ақшасы болуы керек. Қаржылық тұрғыдан аяқтарына нық тұрмаған ата-аналар бұл ата-аналық функцияларды атқара алуы неғайбыл, өйткені бұл - оңай емес;

- бала денсаулығын сақтау және нығайту: ата-аналар балаларын өз өмірі мен денсаулығын қадірлеуге үйретулері керек;

- ата-аналардың балаға өзі тұратын қоғамда белгіленген қағидаларды сақтауға үйрете алу қабілеті болуы керек;

- ата-аналардың баланың бойына өмірдегі отбасы, мәдениет сияқты негіздік (базалық) құндылықтарды сіңіре алу қабілеті болуы керек.

Осыған байланысты әрбір жас адам осы міндеттерді орындай аламын ба және жауапкершілікті ата-ана бола аламын ба деп ойлануға міндетті.

14. Кері байланыс. Шығарма-эссе «Менің болашақ отбасым»

Оқушылар эссе жазады, қалағандары өздерінің шағын шығармаларын дауыстап оқиды. Оқытушы оларды талқылауды ұйымдастырады.

15. «Сыр бөлісу» парақшаларын» толтыру. Оқытушы сабақ қорытындыларын шығарады.

«Сыр бөлісу» парақшалары»

Мына сұрақтарға (аты-жөніңізді көрсетпей) барынша ашық

жауап беруіңізді өтінеміз:

1. Бүгінгі сабақ сіздің бойыңызда қандай сезімдерді оятты?
2. Сізді әсіресе не толқытты (таңқалдырды, әсер етті)?
3. Өзіңіз үшін Сіз қандай қорытынды жасадыңыз?
4. Сіз қандай сұрақтарға жауап алғыңыз келер еді?

Модуль 5.

Адамның өнегелі-жыныстық дамуы.

Сабақ 5.5 Отбасындағы жәбір. Мектептегі жәбір көрсету. Адамдармен саудаласу.

Мақсаты:

Оқушыларда адам құқықтары бұзылу, олардың әрбіреуі үшін жауапкершілікті сезіну, қауіпсіз іс-қимыл дағдыларын жасау және ескерту ретінде зорлық-зомбылық және адамдармен саудаласу түсінігін қалыптастыру.

Міндеттері:

1. «Зорлық-зомбылық», «адамдармен саудаласу» түсініктерін ашу.
2. Зорлық-зомбылықты ескерткені үшін адам құқықтары мен жауапкершілігі түсінігін беру.
3. Адамдарға зорлық-зомбылық көрсету және адамдармен саудаласу зардаптарымен таныстыру.
4. Зорлық-зомбылық, адамдармен саудаласу және адам құқықтары арасында өзара байланысты көрсету.
5. Зорлық-зомбылыққа ұшыраған адамдарды қолдау қызметтерімен таныстыру.

Шешуші түсініктер: зорлық-зомбылық; отбасындағы зорлық-зомбылық; мектептегі зорлық-зомбылық; адамдармен саудаласу, адам құқықтары бұзылуы; зорлық-зомбылық зардаптары; қолдау қызметтері, жауапкершілік, қауіпсіз іс-қимыл.

Сабақтар өткізу әдістері: Ой-талқы, шағын дәріс, шағын топтарда жұмыс жасау, рөлдік ойындар, картаны құрастыру, сауалнаманы толтыру, «ашық айту парақтарын» толтыру, қауіпсіз іс-қимыл ережелерін құру.

Жабдығы және материалдары: флипчарт (магнит тақтасы); флипчарт қағазы; маркерлер; мультимедиапроектор; «ашық айту парағы»; анкетес; қағаз парақтары (А-4); мақұлдау парақтары «келісемін, келіспеймін, сенімді емеспін»; жағдайлар тақырыптары бар карталар; үлкен қағаз парақтары (топқа біреуден); түсті борлар немесе қарындаштар; карталар ілуге арналған скотч.

Сабақ барысы

1. **Оқытушының кіріспе сөзі**, онда ол сабақ тақырыбы мен мақсатын хабарлайды.
2. **Шынығу үзілісі. Жаттығу «Комплимент».**
Әрбір оқушы кезектесіп оң жақтағы көршісін есімін атап, оған қошемет сөздер айтады.
3. **Жаттығу. Отбасындағы қарым-қатынас.**
Оқытушы әр оқушыға ойланып, қысқаша «отбасындағы қарым-қатынас» сөз тіркесі бойынша онда қандай және неліктен ассоциация туындайтынын айтып беруді ұсынады? (Тандап, қалауы бойынша жауап береді). Оқытушы оқушылардың жауаптарын жалпылайды.

4. Топтарда жұмыс жасау. Отбасындағы адам құқықтары.

Оқушылар «орман» (шырша, балқарағай, қарағай, қайың) принципі бойынша 4 топқа бөлінеді.

1 және 3 топтарға 5-7 минутқа тапсырма беріледі: «Отбасында адам құқықтары сақталуы», ал 2 және 4 топтарға «Отбасында адам құқықтары сақталмауы» тақырыбына жағдайды елестету - және сынып алдында ойнау. Сосын талқылау ұйымдастырылады, оның барысында оқушыларға Отбасында адам құқықтары нағыз сақталуын қай қойылымда көргендігі және неліктен екендігі, ал қайсысында - көрмегендігі жөнінде айту ұсынылады.

5. Ой-талқы.

Оқушыларға сұраққа жауап беру ұсынылады: зорлық-зомбылық деген не?

Сосын оқытушы барлық жауаптарды жалпылайды.

Мысал жауап:

Зорлық-зомбылық – адамға қарсы немесе оның еркіне қайшы организм немесе психикасына қоғамдық-қауіпті заңға қайшы ықпал ету.

6. «Отбасындағы зорлық-зомбылық» мультимедиялық тұсаукесермен бірге жүретін шағын дәріс.

Үлгілі мазмұны

Отбасындағы зорлық-зомбылық - бұл отбасындағы бір мүшесінің басқа мүшеге қатысты физикалық, сексуалды, психологиялық немесе экономикалық бағыттағы кез келген қасақана әрекеттер, егер бұл әрекеттер адам және азамат ретінде отбасы мүшесінің конституциялық құқықтары мен еркін бұзса және оған моральді зиян, оның физикалық немесе психикалық денсаулығына зиян келтірсе.

Күш көрсету, психологиялық, экономикалық немесе сексуалды және гендерлік – ол қоғам мен отбасында әйелге, қызға деген дәстүрлі патриархалды көзқарастар салдары болып табылады.

Кейбір отбасыларында отбасындағы ересек мүшесіне, балаға қатысты әртүрлі күш көрсету жағдайлары болып тұрады. Үйдегі күш көрсету құрбаны ретінде кез келгені бола алады: ері үнемі ұрсып, соққыға жығатын әйел, өзінің өгей әкесінен сексуалды қудалаудан азап шегішу жеткіншек қыз, ішкіш анасы соққыға алатын ұл, өзінің балалары жек көретін егде адам.

Отбасындағы күш көрсету – отбасының бір мүшесінің басқа мүшесіне соққы, дене жарақаттарын қасақана келтіруі, бұл жәбірленуші өлімге келтіруі мүмкін немесе келтірілген жағдай, денсаулығы немесе психикасы бұзылуы, оның ар-намысына зиян келтіру.

Отбасындағы психологиялық зорлық-зомбылық – отбасының бір мүшесінің басқа мүшесіне әдейі эмоциялық сенімсіздігімен, өзін қорғау қабілетсіздігі және психикалық денсаулығына келтірілуі мүмкін немесе келтірумен болған тіл тигізу

немесе қауіп төндіру, қудалау, қорқыту арқылы психикасына ықпал етумен болған зорлық-зомбылық;

Отбасындағы экономикалық зорлық-зомбылық – жәбірденуші заңмен көзделген құқығы бар отбасының бір мүшесінің басқа мүшесіне қатысты тұрғын үйден, тамақ, киім-кешек немесе қаражаттарынан қасақана айыруы, бұл оны өлімге келтіруі, денсаулығы немесе психикасы бұзылуына келтіруі мүмкін.

Отбасындағы сексуалды және гендерлік зорлық-зомбылық – отбасының бір мүшесінің отбасының басқа мүшесіне жыныстық қолсұқпаушылығына заңға қайшы озбырлығы, сондай-ақ, отбасының кәмелетке толмаған мүшесіне сексуалды сипаттағы әрекеттері.

Сексуалды және гендерлік зорлық-зомбылық деп адамға күшпен мәжбүр ететін кез келген сексуалды іс-қимыл түсіндіріледі. Сексуалды зорлық-зомбылық сексуалды сипаттағы зорлау, күш көрсету, ондай әрекеттерге мәжбүрлеу, сексуалды пайдаланумен сипатталады.

Бұл барлық формадағы адамға ықпал етулер айқын деструктивтік сипатта және өзі және дүниеге сенім жоғалтуына, тағатсыздыққа, абыржуға, ұйқы бұзылуы және тәбет болмауына, депрессия, агрессивтілік, жалтақтылыққа, өз өзін төмен бағалауға келтіреді.

Жасалған зорлық-зомбылыққа жауап ретінде симптомдар айқындалады: байланған еске түсулер және ұйқы; жоғарылатылған мазасыздану; жымсықтық және жалғыздыққа тырысу; эмоциялықты төмендету; депрессияға және есірткі құралдарын бейімділігі; себептелмеген қаттылығы, агрессивтілік, өзіне бағытталған агрессия; суицидалды тенденциялар.

7. Топтарда жұмыс жасау. Отбасында зорлық-зомбылық салдары.

Оқытушы оқушыларды «кұстар» принципі бойынша (бүркіттер, бұлбұлдар, қарлығаштар, көгершіндер) 4 топқа бөледі.

Әр топқа тапсырма беріледі: отбасындағы зорлық-зомбылық қандай зардаптарға келтіретіні жөнінде талқылап, флипчартта жазу.

1. Топ «бүркіттер» - күш көрсету.
2. Топ «бұлбұлдар» - психологиялық зорлық-зомбылық.
3. Топ «қарлығаштар» - экономикалық зорлық-зомбылық.
4. Топ «көгершіндер» - сексуалды және гендерлік зорлық-зомбылық.

Топтар өз еңбектерін көрсетеді. Оқытушы оқушылармен бірге жалпылама қорытынды жасайды.

8. Жаттығу «Келісемін — келіспеймін».

Бұл сабақ оқушыларды ойлау, тіл және қозғалыс үдерістеріне тартады. Ол бір бірін тыңдауды және әртүрлі пікірлерді сыйлауды үйтертуге көмектеседі.

Оқытушы бір бірінен бернеше метр қашықтықта іліп қоюға болатын үш белгіні іледі. Бір белгі «КЕЛІСЕМІН» (жасыл) жазуымен, басқасы «КЕЛІСПЕЙМІН» (қызыл) және «СЕНІМДІ ЕМЕСПІН» (сары) жазуымен.

Сосын оқытушы метпетегі зорлық-зомбылық туралы пікір сөздерді дауыстап оқиды. Әрбір қатысушы, осы пікір айту туралы не ойлайтындығын шешуі тиіс. Ол бұл пікір сөзбен Келісемін, не келіспеймін немесе сенімді емеспін? Қатысушылар олардың пікірін көрсететін белгінің қасына барып тұруы қажет.

Оқытушы оқушыларға осы пікір сөздерді немесе өз ойларын оқып береді:

1. Дене жазасы (желкеге ұру, шапалақ) егер олар балаларға оқуына көмектесетін болса, пайдаланылады.

2. Сөз жазасы (балағат сөз, кемсіту) күш көрсетуден гөрі балаларды соншалық ренжітпейді.

3. Мазақ қылған балаларға өзін қорғауды үйрену қажет.

Әр пікір сөзді оқығаннан кейін кейін қатысушылар қай белгі астында орын алуға уақыт беру қажет.

Сосын оқытушы әр топтың бірнеше қатысушыларына олар осы белгі астына тұрғанын түсіндіруді ұсынады. Өз көзқарастарын оларды өзгертуге мәжбүрлейтін жағдайды естісе, қалғандары басқа орынды алуға құқығы бар.

9. «Мектептегі зорлық-зомбылық» мультимедиялық тұсаукесермен бірге жүретін шағын дәріс.

Мектептегі зорлық-зомбылық — оқушыларға қатысты оқушылармен немесе мұғалімдермен, және мұғалімге қатысты оқушылармен күш қолдану.

Мектептегі үнемі зорлық-зомбылық По данным ДДҰ деректері бойынша ұсынады:

21% қыздар және 22% ұлдар 11 жаста

20% қыздар және 19% ұлдар - 13 жас

12% қыздар және 13% ұлдар - 15 жас.

Қазақстанда мектеп оқушылары арасында жағдай 9-17 жас:

66,2% зорлық-зомбылықпен ұшырасты, олардың арасында 24% - ренжітушілер, 44% - құрбандар.

Балалар арасында зорлық-зомбылық пен кемсітушілік (барлық формалар) - 66,2%

Олардың арасында:

психологиялық зорлық-зомбылық - 60,0%;

күш көрсету - 52,8%;

сексуалды және гендерлік - 14,3%;

ақша талап ету - 9,8%;

кибербуллинг - 3,0%;

кемсітушілік - 38,8%.

Зерттеуде жеке тақырыбы балалар арасындағы суицид мәселесі тұр.

Шешім қабылдау бойынша қадамдардың мысал тізімі:

1. Жағдай туралы ойланыңыз.
2. Отбасылық және жеке құндылықтарды назарға алыңыздар.
3. Мәдени құндылықтарды назарға алыңыздар.
4. Досыңнан, үлкендерден кеңес алыңыздар.
5. Шешімнің барлық нұсқаларын ойластырыңыздар.
6. Шешімнің нұсқаларынан әрбіреуі қандай салдарға және нәтижелерге келтіруі мүмкіндігін ойластырыңыздар.
7. Үздік нұсқасын таңдап, шешім қабылдаңыздар.
8. Қабылданған шешімді орындау үшін өзіңізге жауапкершілік алыңыз.

16. «Сексуалды қарым қатынастарда проблемалық жағдайларды шешу және тиімді қарым қатынас дағдыларын дамыту» мультимедиялық тұсау кесермен бірге жүретін шағын дәріс

Үлгілі мазмұны

Әрбір адамның өмірінде адамдармен қарым қатынас жасай білу маңызды. Қарым қатынасы жасау достармен, ата ана, ересектер, мұғалімдермен араласқан кезде, туындаған дауды шешкен кезде, нандыру немесе өз көзқарасын қорғау қажет кезде айқындалады және т.б.

Жасөспірімде қанша достар немесе жаулар болуы оған сыныпта қарым қатынас қандай, онда бозбала (бойжеткен) бар ма, ол қандай бағалар алады, бос уақытын қалай өткізеді, мектеп пен үйде оның мінез құлқы қандай – осының барлығы жасөспірімнің қарым қатынас жасай алуы және оның басқа адамдарды түсіне алуына байланысты.

Тиімді қарым қатынас жасау өз өзіне сенуге, тануға, өз эмоциясын басқара алуға және т.б. байланысты.

Әрбір адамның болашағы өз қатынастарын дұрыс қалыптастыра алуына, оны қоршаған адамдармен тиімді араласа білуіне байланысты.

Өзіңнің болашағыңа дайын және сенімді болу үшін не қажет?

1. Құрылымды қарым қатынас және жағымды мінез құлық дағдыларына ие болуға.
2. Тыңдай білу, өз көзқарасын айта білу, кесінді шешімге келу және басқа адамдарды түсіне білу.
3. Өз жасаған ісі үшін жауапкершілікті қабылдай білу.
4. Сенімді іс-қимыл дағдыларын және топтық қысымға қарсы тұра білуін өз өзіне қалыптастыру.
5. Өз сезімдері және эмоцияларымен басқара білу.
6. Өз өмірлік перспективаларын, мақсаттары, жолдары және оларға жету әдістерін түсінуге тырысу.

Достық және махаббат сияқты сезімдер қалыптастыру негізі ретінде қуаныш, нәзіктік, қанағаттанарлық және басқа жағымды эмоциялар болып табылады.

Достық тамаша сезімі адамдар арасында әртүрлі қызығушылықтармен туындайды. Өз досыңнан жеткіншек түсінікті, ұқсастықты және бірге өткеру сезімдерін іздестіреді. Дос – тыңдайтын және түсінетін, жақсы кеңес беретіннің өзі.

Жасөспірім кездегі достық әдетте бір жыныстағы, жиі кластастар арасында туындайды. Жеткіншектің қарым қатынас ортасы бұрынғыға қарағанда кеңейе бастайды. Сол кезде жеткіншектерде көптеген достар және таныстар пайда болып, тек қана өзара бір бірін ұнату емес, сонымен бірге ортақ қызығушылықтары, шұғылданатын мақсаттары, бос уақытын өткізетін жерлері біріктіретін топтар немесе компаниялар жасалады.

Достық қарым қатынас өзара түсіністікті, ішкі жақындықты, ашық болуды, бір біріне, өзіне сияқты қарым қатынас жасау көзделеді, онда өзіндік шынайы «Мен» ашылады.

Біз барлығымыз жақсы көруге және сүйікті болуға тырысамыз. Махаббат – бұл үнемі біздер ойлайтын барлық ғасырларда ақындар жазатын, әншілер өлең жазатын,

режисерлер фильмдер көрсететін сезім. Махаббат тарихы әр адамның әр жүрегіндегі болатын ішектерін қозғайды. Махаббат адам сезімдерінің ең жұмбағы. Махаббат тақырыбы шексіз бай және мазмұны жағынан алуан түрлі, байқалу жағынан қайталанбас. Осы түсініктің көп мағыналылығы және көп қырлы болуы шексіз. Отанға махаббат, анаға махаббат, әкелік махаббат, жас кездегі махаббат, әуенге махаббат, өз ісіне махаббат, өмірге махаббат.

Ересек жасөспірім кезінде зор эмоциялық шиеленісумен жүретін романтикалық махаббат туындайды және әдетте ұзақ болмайды.

Жасөспірімдердің романтикалық және махаббат қатынастары сексуалдықпен әлі байланысты емес. Сексуалдық жасөспірімдерде жыныстық жетілу салдары ретінде бозбала кезінде байқалады, бірақ әлеуметтік жетілгендігін білдірмейді.

Жоғары эмоциялық жеткіншектер қарым қатынасы, құрбылармен қарым қатынастардың жоғары мәнділігі әлеуметтік тәжірибенің жетіспеушілігі, жасөспірімдердің тұлға аралық тартылуы психологиялық сипаттағы проблемалармен өте тығыз байланысты.

Алғашқы махаббат – бұл романтика, күйзелу, абыржу сияқты алғашқы ашық сезім. Осы сезімге берілу жасөспірімдерде зор, олар жиі физикалық жақындасу немесе некеге тұруға да дайын. Бірақ бұл әйел және ер адам арасында өзара қатынастардың барлық қиындықтарын тануға тек кедергілер туындатады.

Психологтардың айтуынша, адам сезімдерді ажырата білуі тиіс: қызыққа түсу, сүйіспеншілік және махаббат, бұл жеткіншектерге оңай емес. Қызыққа түсу сүйіспеншілік және махаббат сезімдерін ажыратуға болады және де оған жақсы көмекші бұл уақыт. Сүйю күшті сезім және кейде осы адаммен өз өмірін байланыстыруға болатындай көрінеді. Бірақ уақыт өте келе адамдар жай ғана жақсы достар болып қалады. Сондықтан да ата аналар үнемі асықпауды айтады және бұл кеңес мағыналы.

Өзінің достық қатынасын және басқа адамға махаббатты білдіру әдістері алуан түрлі. Махаббат пен достық адамдарға өздерін жақсы сезінуге көмектеседі. Мүгедектілік немесе денсаулық жай күйі достық және басқа қатынастар, не болмаса махаббат дамуына кедергі болмайды.

Махаббат, достық, қызыққа түсу және сексуалды тартымдылық әртүрлі эмоцияларды туындатады. Тығыз қатынастар кейде сексуалды қатынасқа өтуі мүмкін. Қарым қатынастар сау немесе сау емес болуы мүмкін. Гендерлік рөлдер тұлғалық қатынастарға ықпал етеді. Ал гендерлік теңдік неғұрлым сау қатынастардың бір бөлігі болып табылады. Қарым қатынастағы теріс пайдалану және күш көрсету гендерлік рөлдер және стереотиптермен тығыз бірге жүреді. Күш көрсету қатынастары сау емес қарым қатынастар үлгісі болып табылады. Махаббат, ынтымақтастық, гендерлік теңдік, бір бірі туралы қамқорлық және өзара сыйластықтың отбасының тиімді қызмет етуі және сау қарым қатынастар дамуы үшін аса маңызды.

Жыныстық, немесе сексуалды адамның іс қимылы әлеуметтік іс қимыл нұсқаларының бірі болып табылады. Биологиялық көзқараста тірі организмдердің жыныстық іс қимылының негізгі мақсаты өзіне ұқсасты дүниеге келтіру, яғни тегін жалғастыру болып табылады.

Жеткіншектер үшін сексуалды іс қимылдың тағы да екі негізгі формасын бөлуге болады:

1. Жыныстық қызығушылықты қанағаттандыру.
2. Сексуалды өзін өзі сендіру құралы.

Сексуалды іс қимыл туралы тиімді шешімдер қабылдауға әртүрлі кедергілер келтірілуі мүмкін. Эмоциялар сексуалды іс қимыл туралы шешімдер қабылдауға ықпал ететін факторлардың біреуі болып табылады. Ішімдік және есірткіде сексуалды іс-қимыл туралы жауапты шешімдер қабылдауға кедергі келтіруі мүмкін. Сексуалды іс қимыл туралы шешімдер қабылдауға барлық ықтимал салдары кіреді. Сексуалды іс қимыл туралы шешімдер денсаулыққа, болашаққа және өмір жоспарларына ықпал етуі мүмкін.

Сексуалды іс қимыл өзі және басқалары үшін зардаптарымен бірге жүреді, олар заңды салдарын және де қажет емес жүктілікті немесе ЖЖЖИ, соның ішінде АИВ кіргізіледі.

Ұлттық заңнама жас адамдар нені жасай алады және жасай алмайтындығын анықтайды. Адам құқықтарын сақтауды реттейтін пайдалы құжаттар болып табылатын (мысалы, CEDAW, КПП), және медициналық қызметтерге қолжетімдікті қамтамасыз етуге қатысты ұлттық заңнаманың, жыныстық қатынастарға түсуге келісу қажет жаста оларға сілтейтін жыныстық және репродуктивтік денсаулыққа қатысты халықаралық конвенциялар және келісімдер бар және т.б.

Көпшілік елде зорлық зомбылық қатынастарына тыйым салатын заңдар бар. Адамдарды зорлық зомбылық қатынастарды анықтау дағдыларына үйретуге болады. Адамдар зорлық зомбылық қатынастары туралы хабарлауы тиіс. Әдетте зорлық зомбылық қатынастарға жол бермеуге адамдарға мүмкіндік беретін құқықтық механизмдер бар

Дағдарыс жағдайларында отбасы мүшелері хабарласа алатын қолдау қызметтері бар. Егер отбасы мүшелері бір бірін қолдаса және өзара сыйластықты танытса, дағдарыстарды отбасы жеңе алады.

17. Топтарда жұмыс жасау. Сексуалды қатынастарға түсу себептері.

Оқушылар 2 топқа бөлінеді.

Әр топ бозбалалар мен бойжеткендер сексуалды қатынастарға түсу себептерін талқылап, тңзңм құру тапсырмасын алады.

Мысал тізім:

- күшті сексуалды құштарлық;
- махаббат;
- тәжірибе алу;
- ойын-сауық;
- әуесқойлық;
- серігін ұстап қалуға тырысу;
- өзін-өзі таныту;
- бала болуын қалау;

- отбасын құрғысы келуі;
- «барлығы сияқты болғысы» келуі;
- мәжбүрлеу;
- табыс тапқысы келуі.

18. Пікір-талас. Отбасы ішіндегі қарым-қатынас.

Оқытушы оқушыларға келесі сұрақтарды талқылауды ұсынады:

1. Отбасына сексуалды өмір және жыныстық қарым-қатынастар проблемалары қалай әсер етеді (мысалы, АИВ-позитивті статусын мойындауы, қажет емес жүктілік, бір жынысты сексуалды қатынастарға түсуі)?

2. Отбасының жас мүшесі өзінің АИВ-позитивті статусы туралы, келісілген некеден бас тартуы немесе өзінің сексуалды бейімділігі туралы хабарлаған кезде, отбасы мүшелері рөлдері өзгеруі мүмкін бе?

19. Сабақтың соңында оқушыларға «ашық айту парақтарын» толтыруды ұсынады:

1. Бүкіл сабақ бойы сіз қандай сезімде болдыңыз?
2. Сабақта ұсынылған ақпарат Сізге қажет деп санйсыз ба?
3. Материал түсінікті түсіндірілді ме, қолжетімді ме?
4. Өз тұлғаңды қалыптастыруда осы сабақ «алға қадам» деп санайсыз ба?
5. Адамдармен тиімді өзара қатынастарды құру жағынан Сізге сенімділік пен оптимизм қосылды ма?

20. Оқытушы сабақ қорытындыларын жасайды.

Модуль 5.

Адамның өнегелі-жыныстық дамуы.

Сабақ 5.8

Репродуктивтік жүйе және адам ұрпағының жалғасуы. Өсуі, дамуы, жетілуі және жыныстық елігуі. Дене жыныстық, зияткерлік, психикалық, психосексуалды және сексуалды жасөспірімдер даму ерекшеліктері.

Мақсаты: Жасөспірімнің жыныстық жетілу кезеңінде физиологиялық өзгерістер ерекшеліктерін және сексуалды қатынастарын зерттеу.

Міндеттері:

1. Жыныстық жетілу кезеңінде жасөспірімдермен болатын өзгерістер түсінігі қалыптасуына ықпал ету.
2. Менструалды циклмен және ұрықтандырумен таныстыру .
3. Жасөспірім кезінде жеке гигиена ережелерін әзірлеу. Сүндетке отырғызу. Өзін өзі бағалау дағдыларын, шешімдер қабылдау және өз денсаулығына жауапты қарау, күнделікті өмірде деректерді іске асыруды дағдыландыру.
4. Сексуалдық, оның даму кезеңдері және сексуалды іс-қимыл формалары түсінігін беру. Жасөспірім кезеңінде сексуалды қатынастар құндылықтарын ұстанымдары және білімдерін қалыптастыруға ықпал ету.

Шешуші түсініктер: репродуктивтік жүйе, жыныстық жетілу кезеңі, ұрықтандырылу, дене гигиенасы, сексуалдық.

Сабақ өткізу әдістері: Ой-талқы, шағын дәріс, топтарда жұмыс жасау, ұжымдық жұмыс, шынығу үзілісі, пікір-талас.

Жабдығы және материалдары:

Флипчарт, маркерлер, қағаз А4, мультимедиапроектор.

Сабақ барысы

1. **Оқытушының кіріспе сөзі**, онда ол сабақ тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін хабарлайды.
2. **Шынығу үзілісі. Жаттығу «Жел соғады».**

Жүргізуші шеңберге тұрып айтады: "Жел соғады, кімде ..." және қатысушылардың біреуіне келетін киімдегі қандай да бір белгіні айтады. Тапсырма белгіде айтылған киімнің сол элементіне адамды ұстап алудан тұрады. Егер белгі бірнеше адамға келсе, онда бірнеше адамды ұстауға болады. Мысалы, жүргізуші айтады: «Жел кімде жолақ свитер болса соған қарай соғады». Бұл жерде барлығы жолақ свитерді ұстауы тиіс. Кім соңғы ұстаса сол жүргізуші болады.

3. Шағын топтарда жұмыс жасау.

Оқытушы оқушыларды екі топқа бөледі.

Топтар тапсырма алады, келесі сұрақтарды талқылап, жауап беру керек:

Бірінші топ – жыныстық жетілу кезеңінде қыздармен болатын дене өзгерістері және проблемаларын атау.

Екінші топ - жыныстық жетілу кезеңінде ұлдармен болатын дене өзгерістері және проблемаларын атау..

Барлық жауаптарды оқушылар флипчартқа жазып, топтық жұмыста көрсетеді..

Тұсаукесерден кейін оқытушы келесі сұрақтарды қоя отырып пікір талас жүргізеді:

- Жасалған тізбеде қандай ұқсастықтар мен айырмашылықтар бар?
- Жыныстық жетілу кезеңінде болатын дене және эмоциялық өзгерістерді жеңу үшін басқасына қарағанда бір жыныс неғұрлым дайын деп ойлайсыз ба?

Оқытушы оқушылармен бірлесе қорытынды жасайды.

4. «Ұлдар мен қыздардың жыныстық жетілу ерекшеліктері» тақырыбына мультимедиялық тұсаукесермен бірге жүретін оқытушы шағын дәрісі.

Үлгілі мазмұны

Жыныстық жетілу — өте күрделі үдеріс, онда жетілуге жетелейтін организмнің дене, психикалық және әлеуметтік қайта құрылуы жүреді.

Жиі ашық сөйлескіш бала кенет қоздырғыш күйде өрескел болып қалатындығын байқауға болады. Бұл әдетте 10-15 жаста болады. Олардың мінез құлқы ғана емес, сырт пішіні де өзгереді. Олар тез бойы өсіп, жіңішкере бастайды. Кейде ебедейсіз болып бетіне бөртпелер шығады.

Жасөспірім кезеңінде организмде не жүреді? Жасөспірім кезеңінде балалық шақтан жастық шаққа өту жүреді. Осы кезеңде организмнің күрт гормональді қайта құрылуы басталады: ішкі секреция бездерінің қызметі күшейеді .

Денесі, барлық органдары және жасушалары тез өседі, бірақ әртүрлі дене мүшелерінің өсу қарқыны бірдей емес. Көбінесе қолдары және аяқтары ұзарады. Денесінің кей мүшелерінің тегіс емес өсуі қозғалысында уақытша үйлестіруін бұзады – ебегейлік, дөрекі қозғалыстар пайда болады. 15-16 жастан кейін бұл құбылыстар біртіндеп өтіп кетеді.

Жасөспірімнің дене дамуының негізгі сыртқы көрсеткіштері ретінде бойы, салмағы және кеуде клеткасының айналасы болып табылады. Көбінесе мүсіні, жай күйі, бұлшық ет даму дәрежесі, тонусы, терасты майлағыш клетчаткалар дамуы маңызды болады.

Жасөспірім кезеңінде дене пропорциялары және адамның сырт пішіні жеке ерекшеліктері анықталады. Осы кезеңде ұлдарда арқа мускулатура жиі және кеудесі байқалады, ерте жасқа тән жиектер дөңгеленуі бұзылады, терасты май

қабаты мөлшері кемиді, бір мезгілде елеулі денесі және аяқ қолдарының бұлшық еттері күшті дамуымен байланысты бұлшық ет массасы артады.

Қыздарда бұлшықет жүйесі өсуі мен дамуымен қатар тері асты майлағыш қабаты жас өсе келе тегіс артады. Оларда денесінің жоғарғы бөлігі ұлғаяды. Оларда денесінің жоғарғы бөлігі ұлғайып, мықындары кеңейіп, сондықтан қыздар фигурасы дөңгелене түседі.

Осы жаста адамның дене дамуына тек тұқымқуалайтын емес, көбінесе экологиялық орта, тамақтану және демалыс түзімі, ойлау және дене еңбегі кезектесуі, қозғалысы белсендігі сияқты және т.б. сыртқы факторлар әсер етеді.

Сендердің құрдастарың тартымды болғысы келеді, сондықтан олар сырт пішінге аса қызығушылықты танытады, кейде бұл қамқорлық ету барлық қолжетімді шектерден өтіп кетеді. Жасөспірім өсу қарқыны әлі басталмаға 15 жастағы ұл бала өз сыныбындағы орта бойлы қыздан 15 см төмен болуы мүмкін, ал 14-жастағы қыз 165 см бойымен 65 кг салмағы болуы мүмкін. Осы көптеген жеткіншектер ұялшақ, ұяң болуы мүмкін, сондықтан дене ерекшеліктері аса назар аудару және зерттеудің нысаны болады. Бұл жасөспірім қалай да болсын басқаларына ұқсамаудан қашқақтайды, себебі құрдастары тарапынан стандартты жай күйден дене жағынан аутқушылығы келемеждеуді келтіруі мүмкін.

Өз сырт пішініне аса назар аударудың ондай себептерінің бірі, жасөспірім өзін әлі де тұлға ретінде сезбеуінен, сондықтан онда сұрақ туындайды: "Мен қандай болып көрінемін?", "Мені басқалары қалай көреді екен?" , бұл сұрақтар: "Мен өзім не білдіремін?" сұрағымен ассоциирленеді.

Қыз -жеткіншектер сүт бездері ұлғаюын байқап қана қоймай, өзін басқа құрбылары және таныстарымен салыстыру, міне осы сұрақ аса оларды. (Ұлдар да қыз-құрдастарының сүт бездері ұлғаюы байқайды және басқаларымен салыстырады; кеуденің аса ұлғаюы немесе тым кішкентай болуы да оларды толғандырады).

Ұл-жеткіншектер және достары еркектік жетілуін бұлшық еті дамуы, бетіндегі тікендер өсуі, дауыс тембрі бәсеңсуінен бағалайды. Дене жағынан баяу өсетін жеткіншектерде әсіресе ұлдар шешілетін жер абыржыту сезімін келтіреді, себебі олар басқалары тарапынан келемеждеуді қажет етпейді. Көптеген жағдайларда психикалық және дене бамуы туралы ойланулары біртіндеп жоғалады, бірақ ересектік ерте кезеңінде осы құбылыстармен байланысты сипатталған проблемалар түсінікті себептермен екінші мағынаны білдіреді. Нәтижесінде, өз денесі туралы байланысты ішкі тынулары толықтай логикаға сай, себебі дене тартымдығы мен жасөспірімдер қоғамында әлеуметтік статусы арасында тура байланыс бар.

Жасөспірім кезеңінде ата-анадан еңгұрлым аз тәуелді болу қажеттілігі туындайды. Жеткіншектер көбінесе ата-аналарымен емес өз құрдастарымен араласады және тәуелсіздікке жету үшін нандырудың өз жүйесін орната бастайды. Ата-аналар мен жеткіншектер арасында қашықтық артады және жасөспірім тарапынан қарсы тұруына келтіруі мүмкін.

Ұлдардың жыныстық дамуы.

Жыныстық жетілу кезеңде ұл организмінде бірқатар физиологиялық, сондай-ақ, психо-эмоциялық өзгерістер жүреді. Дауыс тембрі өзгереді. Дауысы кейде қарлығып сөз немесе фраза ортасында өзгеріп кетуі мүмкін. Оған себеп – дауыс желбезегі және көмескі шеміршегі өсіп, өзгереді. Ұма, аталық бездері мен жыныс мүшесі ұлғайып, шат және жыныс мүшесі айналасында түктер өсе бастайды. Қолтық астында да түке өседі. Аяқтағы түктері қоюланып, ұзарады, жоғарғы ерні мен тамақ астында қаттырақ түктер пайда болады — болашақ мұрт пен сақалдың кейпі. Түктер сонымен бірге әдетте 20 жастан кейін өссе де, кеуде жағында да пайда бола бастайды.

Қыздардың алғашқы етеккір циклі сияқты ұлдарда поллюциялар пайда болуы жетілген сперматозоидтар жасалу үдерісі туралы растайды. Олар 14-15 жаста пайда болады және әдетте айына 1-2 рет болады. Поллюциялар бұл көбінесе ұйқы кезінде жүретін ұрықтың еріксіз шашылуы.

Ұлдарда жыныстық белгілер пайда болуы реттілігі

10–11 жас — ұрық безі және жыныстық мүше өсуінің басталуы;

11–12 жас — простата ұлғаюы, көмей өсуі;

12–13 жас — ұрық безі және жыныстық мүшенің елеулі өсуі; шапта түктер өсуі;

13–14 жас — ұрық безі және жыныстық мүшенің әрі қарай өсуі, емшек айналасында түйін тығыздалуы, даусы өзгеру басталуы;

14–15 жас — қолтық астында түктер өсуі, әрі қарай дауыс өзгеруі, бетте түктер өсуі, ұмада дақтар пайда болуы, алғашқы эякуляция;

15–16 жас — сперматозоидтар жетілуі;

16–17 жас — ер типі бойынша шапта түктенуі (түктердің тік өсуі), бүкіл денесінде түктер пайда болуы;

17–21 жас — қаңқа өсуінің тоқталуы.

жыныстық жетілу кезеңінде ұлдар тез өседі. Осы кезде олардың бойы 20 см артады. Бұл жиі «бой секірісі» деп аталады. Салыстырмалы қысқа уақытта ұлдар бірден 5–8 см өсуі мүмкін, және кей кезде оның бүкіл денесі тек аяқ-қолдан жаралған сияқты көрінеді. Ол ебегейсіз көрініп, ол тез арада өзгерген, әлі оған үйренбеген денесін басқару қиын. Дененің жеке бөліктерінің тегіс емес өсуі жеткіншектер үшін епсіздікті туындатады, бұл оларды ойлантып, сонымен бірге еркек типі бойынша қаңқа қалыптасуы басталады: бұлшық еттер белсенді дамиды, кеуде қаңқасы кеңейеді. Ұлдар салмақ қосады, олардың тері асты май қабаты кемиді. Жыныстық

жетілу кезеңінде белгіленетін ішкі секреция бездерінің жоғарғы қызмет етуі май және терлету бездерінің күшейтілген секрециясына жол ашады.

Қыздың жыныстық дамуы.

Алдында айтып кеткендей, басқа жүйлерге қарағанда, әйелдің репродуктивтік жүйесі оның организмі ұдайы өсуге дайын болған кезде 16–17 жаста неғұрлым көп қызмет ету белсенділігіне жетеді.

Жыныстық жетілу әйел организмнің өмір сүруіндегі ең маңызды кезеңі болып табылады. Ол енді бала емес, бәрі әлі де әйел емес — деп жыныстық жетілу кезеңі басталған кезде қыздар туралы осылай айтады. Уақыт жағынан бұл шамамен 10 жылды алады, оның жас шекарасы ретінде 7(8)–17(18) жас саналады. Жасөспірім қызда сырт пішіні өзгере бастайды. Денесі ұзарып, қол-аяқтары да күрт ұзарады. 13 жастан кейін денесі басым өседі. Бұл кезеңде қыздар әдетте жіңішкереді, бұл ата-ананы ойландыра бастайды. Шамамен 14 жастан дене салмағы өседі, бірақ бойы өсуіне қарағанда тез емес. Салмағы ұлғайған сайын мықыны, бөксесі, эстрогендердің қосымша көзі болатын құрсағында (әйел типі бойынша) тері астымай қабаты дамиды. Осы даму кезеңінде қыздар жетілуі ұлдардан асып түседі.

Қыздарда жыныстық жетілу белгілері пайда болу реттілігі.

9–10 жас — жамбас сүйектері өсуі, бөксе дөңгеленуі, сүт бездері емшегінің көп емес көтеріңкіленуі;

10–11 жас — кеуде безінің күмбез тәріздес қалыптасуы («гүлшанақ» сатысы), шапта түткер пайда болуы;

11–12 жас — сыртқы және ішкі жыныстық органдар ұлғаюы, қынап эпителиясы өзгеруі;

12–13 жас — кеуде бездерінің және емшек айналасында без ұлпасы дамуы, емшек дақтануы, алғашқы етеккір циклі пайда болуы;

13–14 жас — қолтық астында түктер өсуі, ретсіз етеккір келуі;

14–15 жас — бөксе мен жамбас формасының өзгеруі;

15–16 жас — безеу пайда болуы, ерттелген етеккір келуі;

16–17 жас — қаңқа өсуінің тоқталуы.

Қыздар жыныстық жетілу кезеңінде олардың организмінде болып жатқан өзгерістер түсінуі маңызды, ол етеккір туралы дұрыс әрі жеткілікті ақпаратты қажет етеді; ол

етеккір қашан келеді, ауырған кездерде онда қалай өзін өзі ұстауы керектігін білуі тиіс.

Бозбалалар сондай-ақ, етеккір циклі кезінде бойжеткен организмінде болып жатқан процестер мәнін білуі тиіс. бойжеткен организмінде болып жатқан өзгерістерді түсіну бозбалаға қызға – болашақ әйел және анаға дұрыс қатынасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Сондықтан да етеккір циклі қалыптасуына тоқталамыз.

Етеккір циклі, овуляция және аналық жасушаның ұрықтандырылуы.

Етеккір циклі – бұл әйелді ұрықталуға және жүктілікке дайындайтын ретті, циклдік өзгерістер. Оған бірнеше процестер кіреді: фолликул, овуляция жетілуі – аталық ұрық безінен аналық жасуша шығуы, оның жатыр қуысына енуі, жатыр ішкі қабаты қалыңдауы және оны шеттетуі, сырт бацқалатын жатыр қан кетуі – **менструация** (ескіше – етеккір).

Алғашқы менструация (менархе) қыздарда әдетте 10-15 жаста жыныстық жетілу кезінде пайда болады. Менструация алғаш кезінде, әдетте, ретсіз, 2 ден 3 - 6 айға дейін болмай, қайтадан пайда болады. Реттелген менструалды цикл бойжеткеннің жыныстық жетілуіне қарай, келесі 1-1.5 жаста айқындалады .

15 жастан кейін етеккірдің болмауы дене дамуы бұзылуы туралы айтады және гинекологқа баруға маңызды себеп болады.

Менструалды цикл ұзақтығы келесі менструацияның бірінші күніне дейін басталған бірінші күннен бастап саналады және 28 ± 7 күн норманы құрайды, әдетте 28 күн – бір ай. Жатырдағы қан ағуы 3-6 күн аралығында жалғасады. Шартты түрде менструальді цикл ортасы - 14 ± 3 күнді бөледі және оның екі жартысы немесе фазасы – бірінші және екінші.

Менструальді циклдің бірінші фазасында, аналық ұрық безде аналық жасушаларымен ондаған бірнеше фолликулдар жетіле бастайды (жұмыртқа жасушасы жетілетін қапшық). Олардың біреуінің көлемі 14 мм жеткен кезде, қалғандары өспейді және әрі қарай тек біреуі жетілуін жалғастырады – ол **доминантты фолликул деп аталады**. Бірінші фаза бойы жатыр қуысында ішкі қабаты жуындап, ұрықтандырылған жұмыртқа жасушасын қабылдауға дайын болады. Жұмыртқа жасушасы – жыныстық жасуша, ол әйелдердің гентикалық қорын тасымалдаушы болып табылады.

Менструальді цикл ортасында (28 күндік циклде 14 күн), доминантты фолликул жарылады және жетілген жұмыртқа жасушасы құрсақ қуысына түсіп, сосын жатыр түтігіне түседі. Бұл процесс – овуляция деп аталады. Овуляция нормада бір рет менструальді циклде жүреді .

Егер бұл кезеңде жұмыртқа жасушасы сперматозоидпен ұшырасса, барлық сперматозоидтардан біреуі ғана жұмыртқа жасушасы ішіне еніп, **ұрықтандырылу жүреді**. Сосын жатыр түтігі бойында ұрықтандырылған жұмыртқа жасушасы жатыр қуысына жылжиды, онда ішкі қабатқа бекітіледі. Сөйтіп жүктілік басталады.

Егер жұмыртқа жасушасы еркек жыныстық жыныстық жасушасын кездестірмесе, ол 12–24 сағаттан кейін бұзылып, организмнен жыныстық жол арқылы менструальді қанмен және жатырдың сілекейлі қабығымен шығып кетеді. Менструация басталу кезінен жаңа циклі басталады және қарастырылған үдерістер қайталаынады.

4. Шағын топтарда жұмыс жасау.

Оқытушы оқушыларды екі топқа бөледі.

Топтар жасөспірім кезеңінде жеке гигиена ережелерін әзірлеу тапсырмасын алады:

Бірінші топ – қыздарға арналған.

Екінші топ - ұлдарға арналған.

Барлық жауаптарды оқушылар флипчартқа жазып, топтық жұмысты көрсетеді.

5. Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы: «Жасөспірімдік кезеңде гигиена ерекшеліктері. Жеке өмір және дене қол сұқпаушылығы».

Үлгілі мазмұны.

Жасөспірімдік кезеңде гигиена ерекшеліктері.

Жеке гигиена – гигиеналық ережелер жинағы, оларды орындау адам денсаулығы сақталуы және нығаюына ықпал етеді. Кез келген жастағы адамдар үшін ортақ гигиеналық ережелерді енгізеді: ой және дене еңбегін дұрыс кезетестіру, дене шынықтырумен айналысу, теңгерімді тамақтану, еңбек пен демалысты кезектестіру, толыққанды ұйқы. Жеке гигиенаға сонымен бірге дене, іш киім, киім, үйге, тамақ жасауға гигиеналық талаптар болу қажет.

Жасөспірім кезеңде шұғылдану, ұйқы, демалыс, тамақтану түзімін тиімді құру маңызды.

жыныстық жетілу кезінде бұлшық ет нығаюына ықпал ететін дене жаттығулары маңызды. Қаңқа қисаюына жол бермеу (арқа және жамбас жотасы бағаны), қыздарда кейіннен босану кезінде білінуі мүмкін, меткепте оқушылар дұрыс келбетіне қадағалау қажет.

Жасөспірім кезде ми күшті жұмыс жасайлы, сондықтан ұйқы уақытымен және жеткілікті – 8 – 9 с. ұзақтығымен болуы тиіс. Бір мезгілде ұйқытап, ояну қажет. бала өз төсегінде ұйықтауы керек. Төсек орны тым жұмсақ және жылы болмауы керек, түнгі іш киімі – бос және жеңіл – бұл әсіресе ұлдарға қатысты, оларға көбінесе жыныстық органдарды тітіркендірмеу үшін, бұл ретте қарсы нәтиже ала отырып, тар іш киімді кигізуін болдырмау.

Үнемі дене тазалығын қадағалау. Себебі өтпелі жаста қолтық асты және жыныс мүшелері айналасында жыныс бездері белсендірек қызмет ете бастайды. Бөлінетін тер бактериялармен бірігіп, іріп, бұл иіс айналасындағыларды аса тітіркендіреді. Кешке күнделікті аяқты жуу организм шынығуына көмектеседі, бұл ретте аяқты ыстық сумен емес, сабынды жылы сумен жуған дұрыс.

Тағы бір проблема – жасөспірім безеулері – тері тесіктерін жауып, тері асты май бөлетін беттегі май безі белсенділігінің нәтижесі. Тері майы бактериялармен қосылған кезде, тері ауырып, безеулер пайда болады. Ондай жағдайларда ең маңыздысы – жеке гигиенаны сақтауы. Бетті күнінен екі реттен кем емес жуу қажет және безеуді басуға болмайды, әйтпесе инфекция кіргізу қаупі бар. Тазалағыш салфеткалар, лосьондар, безеуге қарсы кремдерді қолдануға болады. Егер безеу бөртпесі жоғалмаса, маманға - дерматолог немесе косметологқа бару қажет.

Ұй жұмысның ең көп ұзақтығы 2,5 – 3 с.аспауы тиіс. Сабақты орындағаннан кейін 3 с кем емес таза ауда, серуенге шығу қажет.

Тамақтану түзімі де аса маңызды. Балалар күнделікті, аралығы 4с күніне 4 рет кем емес тамақтануы тиіс. Ас алуан түрлі және жас ағазаға қажетті барлық құрамды бөліктері болуы тиіс. Қаңқасының күшті дамуы (сүйек дамуы), сүт тістерінің тұрақтыға ауысуы, үлкен түбір тістері шығуы, ақыл тістерінің шығуы – осының барлығы үшін дәрумендер мен көкөністер мен жемістерде болатын тұздар қажет, сонымен бірге ас жеткілікті калориялы болуы тиіс.

Ішектің қалыпты жұмысына аса назар аудару маңызды. Алғашқы қабынған іш қатуы шағын жамбас тұрып қалуына ықпал етеді. Жас қыздарда іш қату негізінде менструациялар бұзылып, ақ етеккір пайда болады (жыныстық органдардан бөліністер). Іш қатулармен ерте жаста күресу қажет. белгілі бір қатаң уақыттарда ішекті бостанды үйрету қажет.

Ұйқы алдында тіс тазалау қажет. тістер арасында түнде қалған ас қалдықтары ыдырап, кейіннен тістерді бұзатын микробтар көбейеді.

Организмді шынықтыру үшін, су процедуралары ұсынылады. Аптасына бір-екі рет ванна немесе душ қабылдау, ал одан басқа күнделікті дене бөліктерін жуу, онда тер мен кір жиналады (тізе, бұтын, жыныстық органдары, және т.б.), сондай - ақ бет пен мойынды қоспа алғанда .

Жеткіншектер кейде шаршағандыққа сілтейді, дене жүктемесінде жүрек ауруына шағымданады. Дене жаттығуларының дұрыс таңдалған кешені жүрек бұлшық еті дамуына және осындай құбылыстарды ескертуге ықпал етеді.

Оқу жылы бойы белгіленген ұйқы мен тамақтану түзімдерін демалыс кездерде ұстанған дұрыс. Демалыс пассивті емес (компьютер алдында аз отыру) белсенді әрі алуан түрлі болуы тиіс (туризм, ойындар). Түзімді дұрыс құрастыру–қалыпты өсудің және ағза дамуының үздік кепілдігі.

Ерлер жыныстық органдарының гигиенасы ертек езден жыныстық органдар және бұт арасында теріні ретімен жуудан тұрады.

Шеткі тәні ауырып, ірің бөліністер пайда болған кезде урологқа бару қажет. 5 жастан кейін көпшілік шеткі тән микробтар үшін қорек ортасы болатын

жинақталған майлағыш (смегма), сондай-ақ, шырыш, зар тамшысын жуу үшін жыныстық мүшенің басын ашуға мүмкіндік береді. Жуып шаюды сабынды сумен күнделікті жүргізіледі және мұқият кептіріледі. Жасөспірім кезеңінде ұл бала жыныстық органдарға өз бетімен күту дағдыларын алуы тиіс. Жасөспірімге поллюциялар пайда болуын ескерту және психологиялық тұрғыда оған дайындау қажет. Поллюциялардан кейін жыныстық органдарды жылы сумен жуу керек.

Жыныстық органдарда таза ұстау бүкіл өмір бойында ұл бала мен есересек ер адам мінез-құлық нормасы болуы тиіс.

Қазақстанда таралған шеткі тәнін сүндеттеуге тоқталамыз.

Статистикалық деректер бойынша шамамен 17% планетада тұратын ерлер сүндет процедурасынан өтеді. Шығыс елдердегі ерлерді сүндетке отырғызу мәдени-тарихи мұраның, бүгінгі күні қолданылатын көп ғасырлық діни дәстүрдің ажыратылмас бөлігі болып табылады. Сонымен, еврейлерде балаларды туылғаннан кейін сегізінші күні, ал мұсылмандарда 3 тен 13 жас аралығында сүндетке отырғызуды жасайды. Егер бұрын осы әдет-ғұрыпқа еуропалық елдер тұрғындары аса қарсы болғанымен, өткен ғасырдың соңында осындай о к концу прошлого века подобную процедуру батыс елдерінде жасай бастады, сонымен қатар сүндетке отырғызуды жаңа туған нәрестелерге ғана емес (ата-ана қалауымен) сондай ақ ересек жасай бастады. Шеткі тәнді кесу діни қатыстылығына тәуелсіз барлық қалаушыларға жүргізуді бастады.

Неліктен ерлерде сүндетке отырғызу осынша таралып кетті? Жиі шеткі тән қатпарында жинақталатын смегма жыныс мүшесі басының ісігіне және жыныс серігінің цервикальді ісік дамуына келтіреді. Кесу процедурасынан кейін аталған аурулар тәуекелін жоя отырып, смегма жинақталмайды. Зерттеулер деректері бойынша еврей және араб ерлерде жыныстық органдар ісігі тіптен жоқ, ал осы этникалық топтар әйелдерінде жатыр мойны ісігі дамуы 7 есе сирек дамиды.

Сүндетке отырғызу деген не?

Ерлерді сүндетке отырғызу шеткі тәндегі және діни, әлеуметтік оймен және медициналық көрсеткіштер бойынша жүргізілетін жыныстық мүше басын жабатын тері қатпарын ішінара немесе толық алып тастау болып табылады. Егер сүндетке отырғызу жыныстық жетілу басталуына дейін бала кезінде жасалса, онда теріс пікірлері болмайды.

Операция қалай жүргізіледі

Сүндетке отырғызу операциясы аса қарапайым хирургиялық манипуляцияларға жатады және әдетте шиеленусіз өтеді. Операция жарты сағаттан уақыт алмайтын жергілікті жансыздандыру арқылы өткізіледі. Арнайы маркермен сүндетке отырғызу сызығы жүргізіледі, сосын артық тән алынып тасталады. Сосын тігіліп, жыныс органы байланады. Тағы екі сағаттай пациентті дәрігер бақылап, сосын үйге жібереді. Толық сауығу бір айдан кейін болады, бірақ ережелерді ұстану қажет: ауыр көтеруге болмайды және тігіс ашылып кетуін болдырмау үшін толық жыныстық тыныштықты сақтау қажет.

Сүндетке отырғызу артықшылықтары:

- Ерлерде, әйелдерде де жыныс жүйелерінің қатерлі ісіктерді болғызбау;

- жыныстық акті ұзақтығын ұлғайту; шеткі тәннен айырылған фаллос басының терісі қатайып, үйкеліске аз сезімтал келеді, бұл ерлерде оргазм басталуын кейінге шегіндіреді.
- АИВ, генитальді герпес профилактикасы, вирус ең алдымен жиі микрожарақаттарға ұшырайтын шеткі тәнді зақымдайды және осы жарақаттар арқылы жұқтыру қаупі аса зор. ЖИТС жыныстық жолмен жұқтырған –көпшілік ер адамдар статистика бойынша сүндетке отырғызылмаған

Сонымен қатар аталық ұрық безін өз бетімен зерттеуге назар аудару қажет.

Бұл аталық безді зерттеп, ерте сатыда ісікті айқындауға болуымен байланысты. Аталық ұрық безінің ісігі – сирек ауру, негізінен оған 15-40 жастағы ерлер жатады, бірақ уақытымен диагностикалау және емдеу кезінде сәтті емделеді.

Айына бір реттен сирек емес байқаудан өту ұсынылады.

1. Аталық ұрық бездерін зерттеуді ванна немесе душ қабылдағаннан кейін жүргізу дұрыс. Сол кезде ұма әлсіз күйде болады, бұл елеулі зерттеуді жеңілдетіп, бірден қажеттіні байқауға көмектеседі.

2. Аталық ұрық безі үстеме өсінділерін құрылымын қарау қажет. Олар ішекті еске түсіреді, әр ұрық бездің артқы тері астында кейбір дөңестік болады.

3. Әр аталық ұрық безін мұқият әрі абайлап қарау керек. бұл үшін екі сұқ саусақпен жан жақтан ұрық безін дөңес жерлерін сипап көру. Көлемінде кез келген өзгерістер немесе тығыздалуы, кездейсоқ ауру сезімдері ойландыруы тиіс, осыны өздерінде байқасандар бірден дәрігерге бару қажет.

4. Байқау соңында алақанды аталық ұрық безі және ұма астына қою қажет, яғни оларды ұстап тұру үшін және олардың формасын мұқият қарау үшін олардың салмағын еске сақтауға тырысу керек. Бір жұмалақтың екіншісінен үлкен болуы мүмкін. Алайда, егер екеуінің біреуі артық салмақта болса, онда дәрігерге бару қажет.

Өз бетімен қараудың ретті өткізілуі формасын, көлемі мен аталық ұрық бездің құрылымын еске сақтауға көмектеседі. Бұл әрі қарай біден дәрігерге өзгерістерді байқауға мүмкіндік береді.

Менструация кезінде гигиена ерекшеліктері.

Менструация кезінде дене және сыртқы жыныстық органдар тазалығын сақтау қажет. Жинақталған қан теріні ластап, микробтар дамуына жақсы қорек ортасы болады. Қынап және жатырға түсіп, олар ауру процесін тудыртады.

Етекір кезінде бойжеткен күніне 2-3 рет кем емес алдын ала қолын жуып, сабынды жылы сумен мұқият жуынуы қажет.

Менструация күндерінде ваннаны қабылдау және өзен немесе теңізде түсуге болмайды. Душта жуыну ұсынылады. Іш киімді жиі ауыстыру. Дәріханада

гигиеналық төсеніштер алу, оларды бөлініс мөлшеріне қарай 3—6 с.сайын ауыстыру.

Етеккір кезінде бойжеткендер аса күш салу және шаршауды болдырмай, күнделікті өмір салтын жүргізеді. Алайда кейде шектеулер қажет. Сонымен, мүмкіндігіне қарай, менструация кезінде ауыр затты көтеру және қозғалтумен байланысты ауыр, ұзақ дене жұмысын орындау қажет емес. Зор күштерді талап ететін спортпен айналысуға бұл күндері тыйым салынады (жүзу, жылқы спорты, гимнастика, коньки тебу, волейбол, теннис ойындары).

Менструация кезінде әсіресе аяқтарын жылы ұстау қажет, себебі бұл күшеюін туындатып, менструация жүруіне әсер етуі мүмкін.

Осы кезеңде ащы тамақ, сірке суын, бұрыш, қыша, сондай-ақ, ішімдік сусындарын қабылдауға болмайды, себебі олар жыныстық органдарына қан құюлуын арттырады, осының салдарынан менструалды қан құйылуы күшеюі мүмкін. Қуық және ішек аса толуын болдырмау ұсынылады, себебі бұл жағымсыз белгілерге келтіруі мүмкін (ауыруы, менструалді қан бөлінуі кідіруі және т.б.).

Жыныстық өмірі басталуымен алғашқы жыныстық байланыстан кейін 2-3 күн ішінде қыздық үзілісі сауығу үшін қайталама дене жақындығынан ұстануы қажет. Жыныстық байланыстан өрлеме инфекция және қан кету қауіптілігімен байланысты етеккір кезінде ұстану қажет.

Төсенішті пайдалағаннан кейін жағуға немесе, газетпен орап, қоқыс шелегіне лақтыруға болады. Оны ұқыптылап жасау қажет. Ашыналық заттар басқа адамдардың көзіне түсу жақсы көрініске жатпайды.

Іш киім сапасы туралы қамқорлық ету, менструация кезінде капрон немесе нейлон іш киімді кимеу, бұл әсіресе суық ылғалды ауа райында аса зиянды. Мақта мата, тоқыма іш киім кию қажет.

Бойжеткенге менструалді күнтізбе жүргізу қажет, онда менструациялар белгілерінің мерзімі туралы, олардың ұзақтығы және қан кету шығыны туралы (көп, көп емес) деректер енгізу қажет. Сонымен бірге менструация аурушандығын, олардың интенсивтілігін белгілеп жазу қажет.

Менструация аяқталғаннан кейін бойжеткен жыныстық органдарға күтім ережелерін сақтауы тиіс, күніне 2 реттен кем емес жыныстық органдарын қолды алдын ала жуып, сабынды жылы сумен жуу қажет. Іш киім ауыстыруды күнделікті жүргізу.

Әр бойжеткен дұрыс жүргізуі тиіс маңызды процедура ретінде сүт бездерін зерттеу болып табылады.

Сүт бездерін өз бетімен зерттеу – бұл сүт бездері өзгеруін ашу үшін өткізілетін оларды күнделікті қарау және ұстап тексеру.

Дербес зерттеудің негізгі мақсаты – бұл сүт бездерінің қатерлі-қатерсіз ісіктерін уақытымен айқындау.

Сүт безі ісігі әйелдер жыныстық органдарының жиі қатерлі ісігі болып табылады және әйелдерде қатерлі ісіктен қайтыс болу себебі ретінде бірінші орын алады. Сүт

безі ісігін уақытымен айқындау өмір сүруді елеулі арттыруға және емдеу нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді.

Сүт бездерін өз бетімен зерттеуді қашан жүргізу қажет?

Сүт бездерін өз бетімен тексеруді 20 жастан және өмір бойы жүргізу ұсынылады. Өз бетімен тексеруден әр ай сайын алғашқы етекір аяқталғаннан соң бірінші күндерде өткізу, себебі сол уақытта сүт бездері сезімтал емес және ісінбейді.

Өз бетімен тексеруден өтуді тұрақты жүргізген дұрыс. Бұл сүт бездерінің қалыпты құрылыс ерекшеліктерін анықтауға тұрақты тығыз болуын айқындауға және олардың орналасуын еске сақтауға мүмкіндік береді және келесі зерттеу кезінде анық түрде жаңа пайда болулар болу-болмауын анықтауға болады.

Сүт бездерінің өз бетімен зерттеуін қалай жүргізу керек?

Өз бетімен тексеру 6 негізгі қадамнан тұрады.

Қадам 1. Айна алдында тұрып, бел айналасында қолы созу.

Екі сүт бездері көлемі, формасы және сырт пішіні жағынан бірдей ме, және де олардың арасында қандай да бір айырмашылықтар бар ма екендігін тексеру. Сосын мұқият әрбіреуін жекелей қарап шығу. Кез келген өзгерістерге назар аударыңыздар: қызару, тартылу, әжімдену, «лимонды қабық» типі бойынша терінің өзгеруі, формасы өзгеруі, ассиметрия, емшек тартылуы, одан бөліністер болуы, оның көлемдері, формалары өзгеруі, без бетіндегі көрінетін тегіс еместіктер болуы

Қадам 2. Бастың жоғарғы жағына қолды көтеріп, байқауды қайталау.

Қадам 3. Белге қолды қойып бірнеше рет қатарымен күшеніп, алдыңғы кеуде қабырғасы бұлшық етін босандату керек. бұл ретте сүт бездерін қарауды жалғастырыңыздар.

Қадам 4. Кезектесіп, үлкен және сұқ саусақ арасында оң-сол бездер ұшын қысыңыздар. Осы кезде ұшынан бөліністер пайда болуына назар аударып, егер болса, осы бөліністер сипатын қарау (сүт, сілекейлі, қанды, іріңді).

Қадам 5. Тегіс бетке алдын ала сол жамбасқа үлкен емес жастықты немесе оралған орамалды қойып, арқамен жатып, денені бос ұстауға тырысыңыздар. Сол қолды бастың артына салу. Осы күйде сүт безі тегістеліп, бұл оны қолмен ұстап көруге мүмкіндік береді. Бірге қойылған 3-4 алғашқы саусақ арқылы кезектесіп оң-сол бездерді ұстап көру. Оң безді сол қол саусақтарымен ұстау қажет және керісінше. Сүт бездерінің саусақ ұштарымен емес, жастықшаларымен ұстауға тырысыңыз. Ұстаған кезде жоғарғы жақта бұғанадан бекіту жеріне дейін төменгі жақта кеуде қабырғасына сүт безін және алдыңғы жақта кеуде клеткасы ортасынан бүйірінен қолтық астына дейін қамту қажет. Бірде бір учаскені босатып алмау үшін ұстаудың белгілі бір реттілігін таңдау керек. Ең қолайлы нұсқасы сыртқа ирек түтікше бойында ұшынан немесе сыртта ұшына бағыттап, зерттеу болып табылады. Ұстап көру кезінде кез келген өзгерістер болуына назар аударыңыздар: тығыз болу учаскелері немесе сүт безінде елеулі жұмсаруы ұстаған кезде ауруы және т.б. өзгерістері.

Қадам 6. Тұрып сүт безін ұстап көруді қайталаңыздар.

Дәрігерге қашан баруға болады?

1. Омыраудың біреуінің қызару және ауруымен бірге көлемдерінің ұлғаюы.
2. Сүт бездерінің біреуінен жиегі өзгеруі: омырау учаскелері тартылуы немесе шығып тұруы.
3. Сүт бездері терісінің өзгеруі, қызару, «лимон қабықшасы» түрінде тері қалындауы.
4. Омырау ұшының тартылуы қос сүт бездерінде ұштарының симметриялық емес орналасуы.
5. Омырау ұшы және ареолдар арасында іріңдер пайда болуы.
6. Сүт безінің кез келген бөлігінде тығыз болуы.
7. Кез келген түсте және сипатта омырау ұшынан бөліністер олар ұшын қысқан кезде пайда болады немесе іш киімнің ішкі жағында байқалады.
8. Қол асты айналасында дөңгеленген тығыз түйіндер болуы (лимфатты түйіндер ұлғаюы).

6. Пікір-талас.

Оқытушы қатысушыларға жаттығу орындаған кезде дұрыс емес жауаптардан қорықпау қажеттігін түсіндіреді. Әр қатысушыға бір картадан тарату қажет. Карталарда «секс», «сексуалдылық» және «сексуалды мінез құлық» терминдерінің сипаттау немесе суреттеу арқылы жеке түсінігін көрсетуді сұрау.

Сосын әрбір қатысушы картаны оқып көрсетеді және әр картаны тақта немесе флипчартқа бекітеді. Әр қатысушы өз пікірін дауыстап білдіреді, талқылап осы терминдерді қалай түсінгендігін айтады.

Оқушылармен келесі сұрақтар талқыланады:

- Сіз әртүрлі жынысты топта осы жаттығу орындау барысында өзіңізді қайлай сезіндіңіз? Неліктен ?
- Бойжеткендер мен бозбалалар арасында эмоциялық айқындалуда қандай да бір айырмашылықтар бар ма? Қандай?
- Бойжеткендер мен бозбалалар неғұрлым тартымдырақ көріну үшін өздерін қалай ұстайды?
- Жиі айтады: «сексуалды бойжеткен», «сексуалды жігіт». Бұл нені білдіреді?
- Сіз некеге дейінгі жыныстық қатынастарға қалай қарайсыз?
- Секске келмей-ақ басқа адамға өз махаббатыңды білдіруге бола ма? Қалай ?

Оқытушы пікірталас қорытындысын келтіреді, «секс», «сексуалдылық», «сексуалды мінез-құлық» терминдеріне анықтама береді.

7. Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы «Сексуалдылық түсінігі, оның даму кезеңдері және сексуалды мінез-құлық формалары. Жасөспірім кезеңінде сексуалды қатынастар туралы құндылықтарды, ұстанымдар мен білімдерді қалыптастыру».

Үлгілі мазмұны

Сексуалды сезімдер, фантазиялар және қажет ету табиғи және олар бүкіл өмір бойы туындауы мүмкін. Сексуалды мінез құлықты талқылаған кезде медициналық және ғылыми терминдерді пайдалану түсінбеушілікті туындатады және жиі жас адамдар сленгін пайдаланады. Жалпы қабылданған терминдер мен анықтамаларды білу маңызды.

Көптеген сіздің құрбылар жыныстық қатынас туралы барлығын біледі, бірақ әдетте олар толық емес, дұрыс емес ақпаратты біледі.

Сексуалдылық адам бүкіл өмірінде дамиды және өзгереді. Жасөспірім кезде сексуалдылықты дамуы аса маңызды, бұл әрі қарай айналасымен жеке және әлеуметтік өзара қатынастарды қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сексуалдылық және секс – бір ұғым.

Секс – ағылшын тілінен аударғанда «жыныс» дегенді білдіреді.

Секс (лат. *sexus* - жыныс; синоним - жыныстық қатынастар) – негізінде жатқан және сол арқылы жыныстық елтігу қанағаттандырылатын дене, психикалық және әлеуметтік процестер мен қатынастар.

Сексуалдылық – адамның туылған күнінен бастап бүкіл өмірінде оған тән және өмірдегі көптеген салаларға әсер ететін қасиет. Сексуалдылық табиғи және адам натурасының ажыратылмас бөлігі болып табылады. Ең алдымен сексуалдылық адам өзіне белгілі бір жыныс тұлғасына қатынасын және қарама қарсы жыныс тұлғаларына қатынасын анықтайды.

Сексуалдылық – тартымдылықты білдіру құралы, әр адамның өзін ашу және белгілі бір жынысқа қатыстылығынан шығатын басқаларын білу қабілеті.

Денсаулық сақтау дүниежүзілік ұйымы **сексуалдылықты** «байланыс жасау, нәзіктік және махабатты өзінің дене, психологиялық және әлеуметтік білдіретін энергия» ретінде анықтайды.

Сексуалдылық деп сексуалды тартымдылықты, реакцияларды белсенділіктерді және т.б. сипаттамаларын көздейді.

Сексуалдылыққа кіреді:

- Тұлға ретінде адам сезімі
- ерлер мен әйелдер бола тұра, адамның сезімдері
- Репродуктивтік денсаулық, жарыққа шығару (балалар туылуы)
- Сезімдер, ойлар, мінез-құлық

Сексуалдылық белгілері алуан түрлі. Ер-әйел арасында физиологиялық және анатомиялық айырмашылықтармен олардың гормональді ерекшеліктері өмір бойы жетілдіретін жыныстық рөлдерімен шартталады (отбасындағы өзара қарым-қатынас, достық, махаббат және т.б.)

Сексуалдылық – кез келген адам өмірінің бір бөлігі.

Негізгі құндылықтар – таңдау, мәртебе, алуан түрлілік, теңдік және сыйластық. Сексуалдылық мән мәтінінде бұл сөздер білдіреді:

таңдау: таңдау еркіндігі, соның ішінде мәжбүрлеусіз сексуалдық байқалуы және бір біріне құқықтар сыйласымдығымен барлық ақпарат және қызметтерге қолжетімдік болуы;

артықшылығы: әр адам жасы, нәсілі, жыныстық қатыстылығы және бағдары, діні және басқа факторларына қарамастан бағалы;

теңдік: ерлер мен әйелдер тең, бірдей сыйласымдықты қажет етеді және сексуалды денсаулықты сақтау үшін ақпаратқа, сервиске бірдей қолжетімдігі болуы тиіс;

құрмет: барлық ерлер мен әйелдер құрметке құқығы бар.

Сексуалды мінез құлық – адамға оның белгілі бір жынысқа қатыстылығын бағалауға мүмкіндік беретін іс әрекеттер. Бұл негізінен сырт пішіндегі (шаш сәні, косметика және т.б.), киімі, ұстау мәнері, басқа тілдерді білуінен тұратын мінез құлық. Жыныстық санаға негізделген осы айырмашылықтарды қолдану өзінің жыныстық қатыстылығын айқындауға мүмкіндік береді. Сексуалды (жыныстық) мінез құлық негізінде ұрпақ жалғастыру инстинктісі жатыр. Қоғаммен қойылатын жыныстық мінез құлыққа талаптардың жыныстық және жас ерекшеліктері бар. Ерлерге рұқсат етілетіні әйелдерге тыйым салынады және керісінше. Ондай қос нормалар қос стандарт деп аталады. Жыныстық мінез құлыққа жас ерекшелік нормалары да әсер етеді. Балаға қажеттісі бозбалаға қажет емес болуы мүмкін және т.б.

Балалардың сексуалды қарым қатынасы ерте жастан қалыптасады, бірақ сексуалды ояну жыныстық жетілу кезінде басталады. Осы кезде туынды жыныстық белгілер және әйел-еректі ажырататын белгілер пайда болады. Осы кезде жас адамдар айқын сексуалды ықпалға немесе физиологиялық қажеттілігі керек болады. Бұл көбінесе ұлдарға қатысты. Жасөспірім кезінде қыздарда сексуалды ояну түсінікті емес, көбінесе эмоция мен романтикалық жағдайлар туралы армандаумен байланысты.

Физиологиялық қажеттілік оянуы жас кезінде, бозбала кезінде жасалады, бұл ретте ересектермен қиын мінез деп қарастырылатын қасиет қалыптасады. Жасөспірімдердің көңіл күйі өзгермелі болады. Оларға өз назарын ұзақ уақыт бойы бір жерге аударту қиын болады. Жиі тіпті мектептегі берген тапсырмалар орындалмай қалады. Жас адамдар әдетте көп уақытын белсенді дене ойындарына арнап, өз достарымен көбінесе араласады.

Психо-сексуалды жетілуге жетіп, бозбалалар мен бойжеткендер басқаларының арасынан махаббат пен достық үшін бөліп алу жағдайына жетеді.

Жыныстық мінез құлықтың бірнеше таралған модельдерін қарастырамыз. Ұстамдылық – бірденеден ерікті бас тартуды білдіреді. Сексуалды ұстамдылық – некеге тұруға дейін, кәмелеттік жасқа дейін, немесе өзің сенетін және жақын қатынасқа түсуге болатын сүйікті адамды кездестіргенге дейін сексуалдық өмірден бас тарту. Ұстамдылық – бұл қажет емес жүктілік және ЖЖЖИ қорғалудың ең сенімді әдісі.

Сүйісу – барлық сүйісу жыныстық мінез құлыққа жата бермейді, бірақ олар сексуалды күйзелісті білдері алады. Жиі бұл серіктестер бірге жасайтын алғашқы әрекет.

Жасөспірімдер кезеңі – бұл келесі жақын қатынастарға дайындық уақыты. Жасөспірімдер өз эмоцияларын білдіру және басқаруды үйренеді. Олар сүйе және сүйіктісі болу мүмкіндіктерін басқа адаммен жақын қатынастарын болуды дамытады.

8. Топтық жұмыс «Сексуалдылықты дамыту кезеңдері»

Оқытушы үш флипчартта уақытша сызықты сызады (өмір сүру ұзақтығының сызығы) және өсуімен беске дейін 0-100 аралығын жазады. Сосын оқушыларды үш топқа бөліп, сексуалды дамытудың негізгі кезеңдерімен алдын ала дайындалған карталарды таратады:

- Сексуалды реакция байқалуы басталады
- Жыныстың жатыр ішілік саралануы
- Жыныстық ерекшелік/жеке болу түсінігін көрсетеді
- Гендерлік рөлдер түсінігін көрсетеді
- Балалар қайдан келетіндігін көрсетеді
- Романтикалық қызығушылық белгілері басталады.
- Жыныстық жетілудің алғашқы дене белгілері байқалады
- Ұрық сұйықтығы жасалуы басталады (ұлдарда)
- Етеккір басталады (қыздарда)
- Романтикалық қатынастар басталады
- Алғашқы рет жыныстық қатынаспен айналысу
- Некеге түсу
- Балалар туылуы
- Менопауза
- Ерлердің климактериялық кезеңі (ерлер гормондар деңгейі төмендейді)

Оқытушы қушыларға кесіндіде осы оқиға болып жатқан олар көздейтін жас кеңістігін карталарға орналастыру тиістігін түсіндіреді. 0-100 аралықтағы сандар туған кезден қайтыс болуына дейін өмір бойы адамның жасын анықтайды. Карталар уақытша сызықта орналасқан бойда оқытушы оқушылардан әр картаның орналасуымен келісуін талқылауды сұрайды.

Одан кейін талқылаған соң оқытушы оларға дұрыс жауаптарды береді, қажетіне қарай картаны дұрыс орналасуы тиіс сызыққа көшіреді.

Сосын оқытушы пікір талас үшін келесі сұрақтарды қояды:

- Сексуалды дамыту қай уақыт аралығында артық жүреді?
- Қай жаста жастар сексуалды білімді алады?
- Карталардың қайсыболсын орналасқан жері туралы таң қалдыңыздар ма? Қайсысы? Неліктен?

9. Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы: «Ерлер мен әйелдердің сексуалды және әлеуметтік дамуының негізгі кезеңдері».

Сексуалды және әлеуметтік дамудың белгілі бір аспектілері адамның әртүрлі кезеңінде басталады. Бірнеше жыл ішінде болатын бұл негізгі кезеңдер келесідей:

- **Жүктілік кезінде** ананың организмі ішінде жыныстың құрсағы ішінде саралау жүргізіледі.

- **Бала өз жыныс органдарын бірінші рет зерттейді және ынталандырады.** 6 айдан 1 жасқа дейін болады. Нәрестелер өз организмі/денесін зерттей бастайды.

- **Биологиялық дара болу түсінігін көрсетеді.**

2 жаста болады. Балалар өзінің биологиялық жынысын біледі.

- **Гендерлік рөлдер түсінігін көрсетеді.** 3-5 жас аралықта жүреді.

Балалар қоғам тарапынан ерлер мен әйелдер қалай әрекет етуі тиістігі туралы ақпаратқа әрекет етеді.

- **Балалар қайдан келеді деген сұрақты білу.** 3-5 жас аралықта жүреді.

- **Романтикалық қызығушылық басталады.** 5-12 жас аралықта жүреді, бірақ мәдениетіне байланысты. Осы кезеңде балалар жынысқа қатысты сексуалды алғашқы белгілерін көрсете бастайды.

- **Жыныстық жетілудің алғашқы белгілері көрсетіледі (балалық шақтан ересек жасқа өту).** 8-13 жас аралықта жүреді. Бұл кезең ұлдарға қарағанда қыздарда тезірек басталады.

- **Ұрық сұйықтығы жасала бастайды (ұлдарда).** 11-18 жас аралықта жүреді.

- **Қыздарда етеккір басталады.** 9-16 жас аралықта жүреді.

- **Романтикалық белсенділік басталады.** 10-15 жас аралықта жүреді. Бұл кезең мәдени факторларға байланысты.

- **Алғашқы рет жыныстық қатынастарға түседі.** Толықтай жалпы кеш жасөспірім кезеңінде жеке және мәдени факторларға байланысты.

- **Некеге түсу.** Мәдениет және дара болу факторларынан байланысты.

- **Менопауза.** Әйелдерде 50 жаста өтеді. Әйел овуляция, менструация және босану қабілеттігімен сипатталатын физиологиялық өзгерістерді өткереді.

- **Ер адамдарда климактериялық кезеңі (ерлер гормондары деңгейі төмендейді).** 45-60 жас аралықта жүреді. Ер адам тестостерон жасалуы төмендеуі сипатталуымен физиологиялық өзгерістерді өткереді.

Құндылықтар жүйесі.

Құндылықтардың жеке жүйесін қалыптастыру өзін өзі іздестірумен қатар жүреді және жасөспірімнің маңызды дамуын білдіреді. «Мен өзім нені білдіремін?» сұраққа жауап бере отырып, құрбыласар бір мезгілде « Менің көзқарасым қандай» , «мен неге сенемін», «еліктеу үшін үлгеретіндей мен кімді таңдауым тиіс» сұрақтарға жауаптар іздестіреді. Жеткіншек мысалы, мінез құлықтың жалпы желісі ретінде шынайылықты немесе керісінше егер бір мақсатқа жетуге көмектесетін болса алдау да мүмкін деп таңдауы мүмкін. Жасөспірімдер құндылықтар жүйесін анықтау тиіс. Ата аналар және басқа ересектер оларға фундаментті қамтамасыз етуі тиіс. Алайда, бұл кезеңде жеткіншектер үшін құрбыластары интернет, мектеп, БАҚ және т.б. сияқты ақпарат тасымалдағыштары аса маңызды.

Достар және құрбыластар сіздер үшін өте маңызды болады. Сіздерге өздер арасында қабылдануы және белгілі болуы қажет. құрбылар арасында қабылдау үшін сол топқа тән мінез құлық нормаларын қабылдау қажет болады (сленгінде сөйлеу, шылым шегу, шаш сәні және т.б.). Барлығы сияқты еліктегісі келу жыныстық қатынастарға түсудің немесе есірткі қабылдаудың бірі болып табылады. Өз құрбыластары тарапынан жасөспірімдерге көрсетілетін қысым ересектермен салыстырғанда күштірек болып келеді.

Жасөспірім кезеңінде дамудың маңызды жағы сексуалды қатынас ережелерін зерттеу және дағдыларға ие болу. Бұл ретте жеткіншектер шекараларын біледі, сексуалды күйзелістерін сөзбен немесе басқа әдіспен білдіре білуі келеңсіздерді болдырмауы (қыздар үшін аса кербездікті көрсетпеу және ұлдар үшін тым агрессивті немесе сезімтал емес болып көрінбеу), серіктесіне не ұнайды – ұнамайтындығын көрсетуді біле бастайды. Ондай сексуалды қатынаста жасөспірімдерді ие болатын тәжірибесі және сенімділігі ересек өмірде маңызды. Жеткіншек кезінде бойжеткен тым қайсар серіктесіне жоқ деп айтуды үйрене отырып немесе әдеппен одан босату жолын біліп, сондай-ақ әртүрлі кештерде өзін дұрыс ұстамайтын жігітке қарсылық білдіре алуы, ересек маңызды жағдайларда өзін сенімді сезінуге келтіреді. Сексуалды қатынаста сәтсіздік өткерген жеткіншектер болашаққа жақын қатынасқа абайлап кіретін болады.

10. Пікір-талас.

Оқытушы: «Толықтай келісемін», «Келісемін», «Келіспеймін», «Толықтай келіспеймін» пікір сөздерді қатысушылар олармен қатар тұратындай қабырғаға карталарды бекітеді.

Оқытушы Келесі мақұлдауларды оқиды, ал оқушылар олардың қайсысы өздерінің пікіріне сәйкес келетіндігін шешіп, және сосын оның шешіміне сәйкес пікір сөздің қасына барып тұруы тиіс:

- Презервативтер кез келген жаста жасөспірімдерге қолжетімді болуы тиіс.
- Некеге дейін жыныстық қатынасқа жол беріледі.

- Сексуалды қатынастар мәселесінде оқыту ерте жыныстық қатынасқа немесе ретсіз жыныстық байланыстарға келтіруі мүмкін.
- Жыныстық өмір некеден тыс бозбалаға қарағанда бойжеткен үшін қажет емес.
- Презервативтер – жас адамдар үшін ала туылуын бақылауға жақсы әдіс, себебі олар ЖЖЖИ қорғайды.
- Жастар репродуктивті денсаулық саласында қызметтерді тіпті егер оларға ұсынылса да пайдаланбайды.
- Сексуалды және репродуктивтік денсаулық саласында қызметтер көрсету ерте жыныстық байланыстар және сексуалды ретсіздікке келтіреді.

Өз таңдауыңызды жасағаннан кейін әр топтан бір қалаушыны айтуын сұраңыз. Әр сізбен таңдалған мақұлдау бойынша сол реттілікте жалғастырыңыз. Оқушылар өзінің пікірін айтуы және иә немесе қарсы дәлелдеуі тиіс.

Оқытушы барлық мақұлдауларды қайталайды және сұрақ қояды:

Қандай мақұлдауға қатысты сізге өз пікіріңізді құрастыру қиын болды? Неліктен?

11. Сабақ қорытындысын шығару.

Сабақ қорытындысында оқытушы қорытынды шығарып, оқушылардан сабақтың қай бөлігі неғұрлым қызықты болғандығын сұрастырады, ал қабылдау үшін не күрделі болғандығын сұрайды?

Мұнда ИДУ әдістемесін пайдаланған дұрыс. Қатысушылардан тренинг кезінде еске сақтаған үш негізгі ережені және осы тақырып бойынша жасөспірімдермен жоспарлаған үш шешуші шараны жазуды сұрайды.

Сосын оқытушы оқушылардың алған жауаптарын қорытындылайды:

Жыныстық жетілу кезеңі жас адам үшін қиын сәт болуы мүмкін. Адамдарға сексуалды орта қабылданған маңынаны келтіру әдетті, бірақ сексуалдық мағынасы кең және көптеген факторлар ықпалында: мәдениет, жас және отбасылық құндылықтары. Осы факторлардың көпшілігі жасөспірім кезеңінде қалыптастырылған. Жасөспірімдер – бұл сексуалдықпен бөленген адамдар екенін еске сақтау қажет.

Модуль 6.

Бойжеткендер және бозбалалар арасында репродуктивтік денсаулықты сақтау.

Сабақ 6.1

Сексуалды қатынастарға түсу жауапкершілігі және салдары. АИВ-инфекция. Жыныстық жолмен жұқтырылатын инфекциялар (ЖЖЖИ) және репродуктивтік денсаулық үшін салдары. Жоспарланбаған жүктілікті және ЖЖЖИ, АИВ қоса алғанда болдырмау. Жасөспірім кезіндегі жүктілік. Контрацепция, отбасын жоспарлау .

Мақсаты: Оқушылардың жыныстық жолдармен жұқтырылатын инфекция проблемасы туралы қажет білімді, өз мінез құлқы үшін жеке жауапкершілікті және профилактика шараларын қалыптастыру. Жасөспірім кезіндегі жүктілік, қазіргі контрацепция әдістерін зерттеу.

Міндеттері:

1. Сексуалды қатынастарға ерте түсу салдарын талқылау.
2. Оқушыларды ЖЖЖИ, АИВ және профилактика әдістері туралы негізгі мәліметтермен таныстыру.
3. Жасөспірім кезіндегі жүктілік ерекшеліктерімен және отбасы жоспарлаудың қазіргі әдістерімен таныстыру .
4. Өзінің денсаулығын және серіктесі денсаулығын, соның ішінде сексуалды мінез құлық арқылы сақтауға себепті қалыптастыру.

Шешуші түсініктер: ЖЖЖИ, АИВ, жүктілік, отбасын жоспарлау, контрацепция әдістері, жауапты мінез құлық.

Сабақ өткізу әдістері: Ой-талқы, шағын дәріс, топтарда жұмыс жасау, пікір-талас, шынығу үзілісі, жағдайлық тапсырмалар.

Жабдығы және материалдары:

Флипчарт, маркерлер, қағаз А4, скотч, стикерлер, қайшы, желім, түсті қағаз, мультимедиапроектор, таратпа материал.

Сабақ барысы

1. **Оқытушының кіріспе сөзі**, онда ол сабақ тақырыбын, мақсаты мен міндеттерін хабарлайды.
2. **Шынығу үзілісі. Жаттығу «Ең ұзын сызық».**

Бөлмеде ең кең жерді таңдаңыздар. Оқушыларды екі топқа бөліңіздер (не болмаса одан да көп топтарға). Оқушылардың қолындағы заттарды пайдаланып, еденде неғұрлым ұзын сызық құру қажеттігін түсіндіру. Қосымша заттарды пайдалануға

рұқсат етпеңіздер. Оқушылардың үстіндегі мысалы, сағат киім, әшекейлер деген сияқты заттарды пайдалану. Егер оқушылар шығармашылықпен осы тапсырма орындалуына қараса, онда басқа командаға қарағанда олардың сызығы ұзынырақ болуы үшін барлығын пайдаланады. Олар тіптен еденге де жатады. Сызығы ұзынырақ болған команда жеңімпаз болады. Шынығу үзілісінен кейін осы жаттығу команда құрылуына қаншалықты көмектесетіндігін талқылағыздар

3. Ой-талқы.

Сұрақтар: жасөспірімдерді жыныстық байланысқа ерте түсуіне қоздыратын себептерді атаңыздар. Сексуалды қатынастарға түсу салдарын атаңыздар.

Оқушылардың барлық жауаптары флипчартта жазылады.

Сосын оқытушы оқушылармен бірлесе қорытынды шығарып шағын дәріске өтеді.

4. Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы: «Ерте сексуалды қатынастарға түсу салдары».

Үлгілі мазмұны.

Жасөспірім кезеңі – бұл өзінің елігуін қанағаттандыру және тәжірибелер кезеңі. Қажет емес жүктілік ЖЖЖИ және АИВ/ЖИТС – жасөспірімдерде сексуалды белсенділік салдары.

➤ Жастар ЖЖЖИ және АИВ/ЖИТС ауруларына әсіресе осал, себебі жауапты шешім қабылдауға дайын емес және жеткілікті білімдері жоқ. Ересектену кезеңінде жасөспірімдер жиі олар үшін ересектер статусына жетудің қарапайым әдісі жыныстық қатынастар деп пайымдайды.

➤ Көбінесе жыныстық қатынастар ішімдік ішу және есірткі қабылдаумен ұштасады. Олар негізделген және жауапты шешімдер қабылдау қабілетін төмендетеді, нәтижесінде іс қимыл одан да қауіпті болады.

➤ Жас адамдар жиі олар осал емес деп ойлайды, олардың қатынасын «менімен бұлай болмайды» сөздерімен білдіруге болады.

➤ ЖЖЖИ және АИВ ауыратын адамдардың қандай да бір белгілі тобына қатысты болуына қарамастан тәуекел іс қимыл нәтижесінде жұқтыруға болады.

Сенің екені емес, не жасайтындығы туралы маңызы бар. Мамандар зерттемесі бойынша соңғы жылдары алғашқы рет жыныстық байланысқа түсу жасы төмендеу қарқыны байқалады. Ерте жыныстық байланыстар жастарда норма бола бастады. Психологтардың айтуы бойынша қазіргі жеткіншектерде секс проблемасына қызығушылықтары пайда болды. Жеткіншектер теледидар немесе интернет арқылы

сексуалды мағына беретін қойылымдарды көп көреді. Жасөспірімнің берік емес санасы бұл ақпаратты дұрыс қабылдамай, өмір дағдылары болмауынан дұрыс пайдаланбайды. Секске жас адамдардың қатынасы жеңілдене бастады, осы салада әртүрлі әлеуметтік шектеулерге немқұрайлы қарау оңай. Жеткіншектерде тіптен таныс емес адаммен жыныстық қатынасқа түсу мүмкіндігі туралы ұғымдары таралған. 16 жасқа дейін жыныстық өмірді бастаған бозбалалар саны бүгінгі күні сол жастағы қыздарға қарағанда елеулі жоғары. Кәсіби техникалық білім жүйесіндегі оқушылар арасында 16 жасқа дейін жыныстық өмірді бастағандар жалпы білім мектеп оқушылары арасында қарағанда жоғары.

Жыныстық байланысқа ерте түсуге жасөспірімдерді қоздыратын себептер.

1. Өзін жалғыз немесе белгілі болуға сезіну үшін;
2. Ата анадан өз тәуелсіздігін көрсету үшін;
3. Секс арқылы өзінің «Мен» бекітуі, себебі өздерін аса сенімсіз сезінеді, және осылайша өзінің тартымдығын көрсеткісі келеді. Бозбалалар өзінің еркек бастауын дәлелдейді, ал қыздар – өздерінің қалаулы және оларды жақсы көру керектігін дәлелдейді.
4. Махаббатты ұстап қалу үшін;
5. Себебі мұны барлығы жасайды».

Ерте жыныстық байланыстар үнемі адам денсаулығына ең алдымен репродуктивтік денсаулығына теріс ықпалы салдары болып табылады.

Негізгі салдары:

1. Қажет емес жүктілік (түсік түсіру немесе жастайынан ана болу);
2. ЖЖЖИ/АИВ жұқтыру;
3. Жасөспірім кезінде түсік түсіру, жүктілік және босану салдарынан репродуктивтік жүйенің гормональді ретінің бұзылуы және гинекологиялық аурулар;
4. Психологиялық, моральді-этикалық және әлеуметтік проблемалары (өзін өзі сыйласуын жоғалту және т.б.)
5. Некеге мәжбүрлеп түсу.

Өзі әлі ересек болмаған ата ана өзінің баласын тәрбиелеуі мүмкін емес. Ерте жаста бала туу әйелдің бүкіл кейінгі өміріне әсер етеді. Өкінішке орай, жастардың сексуалды белсенділігі өсуін тану – бұл шынайылық. Осының салдарынан жыныс жолымен берілетін аурулар саны тым ұлғаюда, жасөспірімдер арасында жүктілік артуда, олардың нәтижесі түсік түсіру немесе жас кезден ана болу – бұл көбінесе балалардан бас тартуға және әлеуметтік жетім болуына келтіреді. Отбасы өміріне жастардың дайын емес болу салдары көптеген ажырасуларға келтіреді.

Сөйтіп, жасөспірімдердің ерте жыныстық байланыстары үнемі жасөспірімдердің жалпы денсаулық жай күйіне (рухани және дене) және репродуктивтік

денсаулығына теріс ықпал етеді. Жасөспірім кезінде ерте жыныстық байланыстар себебі ең алдымен осы жаста дұрыс емес себептер және өмір ұстанымдарында жатыр. Жасөспірім қарқынды жыныстық жетілумен байланысты көбінесе физиологиялық қажеттіліктерін басшылық етеді.

Еске сақтаңыздар: сіздің жасыңызда өмір аяқталмайды, тек басталады және оны ойдағыдай өту үшін аса дайындалу қажет, асығудың қажеті жоқ, барлығының өз уақыты бар.

5. Топтарда жұмыс жасау.

Оқытушы оқушыларды екі топқа бөліп, талқылау сұрақтарын таратады: «Қауіпті жыныстық байланысқа түскен бозбалалар немен тәуекел етеді?», «Қорғалмаған секске түсіп бойжеткендер немен тәуекел етеді?». Осы топтық жұмыс жынысқа тәуелді емес қауіпті жыныстық іс қимыл тәуекел дәрежесін түсінуге көмектесу үшін жүргізіледі.

Әр топтың жұмыс нәтижелері тыңдалады, жауаптары толықтырылады, оқытушы қорытынды жасайды.

ЖЖЖИ, АИВ, жұқтырудан басқа осындай қатынастар нәтижесі ретінде бедеулікке, жүктілікті көтере алмауына келтіретін жыныстық жүйенің ауруларын және де қажет емес жүктілікті туындататындығына оқушылардың назарын аударту қажет.

6. Рөлдік ойындар. Жаттығу «Қиылыс».

Алынған материалды бекіту, мінез құлықты модельдеу және эмоциялық реакцияларды бекіту үшін оқытушы қойылым түрінде көрсету қажет бірнеше жағдайлық тапсырмалар ұсынады. Оқушыларға өздеріне ықтимал өмірлік оқиғаларды ойластыруын ұсыну.

Оқытушы оқушыларды үш тоқа бөліп, құрастырылған ойын оқиғасы бар дайын карталарды таратады.

1. Сіз құрбыңызға кешке келдіңіз. Бұл жерде қонақтар көп, соның ішінде таныс еместер. Бір жас адам сізге аса назар аударады: жақындап келеді, сөйлескісі келеді. Оның іс қимылы сізге жалықтыратындай көрініп және де ол есірткі қолданатындығын естисіз.

5 минут ішінде бойжеткен қалай жасауы тиістігі жөнінде шешім қабылдау. Осы жағдайдың тиімдірек шешімін сол жерде жасалған қойылымда ойластырып көрсетіңіздер.

2. Айгуль мен Ермек бірнеше ай бойы кездеседі. Олар 16 жаста. Олар бір бірін жақсы көреді және болашақта үйленгісі келеді. Руслан Аринаға сексуалды қатынастар бастауды ұсынады. Арина тойға дейін жақын қатынасқа түскісі келмейді. Руслан оны нандырғысы келеді: «Біз бәрібір үйленеміз, неге біз оны жасай алмаймыз». Ертеңгі күнді Русланның туған күні және Арина ол тағы да секс туралы айтатындығын ойлайды.

5 минут ішінде бойжеткен қалай жасауы тиістігі жөнінде шешім қабылдау. Осы жағдайдың тиімдірек шешімін сол жерде жасалған қойылымда ойластырып көрсетіңіздер.

3. Амина досының кешінде кідіріп қалды. Кеш болып кетті, көлік жүрмейді. Досы оның үйінде қалуды ұсынады. Ол ішімдік ішкендіктен одан сайын табандылықпен сұрайды. Ол Алинаға қауіп төндіре бастайды.

5 минут ішінде бойжеткен қалай жасауы тиістігі жөнінде шешім қабылдау. Осы жағдайдың тиімдірек шешімін сол жерде жасалған қойылымда ойластырып көрсетіңіздер.

4. Сергей досының туған күніне келді, онда үлкен көңілді компания жиналған. Көптеген таныс емес жас адамдар болды. Біреуі Сергейге келіп, есірткі тартуын ұсынады. Оған дейін Сергей ешқашан есірткіні қабылдамаған.

5 минут ішінде бойжеткен қалай жасауы тиістігі жөнінде шешім қабылдау. Осы жағдайдың тиімдірек шешімін сол жерде жасалған қойылымда ойластырып көрсетіңіздер.

Талқылағаннан кейін топтарға нәтижелерді жалпылап көрсетуі тиіс лидерді таңдауын ұсыныңыз. Оқытушы басқа топтар қатысушыларынан жауаптарды түсіндіруге өз ұсыныстарын беруге ұсынады.

Жаттығу соңында оқытушы талқылауға келесі сұрақтар қоюымен қорытынды жасайды:

- Қандай да бір жол таңдауы неге байланысты?
- Таңдауға не ықпал етуі мүмкін?
- Әр жағдайда қандай нұсқа қажет?
- Өзі үшін қабылдау үшін не істеу қажет?
- Бас тарту кезінде қандай іс қимылды таңдау керек?
- Бас тарту кезінде қандай іс қимыл жиі кездеседі?

Оқытушы оқушылардың назарын тәуекел дәрежесін шынайы бағалауы қажеттігін, сексуалды күш көрсетуге себеп келтірмеуді кез келген жағдайда қырағы болу қажеттігін ескертіп айтады.

Ой-талқы. Қандай ЖЖЖИ білесіздер?

Оқытушы оқушылардан олар білетін ЖЖЖИ атауын сұрайды. Оқытушы алдын ала ЖЖЖИ – сифнемесес, гепатит В және С, АИВ – қызыл түсті, ал қалғандары ЖЖЖИ

– көк немесе жасыл түсті тақтайшаларын дайындайды. Оқушылар ЖЖЖИ атауына қарай екі бағанға тақтаға тақтайшалар жапсырылады: оң жағы – екі жолмен берілетін инфекциялар, жыныстық және қан арқылы (сифилис, гепатит «В» және «С», АИВ), сол жақта – тек жыныстық жолмен (гонорея, трихомониаз, хламидиоз, папилломавирустық инфекция және т.б.). Егер біреулер туберкулез немесе грипп деп ЖЖЖИ атаса, онда флипчартқа жазу қажет, бірақ сосын олар неге ЖЖЖИ жатпайтындығын түсіндіріп, оларды белгілеу қажет. 20 түрден астам ЖЖЖИ болатындығына назар аударту.

Аталатын инфекциялар тізімі:

1. Сифилис,
2. Гепатиттер В және С
3. АИВ
4. Гонорея
5. Трихомониаз
6. Хламидиоз
7. Папиллом - вирустық инфекция
8. Герпес

Егер оқушылар аталған инфекциялардың қайсыбірін атамаса, оқытушы оларды өзі қосып айтады.

Оқушылармен ЖЖЖИ неліктен осылай бөлінгендігі түсіндіріледі. Екі топқа бөліну себебі негізделген соң жоғарғы жақта оқытушымен жұқтыру жолдары белгіленеді.

Топтарда жұмыс жасау. ЖЖЖИ Симптомдары.

Оқытушы оқушыларды аталған инфекциялар саны бойынша бөледі, оларға ЖЖЖИ атаулары бар карталарды үлестіріп, олар білетін ЖЖЖИ негізгі симптомдарын жазуды сұрайды. Сосын көпшілік ауруларда симптомдары ұқсас екендігі анықталады.

Мысалы:

- Жыныс жолдарынан көпіршік әдеттегі емес бөліністер (ірің, сілекейлі ірің, сарғыш немесе жасыл түсті, кейде жағымсыз иісімен);
- Қышу, ісіну немесе сыртқы жыныстық органдардың ауруы.
- Зәр шығару бұзылуы (жиі ауырып шығу немесе күйдіру),
- Жыныстық органдардағы іріңдер;
- Жыныстық органдарда көпіршік түрде бөртулер;
 - Жыныс органдарында өскіндер (кондилондар)
- Шап жағында лимфатты түйіндер ұлғаюы (дөңгеленген немесе сопақша формадағы жасалулар, ұстап көргенде ауырады);
- Жыныстық байланыс кезінде қан ағулар
- Дене температурасының көтерілуі.

Оқытушы оқытушы қорытынды шығарып, нәтижесінде көптеген ЖЖЖИ әртүрлі емделсе де белгілері бойынша ұқсастығын анықтайды. Сондықтан осы белгілердің біреуі болсын пайда болған кезде дәрігерге бару қажет.

Ой-талқы. ЖЖЖИ салдары.

Оқытушы оқушылардан олар білетін ЖЖЖИ салдарын атауды сұрайды. Барлық атаулар флипчартта жазылады. Ықтимал салдары:

- Ерлер және әйелдер бедеулігі
- Жатыр мойыны ісігі даму катері
- Импотенция
- Жүйке жүйесіндегі бұзылушылықтар
- АИВ жұқтыру тәуекелі
- «В», «С» гепатиттері кезіндегі бауыр ісігі
- Етеккір арасындағы қан ағулар
- Зәр шығару жыныстық жүйелердің аурулары

Оқытушы ЖЖЖИ барлық бөлімдері бойынша қорытынды жасап шағын дәріс тыңдауды ұсынады.

Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы: «ЖЖЖИ. Жұқтыру жолдары, симптомдар және салдары».

Үлгілі мазмұны

Соңғы жылдары бүкіл әлемде көбінесе жыныстық жолмен жұқтырылатын инфекциялық аурулар кең таралған. Бүгінгі таңда жыныстық жолмен берілетін 20-дан аса белгілі.

Басты себептердің бірі – бұл жастардың ерте сексуалды байланыстарға неғұрлым еркін қатынасы, кездейсоқ әртүрлі серіктестермен байланыстары, осы саладағы әлеуметтік әртүрлі шектеулер жеңіл немқұрайлы қарсы алынады.

Жыныстық жолдармен жұқтырылатын инфекциялар (ЖЖЖИ) - бұл инфекциялық аурулар тобы, олардың қоздырғыштары көбінесе жыныстық жолмен жұқтырылады.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйым деректері бойынша (ДДҰ), әр жылы әлемде 300 млн жағдай ЖЖЖИ тіркеледі. Емделмеген ЖЖЖИ 5-10 рет АИВ-инфекциясымен жұқтыру қаупін арттырады. ЖЖЖИ ең жоғары деңгейі 20-21 жаста, сосын 15-19-жас. Қазақстанда жеткіншектер және 15-29 жастағы адамдар АИВ (43,5%) жаңа жағдайлар үлесін құрайды, ал жасөспірімдер арасында сифилиспен ауру дамыған елдерге қарағанда жалпы төмендеуге қарқынына қарамастан ондаған есе жоғары.

Сіздердің назарларыңызды ЖЖЖИ қатысты кейбір маңызды тармақтарға аудартқымыз келеді.

1. Бұл аурулар (егер емдемесе) ұзақ әрі толқын тәріздес жиі симптомдар байқалуынсыз өтеді.

3. ЖЖЖИ кезінде өз бетімен емделу болмайды, яғни арнайы емдеусіз мүмкін емес.

4. Дәрігерге ерте қаралу тезірек емделуге және келесі шиеленісулерді алмауға мүмкіндік береді:

- Ерлер және әйелдер бедеулігі
 - Асқынған формасынан қабынған баяу ағынды формасына өтуі
 - Жыныстық жүйе органдарының аурулары
 - Жатыр мойыны ісігі даму қауіпі
 - Импотенция
 - Жүйке жүйесінде бұзылулар
 - АИВ жұқтыру қауіпі
 - «В», «С» гепатиттері кезінде бауыр ісігі
 - Етеккір арасындағы қан ағулар
5. анадан балаға көптеген ЖЖЖИ берілуі мүмкін.

Алдында айтып кеткендей, көптеген ЖЖЖИ ұқсас симптомдары бар:

- Жыныстық органдардың қышуы және қызуы.
- Жыныстық органдарда көпіршек түрінде бөртуі
- Жыныстық органдардан әдеттегі емес бөліністер.
- Жыныстық органдар және артқы тесік айналасында қызарулар.
- Өте жиі ауру келтіретін зәр шығару.
- Лимфатты түйіндер ұлғаюы.
- Жыныстық органдарда ауырмайтын іріңдер пайда болуы.
- Жыныстық органдарда өскіндер (кондилом)
- Жыныстық байланыс кезіндегі қан ағулар
- Дене температурасының көретілуі.

Бірақ ЖЖЖИ белгілері жұқтырғаннан кейін ұзақ уақыт бойы байқалмайды, оның осы жердегі теріс әсері. Жұқтырған адам жиі өзін сау сезінеді, бірақ бұл ретте жыныстық серіктесіне жұқтыруы мүмкін. Сондықтан егер сіз ЖЖЖИ жұқтырған деп санасаңыз, дәрігер маманға бірден қаралу қажет.

Ең таралған ЖЖЖИ:

Сифилис.

Сифилис туындататын микроб *бозарған спирохена* деп аталады, ол жіңішке түтік тәріздес жіп. Ол зақымданбаған тері арқылы және сілекейлі қабыршақ арқылы енуі мүмкін. Жиі жұқтыру жолы – жыныстық байланыс. Бірақ сүйіскен кезде осыған дейін науқас пайдаланған үй заттары, науқаспен бірге бір шылымды шегу сияқты да болуы мүмкін. Организмге енген кезде 3-4 аптадан соң тығыз табаны бар және өте жұқпалы ауру тудыратын жара пайда болады, себебі оның бетінде көптеген спирохиттер бар. Жаралар пайда болған соң бір аптадан кейін лимфа түйіндері

ұлғаяды. Сол кезден адам жұқтырғыш болып, егер емделмесе осылай өмірінің соңына дейін қалады.

Анасы баласына жүкті кезінде сифилисті жұқтыруы мүмкін, бұл жөнінде туа біткен сифилис дейді.

Гонорея.

Гонококк (гонорея қоздырғышы) микроскоп астында бұршақ дәні сияқты көрінеді. Гонококк тек зәр шығару органдарын ғана емес, тура ішекті ауыз сілекейін, көмей және көзді зақымдайды. кір ішкі киім, орамал, ысқыш арқылы тұрмыстық жұқтыру болуы мүмкін. Бұл аса таралған ауру, сондықтан оған шағымдар көп (әсіресе ерлерде), ісік пен сары-жасыл зәр шығару түтігінен бөліністерді көрмеу мүмкін емес.

Байқалулар жұқтыру кезінен 3-7 күннен кейін басталады. 10-14 күнде шағымдар тіпті емдеусіз жоғалады, бірақ қуануға әлі ерте: ауру белгілі бір уақытқа дейін жасырынып қалды – басқа сатысына өтті. Кез келген асқынған ауруда қабыну болады, бұл барлық симптомдар қайтадан пайда болатындығын білдіреді. Негізгі белгілерден басқа іш ауруы – әйелдерде және ұмада – ерлерде байқалады.

Егер адам өз бетімен немесе достарының кеңесімен емделгісі келсе, онда асқынған гонореяны алу қаупі бар. Аурулардың емделуі кешенді, жеке екі жыныстық серіктесі үшін бір мезгілде болуы тиіс.

Хламидиоз.

Ерекше бактериялар – **хламидия** туындайды. Орташа алғанда инкубациялық кезеңі 2 аптадан 1 айға дейін. Осы аурулар белгілері көбінесе болмайды. Хламидиоз кезінде бөліністер мардымсыз, мөлдір, желімді еске түсіреді. Хламидия зәр жыныстық органдарды ғана емес, сонымен қатар көз, ішек, тыныс алу органдарын зақымдайды. Хламидиоз ерлер-әйелдерде бедеулікке келтіреді және түсік түсірудің негізгі себебі болады. Жүкті әйел балаға ауруды жұқтыруы мүмкін. Бұл өкпе, көз қабынуына, ал қыздарда - зәр жыныстық органдарының туа біткен хламидиозына ұшыратады. Хламидиоз өте қиын емделеді, оның диагнозын тек арнайы анализдерден кейін ғана қояды.

Трихомониаз.

Микробпен емес, бір жасушалы қарапайым паразитпен «шағын жануар» – **трихомонадамен** туындайды. Ол сыртқы ортада өте тұрақты..

Аурудың алғышқы белгілері жұқтырудан кейін 4 күннен 3 аптаға дейін байқалады. Әдетте трихомониаз көбінесе әйелдерде айқын көрінеді, бірақ әсіресе ерлерде аса білінбей өтеді. Негізгі симптомдары: күшті қышыма және шап арасында тітіркену, жағымсыз иісі бар мол көпіршік бөліністер. Егер емделу жүргізілмесе 3-4 аптадан кейін трихомониаз асқынған формасына өтеді. 5 жасқа дейінгі қыздар гигиена ережесін өрескел бұзған кезде тұрмыс жағдайында жұқтыруы мүмкін.

Сыртқы жыныс ағзаларының герпесі.

Өоздырғыш ретінде герпес вирусы болып табылады. Жыныстық жолмен жұқтырылады және жыныстық органдарда және айналасында жара түрінде бөртулер болады. Ондай бөртпелер бірнеше әр апта сайын бірнеше күнге дейін пайда болады, сосын ұзақ уақыт жоғалуы мүмкін. Алайда, толық сауыққаннан кейін де вирус ағзада қалады және мерзімдік асқынуды туындатады..

А.Куприн және Н.Гарин-Михайловскийдің шығармаларынан үзінділерді мұқият тыңдаңыздар, онда көркем түрде сифилис сипатталады.

А.И. Куприн «Шұңқыр» повестінде революцияға дейінгі Ресейде жезөкшелер үйлерінде әйел өмірін сипаттаған: «...әйелдер... көбінесе жартылай ойылған мұрны бар, дауыстары қарлыққан». «Адам толық ауырады: оның сүйегі, сіңірлері, миы ауырады... Кей дәрігерлер аурудан емделуге болады деп өтірік айтады. Бос сөз! Ешқашан емделмейсің! Адам он, жиырма, отыз жыл шіриді. Әр секундта ол паралич болуы мүмкін. Оның бетінің оң жағы, оң қолы, оң аяғы өледі, адам емес, оның жартысы тіршілік етеді. Жартылай адам – жартылай мәйіт. Олардың көбісі жынданып кетеді... Әбір адам... Әрбір ондай жұқтырған тамақ ішетіндігін, сүйісетіндігін, тіпті демалатындығын түсінеді,— ол қазір айналасындағы жақындарын – апасын, жұбайын, ұлын жұқтырмайтындығына сенімді емес... барлық сифилитиктерде балалары мүсәпір аурушаң туады. Міне, Коля, осы ауру нені білдіреді!»

Н.Г. Гарин-Михайловскийдің «Матренаның ақшасы» әңгімесінде образды түрде шаруа отбасы мүшелерінде сифилис белгілері сипатталған: «...бүкіл Отбасы үмітсіз ауырды. Қарт, Корнейдің атасы, оның үйінде тұрып тірілей шіріп кетті. Үлкен ісінген мұрны, үлкен қызыл көзі, барлығы желінген, тегіс жара. Сөйтіп, пеш үстінде шықпаусыз отырған. Жазда үй ішінде ауа тымырсық. Қарттың Маркел деген ағасы болды. Одан тіпті жағымсыз иіс шығатын: оған көшеде де жақын келе алмайсың. Ал Маркелдың шіріген үйінде тағы да осындай жаралармен 7 адам тұрды: олар мұрынсыз, саңырау және есуастар. Олар малдан да сұмдық ортада, бірақ малдан нашар жағдайларда адамдар санасымен тұрып жатты».

Қазіргі медициналық ғылым жетістіктері ЖЖЖИ тиімді емдеуге мүмкіндік береді. Барлығы дәрігерге уақытымен барудан, емделу курсынан өтуден байданысты.

Топтарда жұмыс жасау. АИВ және ЖИТС деген не, олардың жұқтыру жолдары, тестілеу.

Оқытушы оқушыларды үш топқа бөліп, әр топқа тұсаукесерді талқылау және дайындау тапсырмасын береді:

Бірінші топ – АИВ және ЖИТС деген не? АИВ жеткілікті жұқтыру дәрежесінде бар ағзаның биологиялық сұйықтығын атау.

Екінші топ – АИВ жұқтырған жолын және АИВ ретінде атау. Оқытушы жағдайлары бар суреттерді ұсынып, АИВ қандай жағдайларда жұқтыратындығын талқылауды ұсынады.



Үшінші топ – өзін қалай қорғау, профилактика шаралары?

Топтардың барлық жауаптары флипчартқа жазылады және сосын команданың бір өкілі тұсаукесер жасайды. Оқытушы оқушылармен бірлесе топтық жұмыс қорытындысын жасайды.

Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы: «АИВ. Жұқтыру жолдары, АИВ тестілеуі».

Үлгілі мазмұны.

АИВ/ЖИТС эпидемиясы – әлемде жаңа емес проблема. Ол миллиондаған адамдарды өзімен алып кетіп дүние жүзі бойында таралуын жалғастыруда.

Біз неғұрлым ұлттық және мемлекеттік шекаралы жойылатын, адамдар арасында қарым қатынас интенсивтілігі артатын әлемде өмір сүріп жатырмыз, АИВ таралуы басты проблемаларының бірі болды. Халықаралық сарапшылар айтқандай бүгінгі күні ТМД елдері АИВ таралу шапшаңдығы бойынша әлемде бірінші орындарға шықты. АИВ жұқтыруы адам іс қимылына байланысты және егер адам тәуекел іс қимылда болса жұқтыру болуы мүмкін.

АИВ деген не? **АИВ** – бұл адамның иммунодефицит вирусы. Вирустар инфекциялық агенттерді білдіреді. Көлемі жағынан бактериялардан аса кішкентай. Вирустар өмір сүруге қажетті маңызды элементтерден айырылған, сондықтан олар қожайын жасушасында енгізіліп, оның ресурстарын пайдалануға мәжбүр. АИВ өз

тіршілігін ұстап тұру үшін иммунды жүйе-лимфоциттер жасушаларын пайдаланады, нәтижесінде иммунодефицит дамиды.

АИВ адамның тек ағзасында өмір сүретін вирустарға жатады. Өзінің құрылымы жағынан ол жануарлар және жәндіктер сияқты ағзаларда тіршілік етуге бейім емес. Бұл вирусты «18 сомын кілтімен» салыстыруға болады: кем көлемдегі сомын үшін ол іліне алмайды, ал үлкен көлемдегі сомындар тіптен оның пазына кіре алмайды.

Жиі сұрақ қойылады: «АИВ қайдан алынған?» бүгінгі таңда АИВ пайда болуы – маймылдар иммунодефициті вирусының эволюциялық даму нәтижесі, ол түрлік кедергі арқылы өтіп, адам үшін ауру тудырғыш болған. Бұл жағдай ХХ ғасырдың 40-жылдар басында 50-жылдар аяғында болған. Ал ЖИТС алғашқы жағдайлары АҚШ-а 1981 ж. болған. Адамның иммунодефицит вирусы 1983 жылы Франциядағы Пастер институтынан Люк Монтаньемен ашылған және бір мезгілде оған байланысты емес АҚШ-а Роберт Галломен ашылған және осы ғалымдар Нобель сыйлығына ие болған. Тез арада АИВ бар адамдар басқа елдерде айқындалған. Әсіресе Африкада жұқтырылған адамдар көп.

ЖИТС – Жүре пайда болған иммундық дефицитінің синдромы, АИВ инфекцияның соңғы сатысы болып табылады.

Бастапқы АИВ-инфекциясынан клиникалық симптомдар байқалуына дейін орташа уақыты 10 -15 жыл құрайды.

Вирус дамуын ұстап тұратын және АИВ кінәсымен пайда болған зақымданулады емдейтін дәрілер бар, бірақ АИВ инфекция толықтай емделмейді. Дәрілерді өмір бойы қабылдау қажет.

АИВ жұқтырудың үш жолы бар:

- парентералды (қан немесе оның компоненттері арқылы)
- жыныстық
- вертикальді – жұқтырылған анадан балаға

Сөйтіп, АИВ адам ағзасының тек белгілі бір сұйықтығы арқылы және тек белгілі бір жағдайларда жұқтырылады.

АИВ жұқтырылуы мүмкін адам ағзасындағы сұйықтықтар:

- қан;
- ұрық сұйықтығы;
- қынап бөлінісі;
- омырау сүті.

Парентеральді АИВ жұқтыру жолы

Есірткілерді тамыр асты енгізу АИВ жұқтыруға қатысты ең қауіпті форма болып табылады. Көбінесе онымен инъекциялық есірткілерді тұтынушылар әдетте ортақ ителер мен шприцтерді пайдаланумен байланысты, ал АИВ жұқтырылған адам қаны тікелей сау адамның қан ағысына түссе, жұқтыруды болдырмау мүмкін еме.

АИВ келесі жағдайларда жұқтырылады:

- қандай да бір препараттарды енгізу, құлақ тесу татуировка, пирсинг жасау үшін инелерді хирургиялық және инъекциялық құралдарды қолдану (жұқтырылған АИВ);
- жұқтырылған АИВ қанды немесе оның компоненттерін құю, жұқтырылған донордан органдар және жасушаларды қондыру;
- қыру үшін басқа біреудің лезвиясын пайдалану.

Жыныстық жолы

Жыныстық байланыста АИВ жұқтыру қатерін арттыратын факторлар:

- қорғау құралдары (презерватив) пайдаланусыз жұқтырылған АИВ бар жыныстық байланыс;
- ЖЖЖИ болуы.

Жыныстық қатынас кезде ерлерге қарағанда әйелдердің жұқтыру ықтималдығы жоғары. Бұл әйел ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерімен байланысты. АИВ жұқтыру қаупі әйелдер үшін жыныстық жолмен жұқтыратын инфекциялар болған кезде, жатыр мойны эрозиясы, жаралар, қынаптың сілекейлі қабыршағы ауруы, еттекір кезінде және де қыздықты алу кезінде арта түседі.

Ішімдік пен есірткіні қабылдау өз іс қимылына бақылауды төмендетіп, қатерлі сексуалды іс қимылға жол береді.

Бүгінгі таңда Қазақстанда АИВ жыныстық жол арқылы жұқтыру басым және шамамен 55 % құрайды.

Вертикальді жолы (анадан балаға)

АИВ жұқтырылған анадан балаға берілуі жүктілік, босану және омырау сүтін берген кезде мүмкін. ДДҰ нұсқауы бойынша босанушы қанында вирустың концентрациясы жоғары болған кезде балаға АИВ жұқтыру қаупін төмендету мақсатымен әйелдің босануға рұқсаты кесарь тілігі операциясымен өткізіледі. АИВ жұқтырылған анадан туылған балалар жасанды емізуге көшіріледі. Жүктілік кезінде АИВ оң әйелдер профилактикалық емдеу-балаға АИВ берілуін ескерту үшін антиретровирустық терапиядан өтеді (АРВ-терапия). Туғаннан кейін бала бір жасқа дейін диспансерлік есепте тұрады. Әдетте егер әйел АРТ препараттарын қолдау түзімін сақтаса, бала сау болып туады.

Қандай жағдайларда АИВ жұқтырылады?

АИВ жұқтырылмайды:

- Қол алысқанда, тигізгенде, құшақтасу кезінде, себебі зақымданбаған тері вирусы үшін табиғи кедергі болып табылады;
- Гигиена заттары арқылы;
- Тұрмыстық жолмен: киім, төсек орны, сүлгі арқылы;
- Бассейн, ванна, моншада;
- Жәндіктер шағу арқылы;
- Сүйісу арқылы.

АИВ қашан байқаудан өту қажет?

АИВ анализі вирустың өзін емес, оған қарсы денелерді айқындайды. Қарсы денелерді жасау үшін уақыт қажет – шамамен 3 ай (кейде 6 ай). Ерте кезеңде зерттеу ағзада вирус болған кездің өзінде теріс нәтижені көрсетеді. Сөйтіп, жұқтыру болмағандығына көз жеткізу үшін қауіпті жағдайдан немесе сексуалды байланыстан кейін үш айдан соң тексеруден өту қажет, осы кезеңде тек қауіпсіз іс қимыл формаларын пайдалану керек.

Қауіп-қатер симптомдары олар байқаған кезде дереу дәрігерге бару қажет:

- 1 ай бойы тұрақты жөтелу
- Салмақтың 10% жоғалуы және одан артық қысқа уақытта
- Дененің бір айдан аса температура көтерілуі
- 1 айдан аса іш ауруы

АИВ тестілеуі.

Адам АИВ жұқтырмағандығы туралы жалғыз білу әдісі – тестілеуден өту. АИВ тексеру еріктілік анонимдік және құпиялылық негізде өткізіледі. Ешкім адамды егер қажет қылмаса АИВ тексеруден өткізуге мәжбүрлей алмайды. Бұл адамның өзі АИВ тексеруден өту туралы шешім қабылдауына байланысты. АИВ тексеруден өту үшін ЖИТС күрес және профилактика орталығына немесе басқа ондай тексеру өтетін медициналық мекемеде қан тапсыру қажет.

АИВ зерттеу вирустың өзін емес, осы вирусқа қарсы денелерді айқындайды, сондықтан тексеруді ағза оларды байқау үшін жеткілікті мөлшерде қарсы денелер жасаған кезде өткізу қажет. Қанды қайталама тапсыру қан алу кезінде туындайтын, зертхана тіркеуге берілу кезінде болатын әртүрлі қателерді болдырмау үшін қажет. Егер бірінші және екінші зерттеулер нәтижелері дәл келсе, яғни АИВ қарсы денелеріне оң нәтиже берсе, онда растау зерттеуін өткізеді, АИВ нақты өзгеше ақуыздарына қарсы денелерді анықтайды. Егер зерттеу нәтижесі бланкісінде АИВ қарсы денелер байқалды деп көрсетілсе, яғни нәтижесі оң деп саналып, бұл адам АИВ жұқтырған дегенді білдіреді.

Егер тест – теріс болса, АИВ қарсы денелері байқалмаса:

- Адам жұқтырылмаған немесе
- Адам жұқтырылған, бірақ ағзасы қазіргі әдістермен анықтауға мүмкіндік беретін жеткілікті мөлшерде қарсы денелер жасалмаған. Вирус ағзада болған кезеңі, ал қарсы денелер оларды байқау үшін жеткілікті мөлшерде жасалмаса, оны ***«терезе кезеңі» деп атайды.***

Тестінің теріс нәтижесіне сенімді болу үшін бір айдан кейін тексеруді қайталау қажет.

Күмән келтіретін нәтиже – алынған нәтижені анық түсіндіру мүмкін еместігі. Бұл жағдайда екі аптадан кейін немесе бір айдан кейін зерттеуді қайталау қажет.

- **Блиц – интеллектуалды ойын" Өзінді ЖЖЖИ-дан қалай қорғауға болады?»**

Оқытушы қатысушылардың әрбіреуіне допты лақтырады. Допты алған ЖЖЖИ қорғалу әдісін таңдайды.

Қатысушылардың біреуі тақтада немесе флипчартта барлық қорғалу аталған әдітерін жазады.

- **Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы: «ЖЖЖИ және АИВ Профилактикасы».**

ЖЖЖИ таралуы адамдар арасында адам іс қимылына байланысты, адам өзін қатерлі ұстаса, ол ЖЖЖИ жұқтыруы ықтимал.

Сенімді қорғалу әдістерін пайдаланып әрбіреуі өзін және жақын адамын ЖЖЖИ-дан қорғай алады. Сенімді қорғалу әдістеріне жатады:

- Ең дұрыс әдісі – неғұрлым ересек жасқа дейін сексуалды қатынастардан қаоыс қалу – 100% қорғалу.
- Егер сіз сексуалды белсенді болсаңыз, ең қауіпсіз жолы – бұл жалғыз дұрыс, жұқтырылмаған серіктесі болуы – 100% қорғалу. Егер серігінде өткен кезде қорғалмаған жыныстық қатынастар болса, онда ол тексеруден өтуі тиіс.
- Әр жыныстық қатынаста үнемі әі дұрыс презервативті кімге сенбейтіндермен ғана пайдалану. – 80-95% қорғалу. Презервативті ЖЖЖИ/АИВ жұқтыруды, қажет емес жүктілікті болдырму туралы сөз болған кезде қауіпсіз секстің негізгі түрлері болып табылады. Тиімді қорғалу презервативтерді дұрыс пайдаланған жағдайда ғана болуы мүмкін.

Материалды бекіту үшін қосымша жаттығулар.

1. Топтарда жұмыс жасау. «ЖЖЖИ деген не?»

Оқытушы оқушыларды екі топқа бөледі. Әр топ команда үшін сұрақтар таңдайтын лидерді таңдайды. Оқытушы топтарға дұрыс жауаптар есебін жүргізу туралы ақпараттандырады.

Командалар бірі біріне қарап отырады, сұрақтармен қорапты екі команда арасында қояды. Топ лидерлері кезекпен қораптан бір сұрақтан алып шығып, оны оқиды. Егер бір топ жауап бере алмаса, басқасы жауап береді. Флипчартта оқытушы екі бағанды және командалар тобын дұрыс жауап алынған ұпайларды қою үшін сызады.

Әр дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады. Егер сұрақ басқа командаға қойылса, және команда дұрыс жауап берсе, онда негізгі шотқа 20 ұпай қосылады (яғни 10 ұпай дұрыс жауап үшін және 10 ұпай бонус ретінде).

Оқытушы сұраққа жауап береді, егер қос команда оған жауап бермеген болса. Конкурс соңында барлық ұпайлар қосылып, артық ұпай жинаған команда жеңіске жетеді.

Осы жаттығуды өткізу үшін оқытушы төменде келтірілген кестедегі сұрақтар мен жауаптар пайдаланады.

Кесте

Сұрақтар мен жауаптар

Сұрақтар (бір бірлеп қағаз бетіне жазылады және қорапқа салынады)	Жауаптар (оларды оқытушы өзінде шот жүргізу және алынған жауаптар түзету үшін сұрақтармен бірге)
ЖЖЖИ деген не?	ЖЖЖИ – жыныстық жолмен жұқтырылатын инфекция. ЖЖЖИ ағза сұйықтықтарымен алмасу жүрген кезде жыныстық қатынаспен беріледі.
ЖЖЖИ-да тағы қандай атауы бар?	Венерологиялық аурулар: жыныстық жолмен жұқтырылатын аурулар.
Кейбір ЖЖЖИ атаңыздар?	Сифилис, гонорея, зәр жыныс хламидиоз, трихомоноз, микоплазмоз, генитальді герпес, генитальді кандидоз, В және С гепатиттер, генитальді шошақ кандиломдар және т.б. (20 аурудан астам)
Барлық ЖЖЖИ емделуге келе ме?	Барлығы месе, бірақ көпшілігі. вирустық ЖЖЖИ ерекшені құрайды: герпес, АИВ, гепатит В.
ЖЖЖИ жұқтырғандығын бірден анықтауға бола ма?	Үнемі емес, яғни жұқтырғаннан кейін бір уақытта т инкубациялық кезеңі жүреді, ЖЖЖИ алғашқы симптомдары белгілі бір кезеңде пайда болуы мүмкін. Кейде ЖЖЖИ бірден симптомдарсыз өтеді, немесе симптомдар аз байқалады. Хламидиоз ұзақ уақыт бойы әйелдерде айқындалмайды және жүктіліктің әртүрлі патологиясы байқалатын кезде ғана айқындалады
ЖЖЖИ кезінде қандай белгілер болуы мүмкін?	Әйелдер мен елдерде: <ul style="list-style-type: none"> ▪ жыныстық органдар сілекейлі қабыршағы және тері, тура ішекте, ауыс қуысы сілекейінде жаралар, көпіршіктер, түйіндер; ▪ жыныстық органдарда қышыма, ісіну ; ▪ дене қалтырауы, сынуы, тері бөртуі. Әйелдерде: <ul style="list-style-type: none"> ▪ қынаптан жағымсыз исі бар өзгеше іріндеу; ▪ іштің төмен жағында ауру сезінуі; ▪ менструациялар арасында қынаптан қан іріндер;

	<ul style="list-style-type: none"> ■ жыныстық қатынас кезде қынап терінде ауру сезінуі. <p>Ерлерде:</p> <ul style="list-style-type: none"> ■ зәр шығару түтігінен іріндеу.
Неліктен ЖЖЖИ қауіпті?	<p>ЖЖЖИ көпшілік қоздырғыштары бедеулікті, импотенция, жатырдан тыс жүктілікті туындатуы, түсік түсіру келтіріп бала туатын органдарды зақымдайды. Сифилис, егер оны емдемесе, ішкі органдар, жүйке жүйелерінің ауыр өзгерістеріне келтіреді, тұқым қуалайды. Кейбір ЖЖЖИ қатерлі ісік себебі болуы мүмкін.</p> <p>ЖЖЖИ бар адамдарда, ондаған есе жыныстық жолмен АИВ жұқтыру қаупі бар. Көпшілік әйелдер мен ерлерде жыныстық инфекциялар танылмай қалады, себебі олардың белгілері жоқ не аз білінеді және өз аурулары туралы сезіктенбей, басқаларына жұқтыруын жалғастырады.</p>
АИВ/ЖИТС аурулары ЖЖЖИ-на жата ма?	Иә, сонымен бірге жыныстық жолмен жұқтырылады. АИВ сонымен бірге анадан балаға қан арқылы жұқтырылады.
Егер сіз ЖЖЖИ жұқтырып алдыңыз деп ойласаңыз, не істеу қажет?	Дұрыс диагноз қойғызу үшін және толық емдеу курсы алу үшін дәрігерге (венеролог) бару. Сексуалды серіктестерге хабарлау.
Дәрігер сізге күн бойында дәрі қабылдауды жазып берді, бірақ ауру симптомдары бесінші рет дәрі алғаннан кейін жоғалды. Препараттар қабылдауды тоқтата аласыз ба?	ЖОҚ, ЖЖЖИ қоздырғыштарын жою өте қиын. Сондықтан сізге дәрігер жазып берген уақытта дәрі препараттарын қабылдауыңыз қажет.
ЖЖЖИ бар адамдар неге АИВ жұқтыруына неғұрлым осал болып келеді?	Көптеген ЖЖЖИ сілекей қабыршағы мен тері зақымдануымен бірге жүреді (жаралар, ауру пайда болуы), бұл адам ағзасына АИВ еніп кетуін жеңілдетеді.
ЖЖЖИ бар жүткі әйел өз баласына жұқтыра ала ма?	Иә, бала құрсақ ішінде жұқтыра алады (сифилис), босану жолдары арқылы өткен кезде (гонорея), омырау емізген кезде (АИВ).
ЖЖЖИ емдеу кезінде жыныстық қатынасқа түсуге бола ма?	ЖОҚ, серігіңе жұқтыруға болады (немесе өзіңе ЖЖЖИ жұқтырасың), тіптен ЖЖЖИ емдеуін алған күннің өзінде. Сондықтан толық сауқыпай, жыныстық қатынасқа түсуге болмайды.

ЖЖЖИ жұқтырудан су мен сабынды пайдалану қорғай ма?	ЖОҚ, ЖЖЖИ қоздырғышын су мен сабынмен алып тастау мүмкін емес.
ЖЖЖИ-нан контрацептивтік дәрілер қорғай ма?	ЖОҚ, контрацептивтік дәрілер ЖЖЖИ-нан қорғамайды. Тек презервативті қолдану ЖЖЖИ жұқтыру қауіпі төмендетуі мүмкін.
Дәріханада дәрілерді сатып алып, ЖЖЖИ өз бетімен емдеуге бола ма?	ЖОҚ, диагностика және ЖЖЖИ емедеуін дәрігер өткізу тиіс.
ЖЖЖИ емделгеннен кейін қайталама жұқтыруға бола ма?	иә, иммунитет ЖЖЖИ-на жасалмайды .
Кейде ЖЖЖИ симптомдары бір уақыт ішінде емдеусіз өте ме?	иә. Бірақ бұл ауру өтіп кетті дегенді білдірмейді.
Бір мезгілде бірнеше ЖЖЖИ жұқтыруға бола ма?	Иә. Жиі осылай болады.
ЖЖЖИ тек жыныстық жолмен ғана жұқтыруға бола ма?	Басым иә. Бірақ тұрмыстық жолмен жұқтырылатын ЖЖЖИ (сифилис, гонорея)бар, сондай-ақ, қан арқылы жұқтырылатын ЖЖЖИ бар (АИВ, гепатит В,С)
ЖЖЖИ бір серікке емделу жеткілікті ме?	ЖОҚ. Егер екеуі де емделмесе, онда жұқтыру тағы болады.

2. Ұжымдық жұмыс.

Оқытушы экранға 1 және 2 бағандағы деректермен алдын ала дайындалған кестені қорытындылайды. Оқушылар қандай ауру туралы сөз болып жатқанын шешіп, екінші бағанға ЖЖЖИ атауын жазу қажет.

Қашан ? (жұқтырғаннан кейін қай уақыт аралығында)	Не ?	Қалай байқалады?
7–10 күн	Гонорея	Іріңдеу, қызару, жиі ауру келтіретін зәр шығару
	Трихомоноз	Өзгеше иісі бар іріңдеу, қышу
3–4 апта	Сифилис	Жара (шанкр), лимфотүйіндер ұлғаюы, дене температурасы көтерілуі, бөртуі
Бірнеше күн – 2–3 ай	Герпес	қызару– көпіршіктер – ауруымен және қыздырумен эрозия
1 ай – 15 жыл	АИВ-	Ерте кезеңінде –ОРЗ сиптомдары, ЖИТС

Қашан ? (жұқтырғаннан кейін қай уақыт аралығында)	Не ?	Қалай байқалады?
	инфекция, ЖИТС	сатысында – пневмония, ісік, тұрақты саңырауқұлақтар-ашытқы, туберкулез
2 апта – 1 ай	Хламидиоз	Шыны тәріздес аз іріңдеу, сондықтан оларды байқамай қалады

3. Жаттығу “Тәуекел театры”.

Бұл жаттығу тақтада ілінетін алдын ала дайындалған адамдардың картон фигураларын пайдаланумен өткізіледі. Жаттығуды өткізу үшін қағаздан адам фигурасын қию қажет (қыдар мен ұлдар: бір жағы, мысалы, ақ түсті, ал терісі – қызыл).

Бір заманда жас адамдар – Дина мен Тима өмір сүрген. Бір кездерде олар кездесіп, бір бірін сүйген. Фигуралар тақтаға бекітіледі.

Оларда ешқашан бұрындар соншалық таза әрі сенімді қатынастар – ондай нағыз махаббат болмаған.

Өткенде не болғаны олар үшін мағынасы жоқ. Олар кездейсоқ кездесулер, маңызды емес қатынастар болған және де көп емес.

Динада қысқа бір роман болған. Тимада бұрын 2 бойжеткенмен жақын қатынастар болған.

Динаның бұрынғы серігінде бірнеше қыз болған, ол тіптен тұрақты болмаған. Тиманың бұрынғы қыздарының бірі жеңілтек болған. Сол себеппен олар кездесулерін тоқтатқан. Екіншісі оны тастап, басқа қалаға кеткен, және біз онда бұрын қанша серігі болғанын білмейміз.

Егер осы сызбаны әрі қарай кеңейтсе, ондағы бейнелеген адамдар Дина мен Тима - бас кейіпкерлермен кездеспеген де шығар, олар туралы тіптен естімеген де шығар. Неліктен біз оларды еске түсірдік? Себебі олардың біреуі АИВ-жұқтырылған болған (фигураны қызыл жағымен аударды),онымен жақын қатынаста болған әр адам өзі жұқтыруға тәуекел еткен және өз серігіне инфекция жұқтыруға тәуекел еткен (барлық фигуралар қызыл жағымен аударылады).

Сөйтіп, тіпті өте сүйікті әрі жақын адаммен қорғалмаған сексуалды қатынастарға түсе отырып, біз тәуекел етеміз, себебі бір мезгілде оның алдыңғы барлық серіктерімен қатынас жасаймыз.

Бұл өте маскара көрінеді. Бірақ вирусқа кімше жұқтыру керектігі бәрібір, оған мораль таныс емес.

Одан басқа, сызда көрсетілген адамдардың қайсысы жұқтырылғандығын біз білмейміз. Ондай «тосын сыйлар» кез келген өмір мен махаббатты бұзуы мүмкін .

Бақытымызға, бұл біз ойластырған тарих қана. Бірақ олай кез келгенімізбен бұлуы мүмкін.

4. Рөлдік ойындар.

Төменде келтірілген қойылымдар АИВ және ЖЖЖИ жұқтыру үшін тәуекел факторларын талқылауға тамаша мүмкіндіктер береді. Оқытушы 4 еріктіні шығуын сұрайды және 2 адамнан екі топқа бөледі. Әр жұп бір жағдайдан алады, сосын оны қойып береді. Қалған қатысушылар бақылаушылар болып, рөлдік ойын соңында жағдайды түсіндіреді.

1. Сіздің бір жақсы құрбыңыз оның жігіті белгілі бір уақыт қабылдайтын есірткіні татуды шешеді. Бұл жігіт есірткі қандай тамаша сезім келтіретіндігін айтқан, ол мектептегі, отбасындағы барлық проблеманы ұмытады деген. Сіз қалай жасайсыз? Не ойластырасыз? Құрбыңызға не айтасыз? Не істейсіз?

2. Сіздің жасөспірім досыңыз бір кеште болып, ішімдік ішіп, онда кездестірген әйелмен жыныстық қатынасқа түскендігін мақтанып айтады. Ол осы түннің бүкіл реті есінде еместігін айтады. Осыған ұқсас жағдайлар әр аптаның соңында болып тұрады. Оған сіз не айтасыз?

5. Жаттығу «Төрт бұрыш».

Тақырыпты талқылағаннан кейін әр қатысушыға сексуалдық, ЖЖЖИ және АИВ мәселелеріне өз қатынасын түсіндіру маңызды.

Жаттығуды өткізу үшін жазулары бар 4 тақтайшаны дайындау қажет: «Келісемін», «Келіспеймін», «Білмеймін/сенімді емеспін», «Өзіңнің ерекше пікірің», олар аудитория қабырғаларына ілінеді. Оқытушы ойларды оқиды, сосын қатысушылар олардың көзқарасы көрсетілген тақтайшаға барады. Әр топ өкілдерін олардың көзқарасын негіздеуді сұрайды. Одан әрі қатысушыларға егер пікірлері өзгерсе, басқа топқа өту ұсынылады.

Пікірлер:

- Секс жыныстық актісіз – бұл нағыз секс емес.
- бір тұрақты серігің болса, ЖЖЖИ және АИВ жұқтырмайсың.
- Есірткі тұтынушылар таза инелер мен шприцтерді тегін алуы қажет.
- АИВ-жұқтырылған әйелдің баласы болмау керек.
- Презервативтер жасына қарамастан **БАРЛЫҒЫНА** қол жетімді болуы тиіс.
- ЖИТС проблемалары журналистермен жандандырылады, ал шын мәнінде ол үлкен емес және қоғамның аса мәз емес қоғамына қатысты.
- Бірнеше жыныстық серіктермен қатарынан жыныстық қатынастарға болуға жол беріледі.
- Менің баламның сыныбында бірге АИВ-жұқтырылған оқығанын қаламаймын.

Ой-талқы. Қыздар-жасөспірімдердің жүкті болу белгілері.

Оқытушы жасөспірім қыздар жүктілігі белгілерін атауды сұрайды.

Барлық жауаптар флипчартқа жазылады және сосын бірлесе талқыланады.

Пікір-талас.

Бас кезінде оқушыларға жасөспірім қыз жүкті екеніне күдіктене бастаған кезде алғашқы сезімдері мен ойларын беруге тырысуды ұсыну. «бойжеткен» немесе «жасөспірім» деп тақырыбы аталған оларды бір бағанға атау; сосын қосымша бағандарда басқа қажет ететін тараптар ата-ана, жігіті, құрбысы және т.б.) сезімдерін атау. Әрі қарай пікірталасқа басқа сұрақтар қолданылады: бойжеткен-жасөспірім жүкті болуға уақыт өтуіне қарай қалай әрекет етеді? Оның жүктілікке және оның ағзасында болып жатқан өзгерістерге қатынасы өзгере ме? Ол қандай эмоциялар өктереді? Ол өзін бақытты немесе қайғылы сезіне ме, жүкті болуы мүмкіндігін теріске шығаруға тырыса ма? Осыған оның құбысы сөзбен немесе іспен әрекет етеді? Оның жігітінің әрекеті қалай болады? Жігіті оның басқа біреумен жыныстық байланысы болғаны жөнінде оны айыптап, осы мүмкіндікті теріске шығарғысы келе ме?

Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы: «Жасөспірімдер арасындағы жүктілік. Проблема өзектігі».

Үлгілі мазмұны

Кәмелетке толмаған кезде ана болуы бүгінгі күні Қазақстанда ең өзекті әлеуметтің проблеманың бірі болып табылады. Соңғы кездерде жаңалықтарда криминалмен аяқталған жасөспірім қыздар жүктілігі туралы жиі естуге болады. Бойжеткен-жасөспірім кездейсоқ босанады, ешқасысы, кейде бойжеткенді қосқанда, ол жүкті екендігін білмеген. Олай қалай болуы мүмкін, жүктілік қалай ескерусіз өтуі мүмкін? Осы проблеманы қарастырған кезде, Қазақстандағы ерте ана болудағы тарихи және әлеуметтік аспектілеріне жүгіну қажет. Дәстүрлі қоғамда 14-16 жастағы қазақ бойжеткенге тұрмысқа ерте шығу немесе босану еш айыбы болмайтын. Көптеген тарихтарда 14-16 жаста тұрмысқа шыға отырып, бойжеткендер 20 жасқа таман көп балалы ана болғандығы туралы айтылған. Әрине, өмір ұзақтығы ерте заманда қысқа болғандығын (40-50 жас), медицина жетілмегендігін, соғыстар мен табиғи апаттары мерзімімен даланы жайпап отырғандығын ескеру қажет, сондықтан ерте некелер тек қажет болатын. Қазақ дәстүрін құрмет тұта отырып, жас ана ешқашан көмексіз және қолдаусыз қалмағандығы айта кету керек. Дәстүрлі отбасылық салт оны «үлкен Отбасы» — ерінің жағынан туысқандары қамқорлыққа алуын көздеген.

Кеңес заманында ерте ана болу ең әдепке қайшы айқындамасы деп қарастырылған. Ерте ана болу проблемасын қайта құру және тәуелсіздік кезеңінде Қазақстандық көпшілік отбасының экономикалық жағдайы нашарлауымен, моральдік және өнегелі құндылықтарға немқұрайлы қарауымен, қатыгездік, зорлық-зомбылық, ерте жыныстық қатынастарға түсу насихатына қарай сапасыз ақпараттың қуатты ағыны шиеленістіре түсті.

Шолуға сәйкес жыл сайын әлемде шамамен 13-18 жас аралығында 16 миллиондай қыздар босанады. ҚР статистикасы бойынша Агенттігінің деректері бойынша, 15-19

жастағы босану коэффициенті Қазақстан бойынша 31,04%, қалада 34%, ауылдарда 27% құрайды.

Тұтас алғанда Қазақстан бойынша 2010-жылдан 2014 жыл аралығында 15-18 жастағы бойжеткендер арасында жүкті болу 34 772 жағдайлары тіркелген. 2014 жылда барлығы тіркелгені – 7278, бұл 15 – 18 жастағы жүктілік, оның ішінде 5693 босанумен аяқталды, 1585 – түсік түсірген. ҚР денсаулық сақтау Министрлігінің деректері бойынша жасөспірімдер жүктілігі деңгейі бойынша Оңтүстік Қазақстан облысы алдыңғы қатарда, ресми деректер бойынша, 2014 жылы өңірде 15 тен 18 жас аралығында 1600 босану тіркелген. Сол кезде жасөспірім қыздар арасында 208 түсік түсіру жасалған. Екінші орында – Алматы облысы, 2014 жылы облыста 1274 жүктілік босанумен және кәмелетке толмағандар арасында 118 түсік түсірумен аяқталған. Алматыда 2014 жылы кәмелетке толмағандар арасында бала туылу 206 жағдайы және 46 түсік түсіру тіркелген.

Кәмелетке толмаған жаста түсік түсіру салдары ересек өмірде білінеді. Репродуктивтік жастағы әйелдермен салыстырғанда, жасөспірімдер арасында түсіктен кейін шиеленісулер 2–2,5 есе жоғары, ал ана өлімі 5–8 есе жоғары. Алғашқы жүктіліктегі түсіктің ең таралған әрі ауыр шиеленісуі – бедеулік, ол 96% кездеседі. Статистикалық деректер бойынша, 2010-жылдан 2014 жыл аралығында 15 жастағы жүкті қызда медициналық түсік салдыранан қайтыс болумен аяқталған бір жағдай тіркелген, оның себебі жатырдан қан кету болды.

ҚР денсаулық сақтау Министрлігінің деректері бойынша жасөспірімдерде ерте жүктіліктің негізгі себептері ретінде 2014 жылы қыз зорлау деп көрсетілген. Сонымен бірге сексуалды тежеулігін, тәртіпсіздікті қоса алғанда, патологиялық мінез-құлық реакциялары және психикалық бұзылулары бар қыздар жүкті болып қалады. Одан басқа, ерте жүктілік жиі қараусыз қалған жасөспірім қыздарда, сондай-ақ, ата-анасының бақылауынсыз қалған қыздарда байқалады.

Сөйтіп, жасөспірім қыздар арасында жүкті болу – бұл жан-жақты проблема – ата-ананың, медициналық, қоғамдық. Он үш және он алты жас арасында басталатын жүктілік жасөспірімдер арасында деп аталады.

Жүктіліктің ондай түрі – бұл болашақ нәрестенің дамуы және денсаулығы үшін қауіп қана емес, жас ана үшін өміріне қауіп болып табылады. Жүктілік кезінде ана ағзасы көптеген өзгерістерден өтеді және осыған сәйкес балалалар- жасөспірімдер ағзасында теріс әсерін тигізеді. Осы қазір онда менструалды цикл қалыптасуы, жетілу, репродуктивтік жүйе енді ғана қалыптасуын жалғастыратын, сүйек те осы процесті аяқтамаған кезі. Сондықтан ерте жүктілік немесе жасөспірімдік – бұл аса қауіпті, тек қана шиеленісулер және салдарымен ғана емес, жасөспірімдер ағзасының даму және қалыптасуы.

Ерте жүктіліктің себептері мен алғышарттары алуан түрлі. Және де жас қызды тәртіпсіз және қараңғы деп үнемі айыптай беруге болмайды. Жүктілік бұл жаста серігінің зорлау арқылы немесе мәжбүрлеу факторларымен болуы мүмкін.

1. Негізгі себептердің бірі **жыныстық қатынас туралы білімі жетіспеушілігінде**. Ол тіптен болмауы немесе дұрыс емес болуы мүмкін. Барлық

жыныстық білім үшін жауапкершілік ата-ана мойнында. Көпшілігі өз қызына уақыт таба бермейді және кейде ұялғандықтан, кейде менталитетімізге қарай, ата-ана жай сөзбен жасөспірім кезені ерекшелігі туралы айта бермейді. Оқу орындарында сексуалды білім тіптен жоқ.

2. Жасөспірімдер жүктілігінің екінші себебі– **сексуалды басыбайлығы**. Статистика деректері бойынша тоқсан пайызда жастар жиырма жасқа келгенде некеден тыс сексуалды тәжірибесі бар. Ондай сексуалды тәртіпсіздік әрине есірткі, ішімдік таралуы, эротикалық және порно жарнама таралуына ықпал етеді, интрент желісінде ақпарат қолжетімдігі және сөзсіз жастар және жасөспірімдерге тән бөліну және ерекше болуға қол жеткізу

3. Жасөспірім жүктілігінің үшінші проблемасы – **контрацепция ережелерін білмеуі**. Контрацепцияның түрлері мен әдістері алуан түрлігіне қарамастан әдетте жасөспірімдер оған немқұрайлы қарайды. Мұнда жыныстық тәрбие білімі түсінігі болмауы және дәрігерге баруы не болмаса кісілердің көзінше дәріханада сатып алуы, қаржылық қабілетті болмауы, өз құрбылары алдында келеке етпеу үшін оларды дұрыс пайдаланбау қорқынышы бар.

4. Жасөспірім жүктілігінің төртінші проблемасы – **зорлау**. Бұл терминнің бұл жағдайда сексуалды зорлық қана емес, кеңінен сипаттауға болады. Олардың сексуалды серіктерімен жасөспірім қызды үнемі ұрып соғу, жыныстық актіге мәжбүрлеу – бұл жасөспірім жасында күш көрсету белгісіне жатады. Олардың алғышарттары әлеуметтік қамқорсыздық және отбасындағы күш көрсету деректері және де ата аналармен эмоциялық байланыс болмауы. Жиі кәмелетке толмаған аналар ретінде әлеуметтік және материалдық жағынан қолайсыз отбасынан, яғни аз қамтылған, толық емес, тәртіпсіз өмір салтын жүргізетін, ішімдік ішетін және интернат мекемелерде тәрбиеленген қыздар болып табылады.

5. Жасөспірім жүктілігінің тағы бір проблемасы – **әлеуметтік-экономикалық жағдайы**.

Статистикалық деректерге сәйкес осы патологияның көп пайызы әлеуметтік-экономикалық жағдайы төмен елдерде болады. Көбінесе жас кездегі жүктілік бұл елдерде бала туылғаннан кейін қаржылық жәрдемақы алу мүмкіндігіне жол ашады. Ерте жаста қыздарға түскен проблемаларды жеңу оңай емес. Олардың біреулері күйзеліске түседі, басқасы өз бетімен шешілуі мүмкін «ғажайыпты» күтеді, үшіншілері түсік түсіруге немесе өз өзіне қол жұмсауға итермелейді. Кәмелетке толмаған аналар арасында жасөспірімдерге қарағанда суицидтер 7 есе жиі кездеседі. Ерте жүктіліктен қыздар білім алудан бас тартып, мансап құрудан қалыс қалып, мектепті тастауға мәжбүрлейді. Көбінесе білімсіз қалып, жұмысқа орналасуына қиындықтар туындайды. Көпшілік жас аналар кедей тұрады. Кәмелетке толмаған ана болудың жағымсыз салдары әлеуметтік оқшаулау болып табылады. Жас әйелдер «аморальдік», «пассивті», «тәуелді», «жауапсыз» ретінде стигматталады, оларға жағымсыз жағынан келтіріп, «кішкене ана» атағын береді (бойжеткен уақытымен емес босанады және ана болу рөлін білмейді). Кәмелетке толмаған аналарға девиант

атағын береді: «*етегіне салып алып келді*», «*жүріс жүрді*», «*кішкентай жастағы қыз босанды*», «*жүкті жас қыз*», «*кәмелетке толмаған ана*», «*ерте*» және т.б.

Кәмелетке толмаған аналар көбінесе өз ата аналары мен туысқандарынан түсіністік және көмек ала алмайды. Оның орнына отбасы мүшелері жүкті болып қалған қызды сөз қылып, оның баласын қабылдаудан бас тартады және отбасынан оны алшақтату қаупін тудыртады. Ата ана қолдауынсыз қыздар іс жүзінде өмір сүру шегінде қалады: оларда қарапайым тұратын жағдайы, тамағы және күнделікті ақшасы болмайды. Және осының барлығы бала әкесінің жоғалуы немесе сәтсіз бірге тұруынан кейінгі күшті күйзеліске келтіреді. Отбасы сөз қылу қорқынышынан қыздар үйден қашып, туылған баланы нәресте үйлерінде қалдырады, кейде тіпті қажет емес жүктіліктен заңсыз түсік түсіру арқылы арылғысы келеді, - бұл денсаулығын нашарлатады, кейде тіпті өлімге келтіреді. Осындай операциядан кейін жарақаттан кейінгі стресс, күйзеліс басталады және әлеуметтік қызметкер, психолог сияқты бөгде адамның бұл жағдайда көмегі аса қажет болушы еді.

Достарынан оқшаулау, жалғыздық – кәмелетке толмаған аналардың тағы бір проблемасы. Кәмелетке толмаған ананың аралсу шеңбері тарылады. Тіпті құрбылары арасында сөз болмаған күнде олар жасөспірім анаға мүмкін емес әдетке айналған өз өмір салтын жүргізуін жалғастырады. Құрбыларымен достық қатынасы болмауынан олар балаларына дұрыс қарамай не болмаса бас тартуға, олардың күйзелісіне келтіруге, отбасы қатынастарын үзуіне және тіпті суицидпен аяқталуына себеп болады.

Жиі жасөспірім ана жасырын жетімдікті туындатып, өз баласына немқұрайлы қарайды. Жас ананың қиын жағдайы құқықтық қорғалмауымен, заңнамадағы ана болған кәмелетке толмаған қыздар құқықтарына қатысты бөлігінің жетілмеуінен шиеленісе түседі. Осы жағдай туылған бала тағдырын анықтауда шешуші болады. Оларда баланы қалыпты тәрбиелеуге жағдайы, үйі болмауы, туысқандарынан қолдау болмауы жас ананы әлеуметтік жетімдікке келтіретін баладан бас тартуға итермелейді. Осы жерде мемлекеттік қолдауы қажет, яғни қиын жағдайға түскен жасөспірім ана өзін елден қуылған деп сезінбеу үшін, ал баласы ондай отбасында туылып, толыққанды қамқорлық және махаббатты алу үшін қажет. Соңғы жылдары Қазақстанда «ана үйі» кризистік орталықтар дамуда, олар қиын жағдайда қалған омыраудағы баласы бар әйелдерге қолдау көрсетеді

Жасөспірім кездегі жүктілік белгілері стандартты:

- менструацияның себепсіз кідіруі немесе бөлінетін заттардың күрт азаюы;
- сүт безі ауруы және ұлғаюы;
- жүрек айну, құсу, өткір иісті жақтырмауы;
- Жиі зәр шығаруы;
- Асқа тәбеті өзгеруі, аса жоғары немесе аса төмен;
- Көңіл күйі өзгеруі, жылағысы келуі, тітіркенуі;
- Салмағы қосылуы, іші ұлғаюы;
- Жамбасы кеңеюі;
- Ұйқысы келуі, әлжуаздық, үнемі шаршауы;
- Бетінде қоңыр дақтар пайда болуы;
- Беті, аяқ-қолдарда және табанындағы ісіктер.

Жасөспірімдерде сонымен бірге ересектерде сияқты олар қорғалмаған секспен айналысса жүктілік басталады. Бірақ жасөспірім қыздар дұрыс ақпарат болмауынан жүктілік белгілері үнемі түсіне бермейді.

Жыныстық жетілу кезеңін жасөспірімдер өзінің жүктілік белгілерін білмей қалады, себебі бұл кезде менструальді циклі әлі орнықпаған, салмағы артуы, бойы өсуі байқалады. Салмағы аз жасөспірім қыздарда жүктілікті жеті ай кезінде ғана байқауға болады. Көптеген жасөспірімдер өз жүктілік дерегін теріске шығарып, өздерін тым жас санап, оны мойындағысы келмейді

Жасөспірімдердің жүктілігі туралы мифтерге жеке тоқталамыз .

Сексуалды жағынан өзінің хабардар болмауынан жасөспірімдер сенетін бірқатар адасушылықтар және мифтер бар:

- **Алғашқы жыныстық актісінен кейін немесе сирек жыныстық қатынастар болған кезде бірден жүкті болу мүмкін емес.** Бұл жағдайда жүктілік кез келген мөлшердегі жыныстық актіде, егер ол овуляция кезінде жасалған болса басталуы мүмкін. Жүктілік жыныстық актілер санына және олардың жиілігіне байланысты емес.

- **Он сегіз жасқа дейін жүкті болу мүмкін емес.** Жүктілік үшін жас та, жас ерекшелігі де маңызды емес. Әдетте жасөспірім кезінде жұмыртқа жасушасы жетілуі айлық цикл басталуына дейін екі апта бұрын жүреді, сондықтан жүкті болу толық мүмкін.

- **Тұрған жағдайда жыныстық қатынас кезінде жүкті болу мүмкін емес.** Бұл жағдайда тұрысы және де жасы немесе жыныстық актілер жиілігі жүктілік басталуына ықпал етпейді. Қыздың денесі қандай жағдайда болса да сперматозоидтар белсенді жұмыртқа жасушасына жылжиды.

- **Етеккір келгеннен кейін бірден жүкті болу мүмкін емес.** Жасөспірім кезінде қыздарда менструальді цикл әлі орнықпағандықтан ретсіз сипатта және жүктілік қауіптілігі менструальді циклдің кез келген күнінде қалады.

- **Жүктілікті жыныстық қатынастан кейін бірден шайып жіберу арқылы болдырмауға болады.** Шайып жіберу бұл гигиеналық процедура екенін білу қажет, бұл кезде жүкті болып қалу 100 пайызға сақталады.

Жүкті бойжеткенде қалыптасқан жағдайда үш негізгі бар:

- бала көтеру, босану және өсіру;
- бала көтеру және оны асырап алатын ата-анаға немесе мемлекетке тапсыру;
- медициналық мекемеде қауіпсіз түсік жасап, жүктілікті үзу.

Жүктілік сақталу немесе ұзу проблемасы жасөспірім қыздың алдында ғана емес, оның жыныстық серіктесі және ата анасы алдында да тұр. Бұл сұраққа бірден жауап беру мүмкін емес. Жүктілікті ұзу және босану теріс салдары мүмкіндігімен әртүрлі шиеленісу және қауіптіліктер тәуекелін жоғары деңгейде ұстайды.

Өз бетімен жасалатын түсік түсіру (түсіп қалу).

Жасөспірім қызда жүктіліктің соңы (ересек әйелге қарағанда) өз бетімен жасалатын түсік болуы мүмкін, бұл әдетте алғашқы 12 аптада жүреді. Бұл жасөспірімнің организмі жүктілікке физиологиялық дайын емес болуынан. Ондағы шиеленісу – қан ағу, күшті тартылыс аурулары, әйелдердің жыныстық ортасындағы аурулар және де өзінің жүкті екенін білмейтін қыз үшін абыржу сезімі.

Жасанды түсік түсіру (жүктілікті ұзу)

Жүктілікті жасанды ұзу кезінде бір артықшылық бар – жүктілік болмаса проблема жоқ. Жиі жасөспірім қыздар ата ана, жыныстық серіктесі, мұғалімдер және тіпті дәрігерлер тарапынан үлкен қысымшылық бар, сондықтан да олардың түсік жасауға ғана таңдауы бар. Жасөспірімдер медиктер және ересектер жағынан алдын ала теріс әрекетін көреді. Осы себептермен әдетте олар қандай да бір шара қолданбас бұрын күтумен болады, бұл жердегі кеңес – неғұрлым ерте болса, соғұрлым дұрыс, себебі ықтимал шиеленісулер тәуекелі төмендейді.

Жасөспірімдер денсаулығы үшін түсік салдары, процедуралары және заңнамасы туралы аз хабардар, ондай жағдайда қайда баруын білмейді.

Жас кезінде жүктілікті жасанды ұзу қауіптілігі неден тұрады.

Жатыр тесілуі (перфорация) немесе жатырда ұрықтану жұмыртқасы қалдықтарының кідіруі жоғары. Бұл жыныстық органдар жетілмеуі және қыздың бүкіл жыныстық жүйесі жетілмеуімен байланысты?

1. менструальді циклдің бұзылуы. Егер ересек жастағы әйелдерде менструальді циклі екі-төрт айда босанғаннан кейін қалпына келсе, жасөспірім қыздарда бір жылға немесе бір жарым жылға дейін созылуы мүмкін ;
2. Жатыр түтікшесі жарақаттану қаупі жоғары (жатырдан шығатын түтікшелер айналасы), ал бұл әрі қарай бедеулікке және жабысуға келтіреді;
3. Ішкі жыныстық органдарда ауру процестері туындап, нәтижесінде бедеулік туындайды;
4. Жүйке және эндокринді жүйе функциялары бұзылып, одан кейін иммунды жүйесі күрт әлсіреуі, гормональді проблемалар туындауы мүмкін.

5. Психологиялық жарақат, қыз психикасын бұзылуы, күйзелісі туындауы мүмкін, ал бұл өмір бойы қалып қоюы мүмкін;
6. Кейіннен жүкті болу көтере алмаумен аяқталуы мүмкін (өз бетімен жасалатын түсіктер).

Бала туылуы/тәрбиелеуі.

Медициналық тұрғыда жасөспірім жүктілігі үшін табиғи жолмен босану рұқсаты болады.

Алайда, жасөспірім кезінде баланың туылу процесі жаралы болып табылады және бойжеткен әдетте ерте жаста ана болуға дайын емес. Егер бала мерзімінен бұрын туса, немесе мерзімінде туылса, бірақ салмағы аз болса, оған ерекше күтім қажет, ал жасөспірім оған дайын емес. Жас анаға сенімді болу үшін уақыт қажет және басқа жақтан қолдау қажет. Кей жасөспірім қыздарға, әсіресе олар некеде болса және бір біріне көмектесетін тату үлкен отбасында тұрып жатса, балаға күтімі де сәтті болады.

Жаңа туылған баланы омыраумен емізу – бұл жасөспірім қыздың босануынан кейінгі туындайтын тағы бір проблема. Әдетте жас аналар омыраумен емізуге қабілетті емес және олар жасанды қоспамен баланы тамақтандыруға тура келеді. Омыраумен емізу әдетте сүт жетіспеушілігінен болуы мүмкін.

Бала туылғаннан кейін тұлғаның дамуы шектеулі. Қыздар мектепті тастап, олар болашақта жұмысқа орналасу проблемасы туындап және толыққанды шығармашылық өмір сүру мүмкіндігі болмай қалады. Кейде ондай жағдай балаға қатысты жағымсыз сезімді туындатады. Егер бала ата-ананың біреуімен немесе әлі жасөспірім ата-анамен қалуы ол бала қажетті психологиялық және әлеуметтік қолдаусыз өсуі мүмкін.

Жасөспірімнен туылған балалар жиі тастанды болады немесе жас ана отбасынан жүктілігін жасыруға мүмкін болса, өз баласын өлтіруі де мүмкін – бұл ауыр психологиялық проблемаларды туындатады.

Бірақ кез келген жағдайда баланың туылуы әр отбасы үшін қуанышты жағдай екендігін ұмытпау қажет, егер жүкті жасөспірім қыз және оның отбасы баланы қалдыруға шешсе, онда жүктілік қолайлы өтуіне назар аудару қажет, бұл болашақ жас ана мен бала үшін қажет емес зардаптар тәуекелін төмендетеді..

Айтылғаннан қорытынды жасауға болады, жасөспірім кезінде жүктілік медициналық қана емес, сонымен бірге әлеуметтік проблема.

Жасөспірімдердің сексуалды және репродуктивтік денсаулығын нығайту және жасөспірім кезінде ана өлімін және жүктілік кезінде олардың балаларының өлімі жағдайларын болдырмас үшін не жасау қажет?

Жасөспірімдерге ұсыну қажет:

- ақпаратыт, соның ішінде жан жақты сексуалды білім;
- сексуалды және репродуктивтік денсаулық сақтау қызметтеріне толық көлемде қолжетімдік, презервативтерді, басқа контрацепцияларды қоса алғанда, қалған жағдайларда басқа шаралар, АИВ; және басқа жыныстық жолмен жұқтырылатын инфекцияларға қатысты емдеу және күту шаралары,
- қауіпсіз жағдайлар, қолдау, пайдаланудың болмауы және қатаң қатынас болмауы.

Рөлдік ойын.

Оқытушы оқушыларға рөлдік ойындарда әсіресе жасөспірімдер жүктілік және үзілуімен байланысты ұшырасатын екі немесе үш жағдайды көрсетуді ұсынады. Ойын кезінде үлкен емес қойылымдар мысалында жағдайлар реттілігін жасау қажеттігіне назар аудау қажет. Бірнеше ситуацияны ұсынуға болады: бойжеткенмен дауға түскен ана, ол бірдеңе болғандығына күдіктенеді, себебі қызы (ол жөнінде жүкті деп ойлайды) таңертең кезде жүрегі айнып немесе ол ерекше абыржу күйінде көрінеді, анасы қызына ашулы (басқа сезімдер білдіруімен қатар). Бірақ әкесіне жүктілік туралы айтқан кезде қызының жағына тұрады, ана мен қызы (әкесі де болуы мүмкін) дәрігерге/оқытушыға/психологқа барады.

1. Ой-талқы. Отбасын жоспарлау деген не?

Оқытушы оқушыларға сұрақ қояды –отбасын жоспарлау деген не?

Барлық жауаптар флипчартқа жазылып, сосын оқушылармен бірге талқыланады және оқытушы отбасы жоспарлану түсінігін береді.

2. Топтық жұмыс. Контрацепцияның қазіргі әдістері.

Оқытушы оқушыларды төрт топқа бөледі және топтың бір өкіліне келуін сұрайды. Контрацепцияның белгілі бір әдісі көрсетілген алдын ала дайындалған картаның бірін таңдау қажет (кедергі келтіретін, гормональді, ВМС және шұғыл контрацепция). Әр топ таңдалған әдіс бойынша жауапты талқылауы және дайындауы тиіс.

Әр командадан топтың бір өкілі топтық жұмыс нәтижелерін көрсетеді, қалғандары толықтырады. Оқытушы қорытынды жасап, әр әдіс туралы қысқа ақпарат береді.

3. Мультимедиялық ұсыныммен бірге жүретін оқытушының шағын дәрісі, тақырыбы: «Отбасын жоспарлау, жасөспірімдерге арналған контрацепцияның қазіргі әдістері».

Үлгілі мазмұны

Репродуктивтік денсаулық сақтаудың маңызды проблемасы жасөспірім кездегі жүктілік болып табылады, Қазақстанда оған орташа көрсеткіштер қатарына жатқызылады. Сонымен қатар бойжеткендер мен бозбалалар контрацепцияны үнемі

пайдаланбайды немесе толық әрі дұрыс ақпараты болмағандықтан пайдалануға қорқады.

Негізінен жасөспірімдер контрацепцияның кез келген әдісін қолдана алады және оған қатысты таңдауы еркін болуы тиіс. Контрацепция әдістеріне қолжетімдікке жас ерекшелігі кедергі болмауы керек. контрацепция әдістерін таңдау және пайдалануға жасөспірімдер арасында ретсіз сипаттағы жыныстық өмір жағдайлары және де айналадан сексуалды қатынастар болу керегін жасыруы ықпал етеді. Мысал үшін некеде жоқ сексуалды белсенді жасөспірімдердің контрацептивтік қажеттіліктері алғашқы жүктілік басталу мерзімін кейінге қалдырғысы келетін, босану арасында белгілі бір уақыт аралығын белгілеу немесе отбасындағы балалар санын шектегісі келетін кәмелетке толмаған ерлі зайыптыларға тән қажеттіліктерден елеулі айырмашылығы бар

Отбасын жоспарлау - бұл келесі міндеттерді шешуде ерлі зайыптылар жұбына ықпал ету мақсаты бар, әйелдер мен балалар денсаулығын сақтау және ауруды төмендетуге бағытталған шаралар кешені:

- 1) қажет емес жүктілікті болдырмау
- 2) жүктілік арасындағы интервалды реттеу
- 3) қажет балалар саны болуы
- 4) жүктілік қолайлы өтуіне және сау бала туылуына ықпал ету

Бұл Міндеттер келесі әдістермен шешіледі:

- 1) бала көтеруге қарсы дәл келетін құралдарды таңдау
- 2) бедеулікті емдеу
- 3) жүктілікті көтере алмауды емдеу

Басқаша айтқанда, отбасын жоспарлау – бұл кездейсоқ емес қалаған балалар.

Отбасын жоспарлау кезінде бала туылу үшін әйелдің жасын анықтау аса маңызды. 20 жасқа дейінгі туылатын әйелдер жүктілік босану кезеңінде және одан кейін шиеленісулер туындауына қатысты қауіп тобын құрайды. 35 жастан кейінгі әйелдер босану кезінде генетикалық ауытқушылықтармен бала туылу қаупін арттырады. (мысалы, Даун синдромы).

Отбасын жоспарлау ана өлімін төмендетуге маңызды, олардың себебінің біреуі заңсыз жасанды түсік түсіру болып табылады. Жасанды түсік түсіру арқылы жүктілікті ұзу жиі әйелдің репродуктивтік денсаулығына орны толма зиян келтіреді. Зерттеулер көрсеткендей, 16 жастан жас әйелдерде алғашқы жүктілік түсікпен аяқталса, онда кейіннен сәтсіз екінші жүктілік райызы жоғары ((өз бетімен түсік түсіру, алдын ала босану).

Балалар денсаулығы балалар өлімі де ана жасына және бала туылу арасында интервалдарға тығыз байланысты. Бір жылдан кем интервал арасындағы өлім аса жоғары.

Контрацепция - бұл репродуктивтік жастағы әйелдерде жүктілікті ескерту әдісі. Контрацепция әдісін таңдау – күрделі міндет, сондықтан контрацепция әдісін таңдаумен дәрігер айналысады. Жасөспірімдерге ұсынылатын контрацепциялық құралдар оларға қойылатын талаптарға жауап беруі тиіс.

Жасөспірімдер контрацепциясының принциптері:

1. Жоғары тиімділігі (сенімділік) .
2. Контрацепциялар қолжетімдігі (дәріханаларда болуы, баға қолжетімдігі пайдалану қарапайымдылығы және қолайлығы).
3. Қауіпсіздік (денсаулық үшін зиянсыздығымен анықталады).
4. Қалпына келуі (әдіс жойылғаннан кейін жүктілік әдістерін қалпына келтіру).
5. Жеке көзқарас (ауру болуы және қарсы көрсеткіштер, әлеуметтік факторларды, жоспарларды жасөспірімнің контрацепцияға қатынасы, зиянды әдеттерді есепке алуды көздейді).

Контрацептивтер жіктелуі.

1. Кедергілер әдісі: презервативтер, қалпақшалар, диафрагмалар, спермицидтер (химиялық құралдар – тығындәрілер, дәрілер, жыныстық қатынас алдында қынапқа енгізілетін кремдер).
2. Гормональді әдіс: бала көтеруге қарсы дәрілер, инъекциялар, пластырлер, гормональді жатыр іші жүйелері (ВМС), импланттар.
3. Шұғыл контрацепция.
4. Жатыр ішілік құралдар (ВМС).
5. Хирургиялық стернемесезация

Контрацепция таңдау кезінде маңызды ақпарат ретінде әдісті қолдану ережелерін қатаң сақтау және қосымша нәтижелер болып табылады. Бірнеше жыныстық серіктер болған жағдайда, ЖЖЖИ қауіптілігі туралы және олардың профилактикасы туралы еске сақтауыңыз қажет. Сонымен бірге контрацептивтер таңдау кезінде препарат қол жетімдігі және құнының маңызы зор.

Жасөспірімдер үшін ең оңтайлы әрі ақталған құралдары ретінде презервативтер және аралас ауыз арқылы контрацептивтер (бала көтеруге қарсы дәрілер болып табылады). ЖЖЖИ жұқтыру мүмкіндігін және жыныстық жетілу кезінде қыздың

репродуктивтік жүйесі жай күйінің ерекшеліктерін назарға ала отырып реттелген жыныстық өмір немесе емдік мақсатпен бір мезгілде екі әдісті қолдануға болады (дәрілер + презерватив). Бұл екі еселі голандылық әдіс деп аталады. Аралас препараттардың арасынан нақты препаратты таңдап, жасөспірімдер үшін қазіргі заманғы микро мөлшерлі бала көтеруге қарсы дәрілер болуы жөнінде еске сақтау қажет.

Контрацептивтердің кейбір әдістерін қарастырамыз.

Жас адамдарға ең алдымен – ұстамдылықты ұсынады. Бұл шешім жетілген жасқа дейін жыныстық қатынасқа түспеу және осымен әрі қарай ұстануды білдіреді. Қажет емес жүктілікті болдырмауда ұстамдық тиімділігі – 1--%, жұптар үнемі жыныстық қатынастардан шын мәнінде алшақтаған кезде.

Жастар арасында үзілген жыныстық акті таралған, ол жас адам ұрық атылуы басталған кезге дейін қыз денесінен өз жыныстық мүшесін алған кезде жүреді. Үзілген жыныстық қатынас – бұл оргазм басталу уақытын нақты анықтай алмайтын жігіттерге арналған ең жақсы әдіс.

ЕРЛЕР ПРЕЗЕРВАТИВИ

Бұл не?

Ерлер презервативі -бұл жұқа қабыршақ жиі жыныс мүшесіне киілетін латекстен жасалады (кейбір презервативтер полиуретаннан, ал кейбіреуі қой ішегінен жасалады).

Оны қалай қолданады?

Сапалы презервативтер беріл латекстен жасалады және арнайы зертханалық сынақтан өтеді. Зертханалық зерттеулер көрсеткендей, сапалы латекс презервативтері микроорганизмдерге, соның ішінде АИВ кедергісі ретінде қызмет атқарады.

Май негізіндегі майлағыш заттар латексті бұзады және презерватив жарылуына келтіреді, сондықтан су негізіндегі майлағыш пайдаланған дұрыс.

Презервативтің ұшындағы ауа болуы жыныстық қатынас кезінде оның жарылуына келтіруі мүмкін.

Презервативті пайдалану ережелері:

- Презервативті сатып алу кезінде жарамдылық мерзіміне және қорап бүтіндігіне назар аударыңыздар.
- Презервативтерді сақталу талаптары бар жерлерде сатып алыңыздар (бұл салқын, құрғақ және қараңғы жер болуы тиіс).
- Презервативті зақымдамауға тырысып қолмен қорапты абайлап ашыңыздар (тіспен, тырнақпен, қайшымен ашуға болмайды).
- Презервативті қоздырылған жыныс мүшесіне кигізіңіздер. Майланған жағы сырттан болуы тиіс. Презервативтің сыртқы жағы су негізінде майланған.
- Сперма қабылдағышта ауа болмауын қадағалаңыздар. Бұл үшін презерватив ұшын кию алдында екі саусақпен қысыңыздар.
- Презерватив жыныстық мүшенің ұзына бойы жабуы тиіс

- Ұрық атылғаннан кейін бірден (жыныстық мүше қозуы сақталған кезде) Сжыныс мүшесін презерватив жиегін ұстап тұрып қынаптан алып шығу қаже. Серігіңізге ішіндегісін төгіп алмаңыз.
- Пайдаланылған презервативті түбінен балйап қағазға орап қоқыс ыдысына лақтырыңыз .

Ол қаншалықты тиімді?

Ерлер презервативі жүктілік және ЖЖЖИ егер оны жыныстық қатынас кезінде дұрыс пайдаланса тиімді қорғайды.

Оны пайдалану артықшылықтары қандай?

- АИВ және басқа ЖЖЖИ қарсы қорғайды
- Рецептсіз сатып алу үшін қолжетімді
- Гормональді қосымша нәтижелері жоқ

Қандай қосымша нәтижелер болуы мүмкін?

Презерватив кейде аллергиялық реакцияны туындатады (немесе латекс немесе сперматозоидтарды бұзатын майлағыш зат).

Жасөспірім осы әдісті таңдай отырып нені басшылық етеді?

Ерлер презервативтері жасөспірімдер үшін таңдаудың алғашқы әдісі болып табылады, себебі ол ЖЖЖИ және қажет емес жүктіліктен қорғайды, рецептсіз қолжетімді. Бірақ презервативті дұрыс қолдану үшін дағдыларды дамыту және пайдалану туралы серіктесті ақпараттандыру қажет.

ӘЙЕЛДЕР ПРЕЗЕРВАТИВИ/ҚАЛПАҚША

бұл не?

Әйелдер презервативі -бұл қынапқа кигізілетін полиуретаннан жасалған қалпақша.

Олар қалай әрекет етеді?

Әйелдер презервативі жатырға ұрық сұйықтығы түсуін ұстап тұрады. Презерватив қынапқа тікелей жыныстық акті алдында кіргізіледі. Презерватив/қалпақша ұшында кішкене пластик сақина оның сол жерге бекітілуі үшін жатыр мойнында салынажысте. Жыныстық актіден кейін қалпақша ұқыпты сыртқа шығарылады.

Олар қаншалықты тиімді?

Әйелдер презервативі жүктілікті тиімді болдырмайды және егер оны дұрыс қолданса көптеген ЖЖЖИ сақтайды. Алайда, әйелдер презервативі ерлер презервативі сияқты жүктіліктен сақтанудан соншалықты тиімді емес, себебі пайдаланудың белгілі бір дағдылары болуы тиіс.

Оларды пайдаланудағы артықшылықтары қандай?

- ✚ АИВ инфекциясынан және басқа ЖЖЖИ қорғайды
- ✚ Әйелге жүктіліктен және ЖЖЖИ-нан сақтану үшін осы әдісті әйелдің өзіне мүмкіндік береді
- ✚ Рецептсіз сатып алуға болады
- ✚ үнемі қолданылатын контрацептивтік құралды қажет етпейтіндер үшін тамаша

әдіс болып табылады

- ✚ қосымша гормоналді әрекеттері жоқ
- ✚ ішінен лубрикантпен майланған және ол латекс емес (кей ерлер презервативі сияқты) полиуретаннан жасалғандықтан а сонымен бірге су негізінде немесе онымен бірге май негізінде жасалған майлағыш зат ретінде пайдалануға болады.

Оларды пайдалануда қандай кемшіліктер бар ?

- ✚ кей жерлерде оған жеткізу қиын
- ✚ ерлер презервативіне қарағанда қымбаттау
- ✚ нәтижеге жету үшін пайдалануында кей дағдылар болуы тиіс

Қандай қосымша әрекеттер болуы мүмкін?

ЖОҚ ешқандай қосымша әрекеттерсіз

Осы әдісті таңдамас бұрын жеткіншектер немен басшылық етуі тиіс?

Әйелдер презервативі жасөспірімдер үшін отбасы жоспарлаудың жақсы әдісі болып табылады, себебі олар ЖЖЖИ және қажет емес жүктіліктен сақтайды , рецептісіз қол жетімді. Бірақ әйелдер презервативін дұрыс қолдану үшін оның дағдыларын дамыт қажет және серіктесімен оны пайдалануын келісу қажет .

БАЛА КӨТЕРТПЕЙТІН ДӘРІЛЕР

Бұл не?

Бала көтертпейтін дәрілер -бұл әйел ауыз арқылы қабылдайтын дәрілер.

Олар қалай әрекет етеді?

Дәрілер ай сайын аталық ұрық безден жұмыртқа жасушасы шығуын болдырмайды. Олар сонымен бірге жатырға кіру жерінде қалыңдауы/қоюлануы есебінен сперматозоидтың жатырға кіруіне кедергі келтіреді. Қолдану нұсқаулығына сәйкес, дәрілерді күнделікті қабылдау қажет.

Олар қаншалықты тиімді?

Бала көтертпейтін дәрілер дұрыс қолданған жағдайда қажет емес жүктіліктен 100% сақтайды.

Оларды пайдаланудағы артықшылықтар қандай?

- ✚ Әдетте менструалды циклді реттейді, менструация кезінде қан ағу көлемін төмендетеді
- ✚ Безеу бөртпесін төмендетеді
- ✚ Жыныстық қатынаста ұзу қажет емес
- ✚ Қажет жағдайда оны пайдалануын тоқатуға болады

Оларды пайдаланудың кемшіліктері қандай?

- ✚ Дәрі қабылдауды ұмытуға болмайды оны күнделікті қабылдау қажет
- ✚ ЖЖЖИ-нан сақтамайды
- ✚ кей қосымша әрекеттеркелтіруі мүмкін

Қандай қосымша әрекеттер болуы мүмкін

- ✚ Сүт бездері ауруы мүмкін
- ✚ менструация арасында әлсіз қан ағуы болуы мүмкін, менструация көлемін ұзартады және ұлғайтады, немесе менструацияны уақытша тоқатады
- ✚ көңіл күй түсуі мүмкін

Осы әдісті таңдамас бұрын жеткіншектер немен басшылық етуі тиіс?

Бала көтертпейтін дәрілер жастар үшін дәл келетін және қауіпсіз әдіс болып саналады. Жасөспірімдер арасында басқа жасқа қарағанда ауыз арқылы қабылданатын контрацептивтік құралдарды қолданудан бас тарту көрсеткіші жоғары. Жоғары көрсеткіштің бірінші себебі –бұл жас әйелдер дәріні күнделікті қабылдауды ұмытып кетеді немесе ретсіз/уақытымен емес қабылдайды. Дәрілерді бір уақытта қабылдау туралы еске түсіретін мүмкіндіктерді пайдалану қажет(телефон арқылы ескерту, т.б.).

ИНЪЕКЦИЯЛАРДАҒЫ КОНТРАЦЕПТИВТІК ҚҰРАЛДАР

Бұл не?

Инъекциялардағы контрацептивтік құралдар (мысалы, Депо-Провера, Нористерат)- әйелдердің бұл иық алдына немесе бөксесіне енгізілетін бала көтертпейтін құралдар.

Олар қалай әрекет етеді?

Инъекциялардағы контрацептивтік құралдар әр айда аталық безден жұмыртқа жасушасын шығуын болдырмайды. Олар сонымен бірге жатырға кіру жерінде қалыңдауы/қоюлануы есебінен сперматозоидтың жатырға кіруіне кедергі келтіреді. Қолдану нұсқаулығына сәйкес, әйелдер инъекция Депо-Провераны әр үш айда және инъекция Нористератаны әр екі айда алуы қажет.

Олар қаншалықты тиімді?

Инъекциялардағы контрацептивтік құралдар контрацепцияның ең тиімді әдістері болып табылады және 100% құрайды.

Оларды пайдаланудағы артықшылықтар қандай?

- ✚ Жыныстық қатынасты ұзу қажеттігі жоқ
- ✚ Оны қолдану жөнінде ешкім білмейді
- ✚ Күнделікті қабылдау туралы еске түсіру қажеттігі жоқ

Оларды пайдаланудың кемшіліктері қандай?

- ✚ Инъекция қолдануы тоқтағаннан кейін жүктілік басталуын кідіртуі мүмкін (6-12 ай бойы)
- ✚ менструалды циклде өзгерістерге ұшыратады, мысалы слабое кровотечение между менструациялар арасында баяу қан ағу, менструация кезінде бөлінетін қан көлемі ұзарады немесе ұлғаяды, немесе менструация тіптен тоқтайды.
- ✚ Әр үш ай сайын дәрігерге баруды талап етеді
- ✚ ЖЖЖИ-нан сақтамайды
- ✚ Жағымсыз қосымша әрекеттер болдыртады
- ✚ **Қандай қосымша әрекеттер болуы мүмкін?**
- ✚ Бас ауруы
- ✚ Салмақ қосылуы

Осы әдісті таңдамас бұрын жеткіншектер немен басшылық етуі тиіс?

Инъекциялардағы контрацептивтік құралдар жасөспірімдер үшін таңдау әдісі болып табылмайды.

ШҰҒЫЛ КОНТРАЦЕПЦИЯ

Бұл не?

Шұғыл контрацепция, ол сонымен бірге төтенше/өрт келтіретін, «таңертең –дәріден кейін» деп аталады, қажет емес жүктілік болдырмау үшін қолданылуы мүмкін. Егер бойжеткенде қорғалмаған жыныстық акті немесе презерватив жыртылған болса, ол жүктілікті болдырмайтын 72 сағат ішінде түзім бойынша дәрілерді қабылдай алады.

Бұл қалай әрекет етеді?

Шұғыл контрацепция имплантацияны және жатырда ұрықталған жұмыртқа дамуын болдырмайды. Осы дәрілер ұрықтандырылған жұмыртқа ортасына қарсы ортаны жасап, синтетикалық гормондарды білдіреді.

Олар қаншалықты тиімді?

Зерттеулер көрсеткендей, шұғыл контрацепция, егер қорғалмаған секстен кейін 72 сағат ішінде дәрілерді қабылдаса, 75% жүкті болуы мүмкіндігін төмендетеді. Төтенше контрацепция үшін пайдаланылатын екі түр дәрілер бар. Төтенше жағдайдан кейін 48 - 72 сағат ішінде 12 сағат аралықта екі рет бір дәріден қолданылатын дәрілер. Төтенше жағдайдан кейін 5 күн ішінде бір рет қолданылатын дәрілер

артықшылықтар қандай?

Шұғыл контрацепция зорлау немесе бала көтертпейтін дәрілердің механикалық жетіспеушілігі/сәтсіз болған жағдайында жүктілік қаупін төмендетудің жалғыз нұқсасы болып табылады.

кемшіліктері қандай?

- ✚ ЖЖЖИ-нан сақтамайды
- ✚ Жағымсыз қосымша әрекеттер болдыртады
- ✚ **Қандай қосымша әрекеттер болуы мүмкін?**
- ✚ Бас ауруы
- ✚ Бас айналуы
- ✚ Жүрек айнуы, құсуы
- ✚ Іші ауруы мүмкін

Осы әдісті таңдамас бұрын жеткіншектер немен басшылық етуі тиіс?

Шұғыл контрацепция төтенше жағдайларда пайдаланылады. қорғалмаған секстен кейін шұғыл контрацепция неғұрлым жылдам қабылданса, мүмкіндік те, нәтижесі де болады. Шұғыл контрацепция 72 сағ кейін тиімсіз, жылына 2–3 реттен жиі емес қолданылады, себебі менструальді циклін бұзылуына келтіреді.

ЖАТЫР ІШІ ҚҰРАЛЫ (ВМС-ЖІҚ)

Бұл не?

ВМС-бұл шағын құрал/құрылғы, әдетте пластик/пластмасса немесе мыстан жасалады. Дәрігер немесе басқа оқыған медициналық қызметкер ВМС әйел жатырына кіргізеді. Ең көп жиі қолданылатын ВМС, мыстан жасалады, жатырда 10 жыл болуы мүмкін.

ВМС қалай әрекет етеді?

ВМС сперматозоидтың жұмыртқа жасушасымен ұшырасуын кідіртеді.

ВМС қаншалықты тиімді?

ВМС контрацепцияның ең тиімді әдістерінің бірі болып табылады

ВМС артықшылықтары қандай?

- ✚ Жүктіліктен 10 жылдай сақтайды
- ✚ Жыныстық қатынаста ұзу қажет емес
- ✚ Әйелге күнделікті қабылдау туралы ескерту қажет емес

ВМС кемшіліктері қандай?

- ✚ ЖЖЖИ-нан сақтамайды
- ✚ Жамбаста аурулар қаупін арттырады

ВМС қандай қосымша әрекеттер болуы мүмкін?

Менструальді цикл өзгеруі, мысалы менструация арасында баяу қан ағу, менструация күндері артады, күшті қан ағу, немесе менструация кезінде ауырып өту байқалады.

Осы әдісті таңдамас бұрын жеткіншектер немен басшылық етуі тиіс?

ВМС жасөспірім үшін контрацепция таңдау әдісі болып табылмайды. Босанбаған әйелдер 20 жаста ВМС түсіп қалу қаупіне немесе ауырып өтетін менструацияларға ұшырау мүмкін, себебі ВМС жамбаста ісіу қаупін арттырады .

Қажет емес жүктіліктен сақтанудың қандай ең сенімді әдісі бар?

контрацепцияның ең сенімді әдісі (100%) — ұстамдылық (жыныстық өмірден бас тарту).

Гормональді препараттар — 98–99%.

кедергілер — 80–90%, презерватив — 85–98%.

жатыр ішілік спираль — 97–98%.

4. Сабак қорытындысын шығару. «Қорытынды шеңбер».

Барлығы шеңберде отырады. Қолында добы барға айту рұқсат етіледі (немесе басқа үлкен емес зат). Оқытушы біреуге допты лақтырады. Ол сұраққа жауап беруі тиіс: «Бүгін маған ең ұнады?».

Сосын оқытушы оқушылардан алынған жауаптарды қорытындылап, жалпы қорытынды жасайды: ЖЖЖИ-нан сақтанудың ең сенімді әдісі - бұл жетілген жасқа дейін ретсіз жыныстық қатынастардан толық ұстамды болу. Егер сен жүкті болғың келмесе және сексуалдық қатынас кезінде жұқтыруды болдырмас үшін ұстамды болу қажет немесе контрацепция құралдарын пайдалану керектігін еске сақтау қажет.

Сабақ 6.2.

Жауапты іс-қимыл. АИВ және адам құқықтары.

Мақсаты:

Оқушыларда репродуктивтік денсаулық сақтауға, АИВ-мен өмір сүріп жатқан адамдарға толерантты және оң қатынасын сақтауға ықпал ететін жауапты қауіпсіз іс-қимыл дағдыларын қалыптастыру.

Міндеттері:

1. жауапты қауіпсіз іс-қимыл түсінігін ашу.
2. стигма және дискриминация туралы түсінік беру.
3. сексуалды қатынастарға түсуге жауапкершілікті қалыптастыру.
4. АИВ-пен өмір сүріп жатқан адамдар құқықтарымен танысу.
5. Өз және айналадағылар, туысқандары және достары қауіпсіздігіне жауапты қатынасты қалыптастыру.
6. Өз іс-қимылын саналы реттеу қабілетін қалыптастыру.
7. Жыныстық өмір басын саналы шегеру саналы альтернатива, «ЖОҚ» деп айтуға үйрету болып табылуы туралы нануға көмектесу.

Шешуші түсініктер: жауапты қауіпсіз іс-қимыл; толерантты қатынасы; стигма және кемсітушілік; АИВ-пен өмір сүріп жатқан адамдар құқықтары.

Сабақтар өткізу әдістері: Ой-талқы, шағын дәріс, шағын топтарда жұмыс жасау, пікір-талас, шығармашылық тапсырма, рөлдік ойыны, синквейндер құру.

Жабдығы және материалдары: флипчарт (магнит тақтасы); флипчарт қағазы; маркерлер; мультимедиапроектор; даулы мақұлдаулармен 4 парақ; сауалнамалар; «ашық айту парағы»; жағдайлар тақырыптары бар карталар.

Сабақ барысы

1. Оқытушының кіріспе сөзі, онда ол сабақ тақырыбы мен мақсатын хабарлайды.

2. Жаттығу. Менің үміттерім.

Оқытушы оқушылардан осы сабақта не білгілеріңіз келетіндігін сұрайды? Әр оқушы өз үміттерін айтады.

«Үміт гүл шоғы», «үміт кәрзеңкесі» немесе «үміт ағашын» жасауға болады. Бұл үшін оқушылар осы сабақта өз үміттері жазылған әртүрлі стикерлерді ілетін гүл шоғы жиектері, кәрзеңке немесе ағаш жиектері плакатқа салады.

3. «Даулы мақұлданулар» ойыны.

Алдын ала дайындалған 4 парақ, олардың әрбіреуінде келесі мақұлданулардың бірі жазылған: «Мүлдем келісемін», «Келісемін, бірақ ескертпесімен», «Мүлдем келіспеймін», «Білмеймін/сенімді емеспін» - бөлменің 4 жағына бекітіледі.

Оқытушы кезекпен АИВ проблемасымен байланысты даулы мақұлдауларды оқиды. Әр мақұлдау оқылғаннан кейін, оқушылар бірден таралып, олардың көзқарасы көрсетілген парақтарға барып тұру.

Оқушылардан осы мақұлдауды, неліктен таңдағаны жөнінде түсіндіруді сұрайды. Әртүрлі көзқарастарды тындап, оқушылар дәл келетін мақұлданулар таңдай алады және тиісті параққа өтуді сұрайды.

Даулы пікірлер:

1. АИВ бар балалар балалар бақшасына және мектептерге бара алмайды.
2. АИВ-пен өмір сүріп жатқан адамдарды қоғамнан оқшаулау қажет.
3. ұлдар мен ер адамдар АИВ туралы қосымша ақпарат алуды қажет етпейді, оған қыздар мен әйелдер қажет етеді.
4. АИВ-пен өмір сүріп жатқан адамдарды жұмыстан босату қажет емес.

Талқылау:

- осы мәселелер туралы сіздер ойланған кезде сізде қандай сезімдер оянды?
- барлық қатысушылар алдында өз көзқарасын, әсіресе сіз аз адамдар қатарында қалған кезде айту оңай болды ма?
- өз көзқарасыңды өзгерту мүмкін болды ма?

Сосын өткізілген жұмыс қорытындыларын жасау қажет. Бұл үшін оқушыларға осы жаттығу қандай сезімдер туындатқанын айту үшін «ашық айту парақтарын» толтыруын ұсынады.

4. «Ой-талқы». Стигма және кемсітушілік.

Оқытушы оқушыларға «стигма» және «кемсітушілік» деген не екендігін еске түсіру ұсынылады?

Оқушылардың жауаптары:

Стигма – таңба арту: адам қалай да болсын ерекше бөліне бастайды, қалған басқа адамдардан күрделі ерекше көрсеткіші ретінде аса ұлғайтылып, санала басталады.

«Стигма» термині ежелгі грек тілінен адамнан қанда да бір қасиеттің белгілеу үшін салынатын «таңба» деген сөзден шыққан.

Кемсітушілік – нәсілі, ұлты, мемлекеттік қатыстылығы, басым жағдайы белгілері бойынша қандай да бір адамдар, ұйымдар немесе мемлекеттердің құқықтары, артықшылықтары әдейі шектелуі немесе жойылуы.

5. «АИВ кезінде стигма және кемсітушілік» оқытушының шағын дәрісі.

Стигма және кемсітушілік АИВ-пен байланысты тиімді профилактиканы және медициналық күтімді жүргізу жолында маңызды кедергілерді білдіреді.

Кемсітушілікке ұшырау қорқынышы өзінің АИВ-статусын ашық мойындауға адамдарды ұстап қалады. АИВ жұқтырған адамдарға немесе күдіктілерге осы себеппен медициналық-санитариялық қызметтер алуға, тұрғын үй немесе жұмыс жасауға, шетел мемлекетіне кіру кезінде немесе сақтандыру кезінде бас тартылуы мүмкін, олардан достары мен әріптестері теріс айналуы мүмкін. Кей жағдайларда оларды өз отбасынан қуып шығады, олардың жұбайылары ажырасуға дейін барады, күш қолдану немесе өлтіру жағдайлары да белгілі.

АИВ айналасындағы стигма АИВ-дан өз ата аналарының қайтыс болу зардаптарымен күресуге тырысқан балаларының ауыр жағдайына келтіріп келесі ұрпаққа дейін өтеді. Тек қана стигмамен кемсітушілікке соғыс жариялай отырып АИВ жеңуге болады.

